Eliademy (<https://eliademi.com/ru> - СВТес компаниясының платформасы, Финляндия) - кез келген қосымшалармен, онлайн мультимедиамен, бейнелермен, форумдармен, үй тапсырмаларымен, тесттермен және тіпті курсты аяқтауы туралы сертификаттарымен онлайн курстар мен сабақтарды жылдам жасауға мүмкіндік беретін отыз тілде жүзеге асырылатын платформа. Eliademy оқу курстарын, форумдар мен тапсырмаларды құруға және өзгертуге, құжаттармен алмасуға, таңдаулы интернет көздерінен (Slide-share, YouTube, Google Docs және т.б.) материалдарды ендіруге арналған ыңғайлы мүмкіндіктерге толы. Оқытушының да, студенттің де интерфейсі қарапайым және арнайы дағдыларды қажет етпейді. «Электрондық пошта хабарландыруы» мүмкіндігімен курс қатысушылары әрқашан жаңа оқиғаны көреді. Сервисте интерактивті форум арқылы онлайн-сынаптар құру, уақытын белгілей отырып бақылау тапсырмалары мен сауалнамалар құру, оқу күнтізбесі арқылы оқытуды құрылымдауды жүзеге асыру мүмкіндіктері бар. Курстарды ақылы немесе тегін жүргізуге болады (курсты құрушы ақылы курстар құнының 70% алады). Қызмет планшеттер мен смартфондар үшін қол жетімді. Премиум нұсқасында вебинарлар өткізуге, курс әкімшілігі рөлдерін тағайындауға және пайдаланушыларды басқаруға болады. Тегін тіркелу және пайдалану мүмкіндігі бар, премиум нұсқасы айына 10 €. Курсты аяқтағаны туралы электронды тегін сертификат беруге болады.

Moodle (<https://moodle.org/> - негізін қалаушы Мартин Дугимас, Австралия) - бейнеконференциялар, аудио және бейне чаттар, хабарламаларды жаппай жіберу, бірлескен немесе жеке жоба жұмысын ұйымдастыруға арналған құралдар, блогтар, форумдар, семинарлар, электронды портфолио құру (мұғалімдердің бағалары мен пікірлері жазылған күнделік) мүмкіндігі. Көп ресурс тұтынады, көптеген құралдар қолайсыз. Байыпты зерттеуді қажет ететін күрделі интерфейс. Толығымен тегін, бірақ орнатуды қажет етеді (сервер, хостинг және т.б. қажет). Оның MoodleCloud бұлттық сервері бар, бірақ ол тек 50 пайдаланушы үшін тегін.

Canvas (<https://www.canvas.net/> - Instructure компаниясының платформасы, АҚШ) - бағалау және бірлесіп бағалау құралдары, тапсырмалар, тесттер, конференциялар, талқылаулар жүргізу мүмкіндігі бар. Тегін тіркелу және пайдалану.

С.М.Лесин мен Д.А. Махотин Массачусетс пен Гарвард университеттерінің ынтымақтастығымен құрылған коммерциялық емес edX жобасы 1000 нан астам онлайн курсты, сонымен қатар әртүрлі типтегі бағдарламаларды ұсынатындығын атап өткен [3].

Осылайша, қазіргі заманғы ашық білім беру платформалары ірі халықаралық жобалар аясында барлық саладағы мамандардың жалпы кәсіби құзыреттілігін дамыту деңгейінде де, жоғары мамандандырылған мамандарды дайындау қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін де онлайн курстардың кең ауқымын ұсынып отыр.

Осыған байланысты, онлайн курстар тез танымал болуда, бұл негізінен соңғы жылы адамдардың үйде көбірек уақыт өткізуіне байланысты десек те болады. Инфобизнес, йога, аспаздық сабақтары, және тіпті вокал сабақтары – бұрын студиялар мен кабинеттерде оқытылатын нәрселердің барлығы енді ноутбуктің немесе смартфонның экранында қолжетімді.

Қашықтықтан оқытуға мұндай қызығушылық - өз дағдыларын басқалармен бөлісуге дайын адамдар үшін интернетте ақша табу мүмкіндігі. Жеке жаттықтырушылар, диетологтар, маркетингтер, блогерлер және т.б. мамандар өздерінің онлайн сабақтарын жасайды. Бұл қосымша табыс әкеліп қана қоймай, сонымен қатар бизнесіңізді кеңейтіп, басқа облыстардың, қалалардың және елдердің тұрғындарын қамтуға мүмкіндік береді.

Осыған орай, соңғы уақыттарда көптеген мұғалімдер мен оқытушылар да онлайн курстар құрып, оларды дамытып жатыр. Нарық сұранысқа бірден жауап берді: білім беру ресурстары онлайн курстарға тегін қол жетімділікті ашты. Ашық білім беру жүйесі мейлі бастауыш сынып оқушысы болсын, мейлі студент, магистрант, жұмыс істейтін азамат болсын, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де қолайлы. Дегенмен, ұсыныстардың әртүрлі болғанымен «сан сапаға тең емес» екенін түсінуіміз керек.

Онлайн сабақтарды құру және платформада орналастыру үшін сервистік мүмкіндіктер жеткілікті, бірақ мұның барлығы ұйымдастырушылық тұрғыдан оқу қызметінде қаншалықты орынды? Ақпарат алмасудың әртүрлі мүмкіндіктерін және оқытуға арналған әртүрлі цифрлық және мультимедиялық материалдарды пайдалана отырып, онлайн курсты кез келген уақытта, кез келген жерде ұйымдастыруға болады. Онлайн курстарды құру заманауи техникалық жабдықты, жоғары сапалы және жоғары жылдамдықты интернетке қосылу мүмкіндігін талап етеді.

Интернет арқылы оқу – әрине, платформаны пайдаланбай-ақ мүмкін, бірақ оның тиімділігі төмен болады. Сондықтан, онлайн курстардың авторлары, әлбетте, платформаларды пайдаланады.

Г.В. Ившина, О.А. Кашина өздерінің еңбектерінде «Ашық білім беру платформаларының негізгі мақсаттарының бірі - білім беру, тыңдаушылардың көп болуы үшін, ең бастысы – білім беру мазмұнының қолжетімділігі болуы керек», -деп атап көрсеткен [4]. Курсты жобалау кезеңінде бұл мақсатқа жету үшін, курстың аудиториясының қандай болатынын және курсты өту үшін студенттерге курс мазмұнының қаншалықты оңай немесе қиын болатыны туралы ойлану керек. Онлайн курс құрудың нақты анықталған мақсаттары курстың қаншалықты тиімді болғанын анықтауға көмектеседі. Мысалы, сіздің басты мақсатыңыз компанияңыздың брендін жарнамалау болса және курсқа көптеген адамдар жазылса, бірақ курс қиын болғандықтан аз ғана пайызы сертификат алса, онда бұл жағдайда сіз өз мақсатыңызға қол жеткізген боларсыз. Егер курс танымал болып шықса, бірақ оны қай компания жасағанын санаулы ғана студенттер есіне түсірсе, онда үлкен оқу эффектісіне қарамастан, компания курсты жеткілікті тиімді емес деп санауы мүмкін. Демек, онлайн курсты құрастырған кезде бұл курс не үшін жасалып жатқанын басынан бастап шешіп алу өте маңызды.

Есіңізде болсын, әр платформаның жақсы және жаман жақтары бар, бірақ ең маңызды фактор сізсіз. Курсыңыздың сәттілігі - сіз бөлісе алатын мазмұнның сапасына

және өзіңізді қалай нарыққа шығаратыныңызға байланысты болады. Онлайн оқыту индустриясы жылдам қарқынмен дамып келе жатқан қазіргі дәуірде сіз студенттерге қарапайым информатика негіздерінен бастап JavaScript-ке дейін, т.б. кез-келген ақпарат беру арқылы пайда таба аласыз. Онлайн курсты жобалауды бастамас бұрын, автор платформалардың талаптарын зерттеп, белгілі бір платформаны таңдап алуға қатысты шешім қабылдап, содан кейін нақты бір платформа талаптарының айналасында жұмыс істеуі керек деп есептейміз. Яғни, ең жақсы онлайн оқыту платформаларын таңдау – бұл ең маңызды қадам болу керек деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 http://synergy.ru/r/online_programms/
- 2 <https://welcome.stepik.org/ru/course-checklist> Минимальные технические требования к курсам, размещаемым на платформе Stepik [Интернет-ресурс]. URL:
- 3 Лесин С.М., Махотин Д.А., МООС как современная технология организации смешанного обучения: понятие, классификация, структура // Интерактивное образование, No 1 – 2, 2018.
- 4 Ившина Г.В., Кашина О.А., Устюгова В.Н., Архипов Р.Е. Системный подход в инновационном развитии вуза: опыт внедрения электронного обучения в КНИТУ-КАИ // Образовательные технологии и общество. Том: 21, No 2, 2018.

ӘОЖ 347.1

Енбекова Мадина Еркебулановна
«Ұлттық және халықаралық құқық»
кафедрасының 2 курс студенті
«Тұран-Астана» университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.м., аға оқытушы
Акқулов Р.Т.

СЕНІМХАТ

ДОВЕРЕННОСТЬ

POWER OF ATTORNEY

Аннотация. Мақалада азаматтық-құқықтық қатынастарда негізгі құжаттардың бірі болып табылатын «сенімхат» ұғымы қарастырылады. Сенімхат термині әдетте, денсаулық сақтау, бизнес, қаржы немесе басқа заңды мәселелер бойынша бір адамға, екіншісінің атынан әрекет ету құқығын беретін жазбаша рұқсатты білдіреді. Сенімхат өте маңызды құжаттардың бірі болып табылады.

Түйінді сөздер. Сенімхат, жалпы сенімхат, арнайы сенімхат, бас сенімхат, жеке жазбаша құжат.

Аннотация. В статье рассматривается понятие «доверенность», которая является одним из основных документов в гражданско-правовых отношениях. Термин доверенность обычно относится к письменному разрешению по вопросам здравоохранения, бизнеса, финансов или другим юридическим вопросам, дающим право одному лицу действовать от имени другого. Доверенность - один из самых важных документов.

Ключевые слова. Доверенность, разовая доверенность, специальная доверенность, генеральная доверенность, отдельный письменный документ.

Abstract. The article discusses the concept of "power of attorney", which is one of the main documents in civil law relations. The term power of attorney usually refers to a written authorization on health, business, finance, or other legal matters authorizing one person to act on behalf of another. A power of attorney is one of the most important documents.

Keywords. Power of attorney, one-time power of attorney, special power of attorney, general power of attorney, separate written document.

Қазіргі уақытта біздің мемлекетімізде көптеген әртүрлі келісім-шарттар жасалуда, өзіндік сипаттамалары бар мәмілелердің және сенімхаттардың айтарлықтай саны орындалуда. Сенімхат дегеніміз бұл - бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші (сенім білдірілген) адамға берген жазбаша уәкілдігі (ҚР АҚ-ның 167-бабының 1-тармағы). Яғни, сенімхат – өкілдің үшінші тұлғалардың алдында мәмілелер мен басқа да заңды әрекеттерді жасауға өкілеттілігін бекітетін құжат [1].

«Сенімхат» терминінің өзінен шығатындай, оны берген адам мен оны берген тұлға арасындағы қарым-қатынас белгілі бір дәрежеде сенімге негізделген. Сондықтан, басқа мәмілелердің көпшілігінен айырмашылығы, сенімхат бойынша мәміле сенімхаттың әрекет ету мерзіміне, сондай-ақ сенімхаттың өзіне берілген өкілеттіктерді жүзеге асыру мүмкіндігіне қарамастан кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін. Б.з.д. 2100 жылдан бастап месопотамиялық құқықтық кодекстерден Хаммурапи заңының танымал, бірақ бірінші емес болып келеді, әдетте, алғашқы кодификацияланған азаматтық заңдардың бірі болып саналады. Осы заңнаманың ішінде Б.з.д. 561 жылға сақталған сенімхат туралы келісім ИТТИ-НАБУ-БАЛАТУ туралы, яғни, бұл жерде Бил-Киширдің мүлкіне сенімхат туралы айтылады [2].

Жеке жазбаша құжат - сенімхат біржақты мәміле болып табылады. Сондықтан сенімхатқа мәміле жөніндегі заңдардың барлық ережелері қолданылады. Сенімхат берудің сипаты бір адамның - сенім білдірушінің (өкілдік берушінің) ерік білдіруінің және екінші адамның - сенім білдірілген адамның (өкілдің) ерік-жігер әрекеттерінің бар екенін көрсетеді. Сондықтан сенім білдіруші мен сенім білдірілген адам толық әрекетке қабілетті болуы тиіс. Сенім білдірушіде немесе сенім білдірілген адамда әрекет қабілеттілігінің болмауы немесе шектеулі болуы сенімхаттың жарамсыздығы немесе тоқтатылуы үшін негіз болады.

Енді бізде сұрақ туындайды, сенімхат беру қауіпті ме?

Түріне және кімге берілетініне байланысты. Егер Сіз сенімсіз адамды тағайындаған болсаңыз, олар сіздің активтеріңізді ұрлап немесе дұрыс басқармауы мүмкін. Сенімхат - бұл өте маңызды құжаттар, сондықтан оларды ешқашан мұқият қарастырмай рәсімдеуге болмайды. Енді сенімхаттың түрлеріне келетін болсақ. Біріншісі ол бас сенімхат – бұл белгілі бір тұлғаға толықтай құқық беретін құжат. Мысалы, көлік жүргізуде көлік иесімен бірдей құқықта болады, яғни көлікті сатуға, айырбастауға, сыйға беруге немесе пайдалануға т.б. болады екен. Екіншісі жалпы жағдайда қолданылатын сенімхат – бұл дегеніміз әртүрлі іс-әрекеттер орындауға белгілі бір мерзімге ғана құқық беретін құжат. Мысалы, көлікті жүргізуге ғана, пәтерді уақытша пайдалануға т.б. болады. Үшінші түрі, арнайы сенімхат бұл дегеніміз - белгілі бір уақыт аралығында сенім білдірушінің атынан қандай да бір іс-әрекеттер орындауға құқық беретін құжат. Мысалы, мекеме басшысының іссапарға кетуіне немесе басқа да жағдайлармен байланысты өз құқығын орынбасарына уақытша беруі.

Жалпы сенімхат қауіпті, себебі бұл сіздің банктік шотыңыздың бұзылуына әкелуі мүмкін. Неғұрлым нақты сенім аз қауіпті. Сіз сенім беретін адамды шынымен жақсы білетіндігіңізге көз жеткізгеніңіз жөн.

Біреуге сенімхат беру нені білдіреді?

Бұл дегеніміз, сіз біреуге белгілі бір тапсырмаларды орындап қана қоймай, әдетте сіздің атыңыздан шешім қабылдауға өкілеттік бересіз. Егер мен бір жыл бойы әлемді

аралап, үймен аз араласатын болсам, мен жоқ кезде менің істерімді қарау үшін адвокатыма сенім білдіруші тағайындай аламын.

Сенімгер басқарушының іс-әрекеті сенім білдірілген тұлға үшін құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкеп соғатындықтан, сенімхаттың құжат ретінде ресімделуіне назар аудару қажет. Сенімхатта мәміле жасалған жер, сенімхаттың берілген күні сөзбен көрсетіледі, сенім білдірушінің де, уәкілетті тұлғаның да тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы толық көрсетілуі тиіс болып табылады.

Құжат тек нақты әрекеттерді белгілеуі керек, мысалы, мемлекеттік тіркеуге құжаттарды тапсыру немесе жылжымайтын мүлікті тіркеу үшін қажетті құжаттарды дайындау немесе оны сату құқығынсыз жалға беру. Сондай-ақ сенімхатта уәкілетті тұлғаның ақшаны алу құқығын көрсету қажет емес. Заңгерлердің айтуынша, ақшаны иесіне аудару қауіпсіз. Сонымен қатар, сенімхатта ауыстыру мүмкіндігі нақты көрсетілуі керек. Кейбір жағдайларда сенімгерлік басқарушы өз өкілеттіктерін үшінші тұлғаға беруге құқылы.

Сенімхаттың қолданылу мерзімі, әдетте, сенімхаттың өзінің мәтінінде көрсетіледі. Мұнда заңда, яғни, ҚР АҚ-нің 168-бабында сенімхат берілетін ең ұзақ шекті мерзімді үш жыл деп нақты көрсеткен. Егерде сенімхаттың мерзімі бітпесе, бірақ сіз сенім білдірген жұмысты істеп қойған жағдайда, сенімхатты адвокат немесе нотариус арқылы бірден күшін жою керек [3].

Неліктен сенімхаттың күшін жою керек?

Заңгерлердің айтуынша, сенімгер басқарушы өзіне жүктелген барлық міндеттерді орындаған болса және құжаттың жарамдылық мерзімі әлі аяқталмаған болса, құжатты дереу нотариуспен немесе адвокатпен жойған дұрыс. Уақытында жойылмаған сенімхат жосықсыз делдалдардың қолындағы қауіпті құралға айналуы мүмкін, дейді.

Жалпы, сенімхаттың қолданылуы келесі негіздермен тоқтатылады:

- 1) сенімхат мерзімінің өтуі;
- 2) сенімхатта көзделген әрекеттердің жүзеге асуы;
- 3) сенімхатты беруші адамның оның күшін жоюы;
- 4) сенімхат берілген адамның одан бас тартуы;
- 5) өз атынан сенімхат берген заңды тұлғаның тоқтатылуы;
- 6) атына сенімхат берілген заңды тұлғаның таратылуы;
- 7) сенімхат берген адамның қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болған деп жариялануы), оның әрекет қабілеттігі жоқ, әрекет қабілеттігі шектеулі немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы;
- 8) сенімхат берілген азаматтың қайтыс болуы (оның ішінде қайтыс болған деп жариялануы), оның әрекет қабілеттігі жоқ, әрекет қабілеттігі шектеулі немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы салдарынан тоқтатылады.

Сенімхатты берген адам сенімхаттың немесе сенімхатты ауыстырудың күшін кез келген уақытта жоя алады, ал сенімхат берілген адам одан бас тарта алады.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, азаматтық құқықта сенімхаттың маңызы аз емес. Кейбір немесе күтпеген жағдайларға байланысты (мысалы, ауруға немесе кетуге байланысты немесе жай ғана білімнің болмауына байланысты, дереу шұғыл жұмыстар шығып қалғанда) өз мүдделеріңізді өзіңіз білдіру мүмкін болмаған кезде өмірде әртүрлі жағдайлар туындауы мүмкін, содан кейін өкілдің көмегіне жүгіну мағынасы бар, әрине сенімхат жасасудың тек жақса жақтары емес жаман жақтары да болуы мүмкін. Бірақ оның жаман жақтары тікелей өзіңізбен байланысты болады, мысалы, сеніп тапсырған адамды дұрыс танымаған жағдайда. Осыған сәйкес, құжат – сенімхат арқылы мүдделеріңіз үшін әрекет етеді [4].

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған. Алматы, 2021
2. Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть). Справочная правовая система ПАРАГРАФ, 2013
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқу құралы. (Жалпы бөлім) Ғ. Жайлин – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 304 бет.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: оқулық / А.К. Лепесова – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 232 бет.

ӘОЖ 657:336.221

Сарсенова Мадина Сериковна
«Есеп және аудит» мамандығы бойынша
«Туран-Астана» Университетінің
2 курс магистранты
Нур-Султан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail:ss.sana@mail.ru
Ғылыми жетекші э.ғ.к. Шаукерова З.М.

БУХГАЛТЕРЛІК ЖӘНЕ САЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ

ИСТОРИЯ ВЗАИМОСВЯЗИ БУХГАЛТЕРСКОГО И НАЛОГОВОГО УЧЕТА

THE HISTORY OF THE RELATIONSHIP BETWEEN ACCOUNTING AND TAX ACCOUNTING

Аннотация. Әр түрлі елдердегі бухгалтерлік және салықтық есептің өзара әрекеттесу табиғаты туралы мәселе ғалымдар мен практиктердің назарында. Бірқатар жұмыстарда елдерді есеп пен есептіліктің «үлгілері» бойынша жіктеу кезінде бухгалтерлік және салықтық есептің өзара байланысы белгісі пайдаланылады. Осы негізде жіктеу қаржылық есептілік пен салық салу ережелерін қалыптастыру ережелерінің сәйкестік дәрежесі мен өзара әсеріне негізделген.

Түйінді сөздер. Нарықтық экономика, кәсіпорын, бухгалтерлік есеп, салық есебі, есептілік нысандары, салық жүйесі.

Аннотация. Вопрос о природе взаимодействия бухгалтерского и налогового учета в различных странах всегда находится в центре внимания ученых и практиков. В ряде работ при классификации учета и отчетности используется признак взаимосвязи бухгалтерского и налогового учета. Такая классификация основана на взаимовлиянии и степени соответствия правил формирования финансовой отчетности и налогообложения.

Ключевые слова. Рыночная экономика, предприятие, бухгалтерский учет, налоговый учет, формы отчетности, налоговая система.

Annotation. The question of the nature of the interaction of accounting and tax accounting in different countries is in the focus of attention of scientists and practitioners. In a number of works, the sign of these relations between accounting and tax accounting is used when classifying countries by "models" of accounting and reporting. On this basis, the classification is based on the degree of

compliance and mutualin fluence of therules forthe formation of financial state ments and taxationrules.

Keywords. Market economy, enterprise, accounting, tax accounting, reporting forms, tax system.

Қазіргі экономикалық жағдайда бухгалтерлік есеп жүйесінің нормативтік актілерінің талаптары мен салық заңнамасының ережелері белгілі бір айырмашылықтарға ие. Бухгалтерлік есепте және салық салу мақсаттары үшін кірістерді тану ережелері ғана емес, сонымен қатар олардың жіктелуі, бағалау әдістері, жеке есепті кезеңдер арасында бөлу тәртібі, сондай-ақ салық салынатын пайданы анықтау тәртібі де әртүрлі. Бірқатар айырмашылықтардың формальды сипатына қарамастан, ҚР Салық Кодексінде салық міндеттемелерінің пайда болуымен және орындалуымен байланысты фактілерді есепке алу үшін ұйымдарға табыс салығын есептеу кезінде кірістер мен шығыстардың салықтық есебін жүргізу қажет [1].

Салық салу мақсаттары үшін кірістер мен шығыстардың есеп жүйесін ұйымдастырудың мұндай тәртібі сәйкессіздіктерді жоймады, тек табыс салығын есептеу мен төлеу процесін қиындатты, бұл салық есебін бухгалтерлік есеппен қатар жүргізу қажеттілігіне байланысты экономикалық қызметтерді ұстауға қосымша шығындардан туындаған артық еңбек пен қаржылық шығындарға әкелді. Салық салу мақсаттары үшін есепке алу салық салынатын пайданы қалыптастыруды бақылау және талдау тетігін қамтымайды. Бұл бухгалтерлік және фискалдық сипаттағы кірістер мен шығыстар туралы есептік деректерді үйлестіру, бақылау, басқару және салық салу мақсаттары үшін салық салынатын пайданы есепке алу және есептеу қағидаттарын сәйкестендіру проблемасын зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты салықтық есепке алу жүйесі көрсетілген міндеттерді шешу үшін қажетті деректерді бірыңғай ақпараттық жүйеде біріктіре отырып, негізгі рөл атқаруы тиіс.

Соңғы онжылдықтарда континенталды Еуропа елдерінде ХҚЕС енгізу кодификацияланған құқықтың есеп жүйесін жалпы құқық жүйесіне айтарлықтай жақындатты. ХҚЕС есеп берушілерден салық ережелеріне мүлдем тәуелсіз нысанда ақпарат беруді талап етеді. Салық және бухгалтерлік есеп ережелері арасындағы байланыстың жоғары дәрежесі, ең алдымен, салықтарды есептеу үшін негіз болатын жеке есеп беруге қатысты. Салық есебі салыстырмалы түрде аз жыл өмір сүреді. Оның пайда болуы ХХ ғасырдың басымен байланысты, бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі шығындар соғыс қимылдарына қатысушы елдердің үкіметтерін қосымша қаржыландыру көздерін іздеуге және ұйымдардың кірістеріне салық енгізуге мәжбүр етті» [2].

Осы кезеңнен бастап мемлекет салық органдары арқылы ұйымның қаржысы туралы ақпарат көздеріне, яғни бухгалтерлік есеп деректеріне қызығушылық таныта бастады. Осылайша, бастапқыда салық салу мақсатына арналмаған бухгалтерлік есеп өзіне тән емес функцияларды орындай бастады.

Мемлекеттің бухгалтерлік есепке фискалдық функцияларды қоюға, оны фискалдық мақсаттарға бағындыруға деген ұмтылысы қисынды болып көрінді. Мемлекеттік органдар үшін салық базасын өзгерту арқылы бюджетке салық түсімдерін түзету мүмкіндігі болғаны жөн. Мұндай өзгерістердің құралы салық салу мақсаттары үшін бухгалтерлік есеп болуы мүмкін.

1960-шы жылдардың аяғынан бастап әлемдік қоғамдастықтағы салық жүйесі мемлекеттің экономикалық саясатының дербес құралы ретінде бөлініп келеді. Ережелер реттеу объектісі ретінде әрекет ететін қатынастардың экономикалық мәні негізінде емес, салық салу қажеттіліктері негізінде қалыптасады. Бухгалтерлік есеп ережелерін біржақты бұрмалау қаржылық есептіліктің басқа пайдаланушыларының мүдделеріне қайшы келе бастады, осылайша бухгалтерлік және салықтық есепті бөлу қажеттілігі белгіленді.

Алайда, соңғы уақытқа дейін көптеген елдерде салық және бухгалтерлік есепті толығымен бөліспеу үшін күш салынды. Әдетте, бұл ымыраға келу жолы болды-онда сіз фискалдық қызығушылықты ала аласыз және қаржылық есептілік көрсеткіштерінің өзгеруіне

жол бере аласыз.

Әр түрлі елдердегі бухгалтерлік және салықтық есептің өзара әрекеттесу табиғаты туралы мәселе ғалымдар мен практиктердің назарында. Бірқатар жұмыстарда елдерді есеп пен есептіліктің «үлгілері» бойынша жіктеу кезінде бухгалтерлік және салықтық есептің өзара байланысы белгісі пайдаланылады. Осы негізде жіктеу қаржылық есептілік пен салық салу ережелерін қалыптастыру ережелерінің сәйкестік дәрежесі мен өзара әсеріне негізделген.

Көптеген ғылыми ережелерде екі үлкен топ бар:

- бухгалтерлік және салық ережелерінің өзара байланысының жоғары дәрежесі;
- бухгалтерлік және салық ережелерінің өзара байланысының төмен дәрежесі.

К. Ноубс және Р. Паркер сияқты авторлар елдерді тікелей жіктеуді бермейді, алайда мәтін бойынша олар салық және бухгалтерлік ережелердің өзара байланысы жоғары және өзара байланысы төмен елдерді бөліседі [3].

Салық және бухгалтерлік ережелердің өзара байланысы жоғары елдер арасында авторлар Германия (салық есептілігі жеке қаржылық есептілікке ұқсас болуы керек), Франция, Испания, Греция, Жапония, Бельгия, Италия және т. б. сияқты елдерді ажыратады.. салық салу мақсаттары үшін белгіленген нормалар қаржылық есептілікті жасау үшін қолданылуы керек.

Салық және бухгалтерлік ережелердің төмен байланысы бар елдерге Ұлыбритания (тәуелсіздіктің ең жоғары деңгейі), АҚШ, Нидерланды, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия кіреді. Бұл елдерде салық салу базасын анықтау үшін салық органдары қаржылық есептілікке түзетулер енгізеді, алайда оның қалыптасуына тікелей әсер етпейді (немесе елеусіз әсер етеді).

Негізгі әлемдік құқықтық жүйелермен сәйкес келетін бухгалтерлік есеп пен салық есебінің өзара әрекеттесуінің екі жүйесінің болуын атап өтті: жалпы және кодификацияланған құқық.

Кодификацияланған құқық елдері (Батыс Еуропа) әдетте салық және бухгалтерлік ережелердің өзара байланысының жоғары деңгейімен сипатталады, Жалпы құқық елдері (Ұлыбритания, АҚШ және т.б.) әдетте салық және бухгалтерлік ережелердің өзара байланысының төмен деңгейімен сипатталады.

Кодификацияланған құқық елдерінде бухгалтерлік есеп ережелері көбінесе заңдар деңгейінде қалыптасады және ережелер сипатында болады. Кодификацияланған құқықтың көптеген елдерінде қаржылық есептілік, ең алдымен, несие берушілер мен мемлекеттік органдардың, атап айтқанда салық органдарының ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған. Салықтық және бухгалтерлік есептің өзара байланысының жоғары дәрежесі ұйымдарды қаржыландырудың негізгі көздері мемлекет пен банктер болып табылатындығымен байланысты.

Кодификацияланған құқық елдерінде салық есебі бухгалтерлік есепті өзгертуге бағытталған белгілі бір ережелер жиынтығы ретінде қарастырылады. Кодификацияланған құқық жүйесінің тұжырымдамасы туралы айтатын болсақ, салық есебінің бухгалтерлік есептің үстемдігінің жоғары қаупін атап өткен жөн. Қандай да бір дәрежеде біз тіпті салық есебін шығару туралы айтуға болады.

Жалпы құқық елдерінде бухгалтерлік есеп ережелері диспозитивті болып табылады және көбінесе мемлекеттік емес органдар - бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңестер әзірлеген стандарттармен анықталады. Қаржылық есептілік бірінші кезекте инвесторлардың (капитал нарығының) ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған. Салықтық және бухгалтерлік есептің өзара байланысының төмен дәрежесі ұйымдарды қаржыландырудың негізгі көзі нарық болып табылатындығымен байланысты.

Жалпы құқық елдері бухгалтерлік және салықтық есептің қатар өмір сүруімен сипатталады. Олардың бір-бірінен барынша бөлінуі. Көбінесе ұйымдағы салық және бухгалтерлік есепті екі түрлі құрылым жүргізеді. Салық бұл жағдайда, білдіреді емес, ережелер жиынтығы, бағытталған түрлендіру бухгалтерлік есеп, қанша дербес жүйесін,

подчиняющуюся өз логика, использующую меншікті әдістері.

Жалпы құқық жүйесінің тұжырымдамасы бухгалтерлік есептің салықпен байланысы біржақты болуы керек деп болжайды. Яғни, қаржылық есептілікті жасау ережелері салық салу мақсатында пайдаланылуы мүмкін, бірақ айналым емес. Осылайша, қаржылық есептілік көрсеткіштерін бұрмаланбаған түрде ұсыну қамтамасыз етіледі. Алайда, іс жүзінде бұл әрдайым жүзеге асырыла бермейді. Әрбір жүйенің артықшылықтары мен кемшіліктері бар [4].

Жалпы құқық жүйесінің кемшіліктері оның Бухгалтерлік есеп шығындарын арттыратындығында (екі түрлі қызметті ұстау).

Бұл жүйенің артықшылығы-ол есеп беру пайдаланушыларын салық ережелерімен бұрмаланбаған ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Кодификацияланған жүйенің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері, құқықтар жалпы құқық жүйесіне тікелей қарама-қайшы, яғни есеп беру кезінде аз шығындар, бірақ қаржылық есептілікті талдауда салық нормаларына сөзсіз түзетулер.

Бухгалтерлік және салықтық есепті бөлу практикасы негізінен инвестициялық қызметте биржалық реттеу жетекші рөл атқаратын елдерде кеңінен қабылданды. Бухгалтерлік есептің кешенді жүйесі инвестицияларды басым банктік қаржыландырумен елдерде таралды.

Шетелдік сарапшылардың айтуынша, салық және бухгалтерлік ережелер арасындағы байланыстың жоғары деңгейі, ең алдымен, салықтарды есептеуге негіз болатын жеке есептілікке жатады. Салық салу үшін база болып табылмайтын шоғырландырылған есептілік өзге ережелер бойынша қалыптастырылуы мүмкін.

Бұл фактіні растау шетелдік есеп тәжірибесінің даму тенденциялары болып табылады.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғы мен 90 - жылдарының басында Батыс Еуропаның бірқатар компаниялары ерікті түрде ұлттық стандарттардан басқа ережелер бойынша (атап айтқанда, американдық және халықаралық стандарттар бойынша) шоғырландырылған есептілік жасай бастады, бұл капитал нарықтарында қаржыландыруды тарту қажеттілігіне байланысты болды. 90-шы жылдардың соңында бірқатар еуропалық кодификацияланған құқық елдерінде листингілік компанияларға ұлттық стандарттардан өзгеше стандарттарға сәйкес шоғырландырылған есептілік жасауға рұқсат беретін заңдар қабылданды.

Осылайша, 90-шы жылдардың басында, салық заңнамасының жетілдірілмеген жағдайында, бухгалтерлік есеп жүргізу арқылы ұйымдарда салықтар мен алымдарды есептеу міндеттерін орындау толығымен шешілді. Салық салу жүйесін қайта құрылымдау және оның тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жандандыру оларды бухгалтерлік есеп жүйесінде тікелей шешу оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтіндігін түсінуге әкелді. Іскери ақпаратты алу, өңдеу және оны пайдаланушыларға ұсынудың тұрақты ережелерін негізге ала отырып, бухгалтерлік есеп жүйесі бухгалтерлік деректер мен есептілікті қалыптастыру принциптерін конъюнктуралық түрде өзгерте алмайды, оларды ұйымдар мен бюджеттік жүйе арасындағы қаржылық ағындарды ұйымдастырудың үнемі дамып келе жатқан тұжырымдамаларына бағындырады. ҚР-да салық салудың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыру, фискалдық бағыттылықты күшейту салықтардың көптеген түрлерін есептеуді едәуір қиындатады. Бұл ұйымдардағы салықтарды есептеу мақсатында салық базасын анықтау үшін ақпаратты жалпылау жүйесі ретінде салықтық есептің пайда болуына себеп болады.

Қазақстан экономикасын нарықтық шаруашылық жүргізу қағидаттарына сәйкес қайта құру елдің бүкіл қаржы жүйесін, мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы қатынастарды сапалы қайта құрылымдауды туындататыны сөзсіз.

Осыған байланысты бухгалтерлік және салықтық есепке алу жүйесінің қатар өмір сүру қағидаттары мен тәртібінің барабар үйлесуі проблемасы ерекше маңызға ие. Салық салу, ұйымдардың қызметін жоспарлау және болжау мақсаттары үшін есеп жүргізу және есептілік жасау жүйесінің элементтерін сәйкестендіру қажеттілігі басымдыққа айналады.

Салық есебінің анықтамасы мен мазмұнын ескере отырып, бюджетке төленетін

салықты есептеу процесінен бөлек талдау жүргізу мүмкін емес, өйткені салық есебі өзінің негізгі мақсаты ретінде салық міндеттемесінің нақты мөлшерін анықтайды.

Осыған байланысты салықтық және бухгалтерлік есептің сәйкес келмеуі салықтық есепті екі тұрғыдан қарастыруға болады деп болжауға негіз береді:

- сөздің кең мағынасында салық есебі;
- сөздің тар мағынасында салық есебі.

Салық есебі сөздің кең мағынасында салық төлеушінің мүлкін, оның экономикалық операцияларын және олардың нәтижелерін бюджетке төленетін салық сомасын есептеуге қажетті көрсеткіштерді бөлу процесі ретінде әрекет етеді. Яғни, салық есебін осындай позициялардан қарастыра отырып, ұйымда жүзеге асырылатын кез-келген бухгалтерлік есепті, оның ішінде статистикалық және бухгалтерлік есепті, егер ол қандай-да бір түрде салық салумен байланысты болса, қарастыруға болады деп айтуға болады.

Осылайша, егер бухгалтерлік есеп бюджетке төленетін салық сомасын есептеу үшін пайдаланылса, онда ол екі функцияны орындай бастайды: бухгалтерлік-қаржылық (негізгі функция) және бухгалтерлік-салықтық (көмекші функция) [5].

Сонымен бірге, салық есебі сөздің тар мағынасында бухгалтерлік есеп бюджетке төленетін салық сомасын есептеу үшін қолданылмайтын жағдайда ғана қолданылатын мамандандырылған жүйе болып табылады. Дәл осы тәсіл салық есебін таза түрде, яғни қаржылық қатынастардың тәуелсіз және тәуелсіз жүйесі ретінде бөлуге мүмкіндік беретін сияқты.

Алайда, салықтық есепке алуды тек тар мағынада қарау негізделмеген сияқты, өйткені, біріншіден, мұндай тәсіл салықты есептеу үшін тікелей қолданылатын бухгалтерлік-бухгалтерлік қатынастардың бүкіл блогын қарау мен талдаудан алып тастайды, екіншіден, кез-келген жағдайда, тарихи түрде салықтық есеп бухгалтерлік есептен бөлу арқылы қалыптасты, ол ол үшін бастапқы болып табылады.

Сонымен қатар, оның таза түрінде салықтық есеп өте сирек қолданылатындығын атап өткен жөн, ал салықтық есепке алу әдістемесі барлық жерде дерлік бухгалтерлік есепке негізделген.

Басқаша айтқанда, бюджетке төленетін жарнаға тиесілі салықты есептеу үшін бухгалтерлік есеп қолданылатын жағдайларда, соңғысы өзінің таза қаржылық-есептік міндеттерін орындауды тоқтатады және салық есебіне айналады [6].

Жоғарыда келтірілген ұғымдарды талдауға сүйене отырып, біз салықтық есепке алуды ұйымның салық міндеттемелерін дұрыс есептеу және оларды уақтылы орындау, сондай-ақ салық заңнамасының басқа да талаптарын орындау үшін қажетті экономикалық және қаржылық ақпаратты жинау, тіркеу және өңдеу жүйесі деп түсінуге болады (мысалы, салық органында тіркеу, салық төлеушінің ашылуы туралы ақпаратты ұсыну). және банктегі шотты жабу, салық декларациясын ұсыну және т. б.)

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Қазақстан Республикасының Кодексі (26.02.2021 ж. жағдай бойынша (өзгерістермен және толықтырулармен))
2. ХҚЕС - халықаралық қаржылық есептілік стандарттары Алматы, 2019ж
3. К. Ноубс және Р. Паркер. Clare Roberts, Paulin Weetman, Paul Gordon International Financial Accounting: A Comparative Approach. – 2-d ed., Pearson Education, 2020,
4. Касьянова Г.Ю. Учет - бухгалтерский и налоговый. /Г.Ю. Касьянова/. - М.: АБАК, 2018. - 960 с.
5. Нурумов А. Салықтар және салық салу: Оқулық /А. Нурумов, А.Бекболсынова, Б.Ермекбаева, М.Арзаева / Астана: Фолиант, 2019. -584 бет.
6. Жакипбеков С.Т., Канатов А.С. Салық және салық салу /Оқулық, Алматы, 2018 ж

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

ЮРИДИЧЕСКИЕ ЛИЦА

LEGAL ENTITIES

Аннотация. Мақалада азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі субъектілерінің бірі және қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар жөнінде қарастырылады.

Мұнда, заңды тұлғаның түрлері, оның құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы, сондай-ақ органдары жөнінде айтылады.

Түйінді сөздер. Ұйым, мекеме, шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив, кәсіпорын, қоғамдық бірлестік, коммерциялық, оқшау мүлік.

Аннотация. В статье рассматривается юридическое лицо, являющееся одним из основных субъектов и участником гражданско-правовых отношений.

Здесь речь идет о видах юридического лица, его создании, реорганизации и ликвидации, а также об органах.

Ключевые слова. Организация, учреждение, хозяйственное товарищество, производственный кооператив, предприятие, общественное объединение, коммерческое, обособленное имущество.

Abstract. The article considers a legal entity that is one of the main subjects and a participant in civil law relations.

Here we are talking about the types of legal entity, its creation, reorganization and liquidation, as well as bodies.

Keywords. Organization, institution, business partnership, production cooperative, enterprise, public association, commercial, detached property.

Заңды тұлға болып танылады – меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын *ұйым* болып табылады [1].

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалар шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив, мемлекеттік кәсіпорын нысандарында құрылуы мүмкін, ал мекеме, қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Заңды тұлғалар бірлестіктер құра алады (ассоциациялар, одақтар). Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу тәртібі және олардың өкілеттілігі заңдар мен құрылтай құжаттарында белгіленеді. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның да фирмалық атауы болуы тиіс. Заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер, оның тұрғылықты жері болып танылады.

Азаматтық құқықтың тағы бірден-бір субъектілері коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Олардың құқықтық мәртебесін 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңы реттейді.

Осы заңның 2-ші бабына сәйкес кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады [2].

Заңды тұлғалар – адамдардың кез келген жиынтығы емес, ұйымдық бірлік екендігімен ерекшеленетін ұжымдар, яғни мақсаттары, міндеттері мен құқықтары айқын көрсетілген өз жарғысы немесе ережесі бар ұйымдық бірлік. Мұндай ұжымға тән нәрсе, оның ішкі мықты құрылымының, басшылықты жүзеге асыратын органының болатындығы. Мекемелер мен өзге де мемлекеттік бюджетпен ұсталынатын ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген басқа да ұйымдар осы ұйымдар жөніндегі жалпы ережелер негізінде әрекет жасайды.

Мәселен, Қазақстан Республикасындағы қызметтері бойынша бірыңғай ережелер қолданылатын барлық мектептер, ауруханалар заңды тұлғалар болып табылады.

Заңды тұлға болып танылған ұйым тауар айналымына дербес қатысуына құқық беретін оқшауланған мүлікке ие. Мүліктік оқшауланудың сипаты меншік нысанына байланысты. Мысалы, мемлекеттік кәсіпорындар мекемелер және ұйымдардың мүліктері шаруашылық жүргізу және жедел басқару құқықтарында болады. Бұлардың мүлкінің оқшаулануы олардың өздерінің негізгі және айналымдағы құрал-жабдықтарының, дербес баланстарының болуы арқылы сипатталады. Олардың мүліктерінің иесі – мемлекет.

Сонымен оқшауланған (бөліктенген) мүліктің болуы – заңды тұлғаның өзіне тән елеулі белгісі.

Заңды тұлғаларға өз міндеттемелері бойынша дербес мүліктік жауапкершілік жүктеледі. Бұл ереже коммерциялық ұйымдарға емес, сонымен қатар коммерциялық емес, ұйымдарға да, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге де қатысты.

Азаматтық Кодекстің 44-бабында заңды тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты баянды етілген мына жайттарды атап өтуге болады:

- Құрылтайшысы қаржыландыратын мекемелерден, мемлекеттік мекемелерден және қазыналық кәсіпорындардан басқа заңды тұлғалар өз міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Мекемелер, мемлекеттік мекемелер, қазыналық кәсіпорындар өздерінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

- Ақша жеткіліксіз болған жағдайда – мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшылары, мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе тиісті жергілікті атқарушы орган жауапты болады, ал, қазыналық кәсіпорынның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік субсидиялық жауаптылықта болады [3].

Азаматтық айналымда өз атынан әрекет жасау – бұл заңды тұлғаның сотта талапкер немесе жауапкер болу құқығы. Азаматтық айналымда өз атынан әрекет жасау үшін заңды тұлға жеке-дараланған болуы керек. Оның өзінің мүліктік емес құқығы болып табылатын және қызмет сипатына, тұрған жеріне байланысты болып келетін өз атауы болуы қажет.

Заңды тұлғаның атауы оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік береді және оның ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады.

Заңды тұлғаның фирмалық атауы оның қызмет аясын көрсетіп, дербестігін білдіреді және ол атау іскерлік байланыстарда, іс-қағаз бланкілерінде қолданылады. Заңды тұлғаның атауын тауарлық белгіден, бұйымдарды дараланудың өзге де белгілерінен ажырата білген жөн [4].

Әр түрлі кәсіпорындар шығаратын біртектес өнімдерді бір-бірінен жеке-даралап ажырату үшін, сондай-ақ олардың тауар айналымындағы жарнамалануын тиімді ұйымдастыру үшін тауар таңбалары және қызмет көрсету таңбалары кеңінен қолданылады.

Тауар таңбалары (қызмет көрсету таңбалары) дегеніміз – тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (қызметінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі.

Тауарлық белгіні бұйымның (өнімнің) белгілі бір кәсіпорыннан шыққанын куәландыратын бұйымдағы немесе оның орауының сыртындағы өзінше ресімделген түпнұсқалық графикалық бейне ретінде түсінуге болады. Ол бұйымдарға (өнімдерге) мемлекеттік стандарттың негізінде және техникалық жағдайларға байланысты соғылады.

Тауарлық белгілер өнімнің сапасы үшін жауапкершілікті арттырады және олардың өнімдерді, бұйымдарды сатудағы, жарнамалаудағы маңызы зор.

Стандарттарға, техникалық жағдайларға немесе шарттарға сәйкес тиісті бұйымдар жайлы мәліметтері бар белгілер, штамптар түріндегі және т.б. түрдегі ұйымдарды таңбалау – тауар шығарушы кәсіпорынның міндеті. Таңбалау тәртібін бұзғаны үшін тиісті материалдық жауапкершілік белгіленген.

Заңды тұлғаның құқықтық субъектілігі – оның құқық қабілеттілігі бейнеленетін азаматтық құқық қатынастарында субъект ретінде әрекет жасау қабілеттілігі. Әрбір заңды тұлға белгілі бір әрекет үшін құрылады және осыған байланысты осы қызметтің белгіленген мақсаттарына сәйкес азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болады [5].

Қорытындылай келе, заңды тұлғалар азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі субъектілерінің бірі және қатысушысы болып табылады

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған. Алматы, 2021
2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы
3. Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть). Справочная правовая система ПАРАГРАФ, 2013
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқу құралы. (Жалпы бөлім) Ғ. Жайлин – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 304 бет.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: оқулық / А.К. Лепесова – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 232 бет.

ӨКІЛДІК ҰҒЫМЫ МЕН МАҢЫЗЫ

ПОНЯТИЕ И ЗНАЧЕНИЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВА

THE CONCEPT AND MEANING OF REPRESENTATION

Аннотация. Мақалада азаматтық-құқықтық қатынастарда көптеп кездесетін, басқа адамның атынан бір адамның өкілеттігі күшімен жасалатын мәмілелердің бірі, өкілдік ұғымы қарастырылады.

Мұнда өкілеттіктің туындау негіздері мен тәртібі, өкілдіктің түрлері және өкіл бола алатын, сондай-ақ бола алмайтын тұлғалар жөнінде айтылады.

Түйінді сөздер. өкілдік, өкілеттік, сенімхат, өсиет, өкілдік беруші, сот, жарыссөз, құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік, мәміле, шарт, қамқоршылық, қорғаншылық.

Аннотация. В статье рассматривается понятие представительства, одной из наиболее распространенных в гражданско-правовых отношениях сделок, совершаемых от имени другого лица силами полномочий одного лица.

Здесь упоминаются основания и порядок возникновения полномочий, виды представительства и лица, которые могут, а также не могут быть представителями.

Ключевые слова. представительство, полномочия, доверенность, завещание, представительный, суд, прения, правоспособность, дееспособность, сделка, договор, опекуновство, попечительство.

Abstract. The article discusses the concept of representation, one of the most common transactions in civil law relations made on behalf of another person by the powers of one person.

It mentions the grounds and procedure for the emergence of powers, types of representation and persons who can and cannot be representatives.

Keywords. Representation, authority, power of attorney, will, representative, court, debate, legal capacity, legal capacity, transaction, contract, guardianship, guardianship.

Өкілдік деп басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесін айтамыз. Өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтатады.

Өкілеттік өкілдің (бөлшек сауда жүйесіндегі сатушы, кассир) әрекет жасаған жағдайынан да көрінуі мүмкін (ҚР АҚ-нің 163-бабы) [1].

Өкілдік институтының маңыздылығы сонда, ол тұлғаға бір мезгілде бірнеше нарықта, оның ішінде шетелде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ істің көзін білетін әрі ұйымдастыра алатын мамандарды тартуға қолайлы келеді.

Іс-әрекеттердің бәрін өкіл арқылы істеуге бола бермейді. Заң бойынша кейбіреулер үшін оның өзі қатысуы керек болады. Заңдылық әрекеттерді өзі ғана жасауы керектігі заңда айтылмаған немесе сол әрекеттердің сипатынан тумаған жағдайлардың бәрінде де өкілдікке рұқсат беріледі. Мәселен, өсиет қалдыру мәселесіне өкілдік болмайды, өйткені, қағазға өсиет қалдырушы өзі қол қоюы керек, некені тіркеуде, лекция оқу, сахнада ойнау тәрізді жеке өзіндік міндеттерді орындағанда арада өкілдік жүрмейді (ҚР АҚ-нің 163-бабының 5-тармағы).

Өкілдік субъектілері болып үш тұлғаны атауға болады:

Өкілдік беруші – өзінің атынан және өзінің мүддесінде мәмілелерді жасасатын тұлға. Азаматтық құқықтың кез келген субъектілері, құқық қабілеттілігі бар немесе жоқ адам, заңды тұлға да өкілдік беруші бола алады.

Өкіл – өкілдік берушінің атынан және соның мүддесінде әрекет ететін тұлға. Азаматтық әрекет қабілеттілігі бар кез келген тұлға кейбір жағдайларды қоспағанда, өкіл бола алады. Ал, заңды тұлғадағы өкілдік жарғымен айқындалған құқық қабілеттікке қайшы келмеуі тиіс. Ал, жеке тұлға 14 жастан еңбек қатынастарында бола алады, 16 жастан өндірістік кооператив мүшесі бола алады.

Үшінші жақ – өкілдік берушінің атынан және соның мүддесінде өкілдің мәміле жасасатын тұлғасы, азамат немесе заңды тұлға. Кез келген құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі бар азамат үшінші тарап бола алады [2].

Өкілеттік туындауының негізі – заң фактісі болып табылады. Заңда мынандай өкілдіктің негіздері бар: шартта немесе алдын-ала келісімде көрсетілген өкіл ұстауға тілек білдірген өкілдік берушінің еркі; заңда көрсетілген фактілер; мәселен ата-ана өздерінің балаларының заңды өкілдері бола алады, әрі олардың құқықтары мен міндеттерін кез келген жеке және заңды тұлғалар алдында қорғай алады, сондай-ақ балалары үшін сотта арнайы өкіл болып қатыса алады (ҚР АҚ-нің 164-бабы); уәкілетті органның актісі - тұлғалар өкіл болып қатысуға рұқсат беретін акт. Мысалы өкілеттік міндетті атқаруды талап ететін лауазымға тағайындау өкілеттік сондай-ақ өкілдің (бөлшек сауда жүйесіндегі сатушы, кассир және т.с.с.) әрекет жасайтын жағдайынан да көрінуі мүмкін (ҚР АҚ-нің 163-бабының 1-тармағы).

Өкілдік заңды және ерікті деп бөлінеді. Заңды өкілдік тікелей заңнан туындайды, әрі ол өкілдік берушінің еркіне қарамайды. Мысалы, Теңіз жолы сауда кодексі бойынша кеме капитаны қызмет бабында жасалған мәмілеге байланысты кеме иесінің және жүк иесінің өкілі болып табылады, жолшыбай не барған жерінде кеме иесінің немесе жүк иесінің өкілдері болмаса, жағдайға байланысты талап қою мәселесін өзі шеше береді, кейбір мәмілелерге билік етеді. Шартқа негізделген өкілдік ерікті өкілдік деп аталады. Мұның өзі өкілдік берушінің еркіне байланысты болады. Өкілдік беруші өкілдік туып қана қоймай, оның өкілеттігін де айқындайды (мысалы, тапсырма шарты).

Ал азаматтық құқық субъектілерінің бәрі бірдей өкіл бола алмайды. Азаматтық әрекет қабілеттілігі бар кез келген тұлға, яғни азаматтар мен заңды тұлғалар өкіл бола алады. Мұның өзі алдымен азаматтың 18 жасқа толу керектігін көрсетеді, өйткені, бұл жаста оған азаматтық әрекет қабілеттігі толықтай тән, ал заңды тұлғадағы өкілдік жарғымен айқындалған құқық қабілеттілікке қайшы келмеуі тиіс.

Өкілдік негізінде бір тұлғаның (өкілдік беруші, сенім беруші) екінші тұлғамен (өкілмен) өкілеттікті бөлісуі жатыр. Мұндай өкілеттік болмаған және өкілдік қатынасын асыра пайдаланғанда екінші жақтың өкілдік беруші тұлғаның атынан жасалған мәмілесі жарамсыз болып табылады. Бірақ, Азаматтық кодекстің 165-бабына сәйкес өкілдігі жоқ басқа бір адамның атынан немесе өкілеттігін асыра пайдаланып жасаған мәмілесі өкілдік беруші осы мәмілені кейіннен мақұлдаған ретте ғана ол үшін азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызады, өзгертеді және тоқтатады. Әрі өкілдік берушінің кейіннен мақұлдауы мәмілені оның жасаған кезінен бастап жарамды етеді.

Сотта өкілдер бола алмайтын тұлғалар:

1) судьялар, тергеушілер, прокурорлар мен өкілді органдардың депутаттары, олардың процеске тиісті ұйымдардың уәкілеттік берілген адамдары немесе заңды өкілдер ретінде қатысу жағдайынан басқа жағдайда сотта өкіл бола алады.

2) адвокатура туралы заңдармен белгіленген ережелерді бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма алған адвокаттар сотта өкіл бола алмайды.

3) адам, егер мүдделері өзі өкіл болып отырған адамның мүдделеріне қайшы келетін адамдарға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе айғақшы ретінде

қатысса, сондай-ақ егер ол істі қарауға қатысушы лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса, өкіл бола алмайды.

Кез-келген азамат сотқа талап арыз бере алады. Сонымен қатар әрекет қабілеттігі жоқ азаматтардың, әрекет қабілеттігі шектеулі азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда сотта олардың мүдделерін қорғау үшін талап арызды олардың заңды өкілдері бере алады. Ал ымдау тілімен өз ойларын жеткізетін азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғау үшін ымдау тілін түсінетін мамандардың қатысуымен сотқа талап арызды заңды өкілдері береді [3].

Сот талап қоюшының және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, жауапкердің және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, сондай-ақ іске қатысушы басқа да адамдардың түсініктемелерін олардың ана тілінде немесе еркін меңгеретін тілінде тыңдайды. Прокурор, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың өкілдері, сотқа басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға жүгінген азаматтар бірінші болып түсініктемелер береді. Іске қатысушы адамдар бір-біріне сұрақтарды ана тілінде немесе еркін меңгеретін тілінде қоюға құқылы. Іске қатысушы тұлғалардың бірі сот ісінің тілін меңгермейтін жағдайда, судья аудармашыны міндетті түрде қатыстыру керек. Тараптар, іске қатысушы тұлғалар мен үшінші тұлғалар түсініктемелерін бере отырып, өздерінің талаптары мен қарсылықтарын анықтап және толықтырады.

Өкілдіктің түрлері:

Заңды өкілдер:

Әрекетке қабілетсіз азаматтардың, әрекет қабілетіне толық ие емес немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта өздерінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттарды сотқа көрсететін ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары немесе қорғаншылары қорғайды.

Хабар-ошарсыз кеткен деп белгіленген тәртіппен танылған азамат қатысуға тиісті іс бойынша, оның өкілі ретінде хабар-ошарсыз кеткен адамның мүлкіне қамқорлықты жүзеге асыратын адам қатысады.

Қайтыс болған немесе қайтыс болды деп белгіленген тәртіппен жарияланған адамның мұрагері қатысуға тиісті іс бойынша, егер мұраны әлі ешкім қабылдамаса, мұрагердің өкілі ретінде мұралық мүлікті қорғау мен басқару үшін тағайындалған сақтаушы немесе қамқоршы қатысады.

Заңды өкілдер заңда көзделген шектеулер мен өкілдік етушілердің атынан жасау құқығы өкілдік берушіге тиесілі барлық іс жүргізу әрекеттерін жасайды. Заңды өкілдер істі сотта жүргізуді басқа өкілге тапсыра алады [4].

7. Закон Республики Казахстан от 8 декабря 2009 года № 223-IV О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин. Ссылка на электронный источник: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000223_

USING THE CONCEPT OF INTEGRATED MARKETING COMMUNICATIONS IN TOURISM

ТУРИЗМДЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН МАРКЕТИНГТІК КОММУНИКАЦИЯ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚОЛДАНУ

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОНЦЕПЦИИ ИНТЕГРИРОВАННЫХ МАРКЕТИНГОВЫХ КОММУНИКАЦИЙ В ТУРИЗМЕ

Abstract. In this paper, the discussion centers on integrated marketing communications applied to the activities of a tourist enterprise. Modern scientific views on the concept of "integrated marketing communications" are presented. A SWOT analysis of integrated marketing communications was carried out. Based on the characteristics and comparison of various marketing communication tools, the relevance of using an integrated approach to the promotion of the company's products and services is substantiated.

Keywords. Tourism enterprises, customer loyalty, integrated marketing communications, promotion package.

Аннотация. Бұл мақалада талқылау туристік кәсіпорынның қызметіне қолданылатын интеграцияланған маркетингтік коммуникацияларға бағытталған. "Интеграцияланған маркетингтік коммуникациялар" ұғымына заманауи ғылыми көзқарастар ұсынылған. Біріктірілген маркетингтік коммуникацияларға SWOT-талдау жүргізілді. Маркетингтік коммуникацияның әртүрлі құралдарының сипаттамалары мен салыстыруларына сүйене отырып, компанияның тауарлары мен қызметтерін жылжытуда кешенді тәсілді қолданудың өзектілігі негізделген.

Түінді сөздер. Туристік кәсіпорындар, клиенттердің адалдығы, интеграцияланған маркетингтік коммуникациялар, жарнамалық пакет.

Аннотация. В этой статье обсуждение было сосредоточено на интегрированных маркетинговых коммуникациях, применяемых к деятельности туристического предприятия. Представлены современные научные взгляды на понятие "интегрированные маркетинговые коммуникации". Был проведен SWOT-анализ интегрированных маркетинговых коммуникаций. На основе характеристик и сравнения различных инструментов маркетинговых коммуникаций обоснована актуальность использования комплексного подхода к продвижению товаров и услуг компании.

Ключевые слова. Туристические предприятия, лояльность клиентов, интегрированные маркетинговые коммуникации, рекламный пакет.

Today, tourism is a national economic complex which in many countries has turned into a rapidly developing branch of the economy. It is impossible to imagine the work of any tourist network without a well-established system of integrated marketing communications.

Marketing of services has a certain specificity that differs from material goods, therefore, the methods of promoting services, the structure of the marketing communications complex and approaches to its formation differ significantly.

The economic situation on the market under the influence of the Covid-19 pandemic around the world had a significant impact on the formation of the IMC, as a result of which there was a reduction in the budgets of tourist enterprises for communication, which to a certain extent contributed to the development of marketing communications and the choice of innovative, less costly forms.

Currently, it is integrated marketing communications that are able to optimize the strategy of an enterprise so as to make its activities successful and help capture a share in the international market.

IMC is the impact on consumers and the development of a certain image of the company and its products through the coordinated work of communication channels [1, p.38].

It is worth noting that the method of integrated marketing communications began to be actively used only in the 90s, when the realization began to come that traditional methods began to lose their effectiveness. Specialists have been actively engaged in solving this issue, which has led to an increase in research works by American authors outlining various concepts of the IMC. It is believed that the work of Don Schultz and Stanley Tonnenbaum in 1992 served as the basis and incentive for the development of further effective solutions [2, p.28].

The main reasons for the emergence of the concept of integrated marketing communications are:

- The type of consumer of the 90s has changed, they began to demand more interactive two-way communication with service providers;

- Television advertising has begun to lose its relevance, due to the fact that people have learned to decipher television messages and respond to them, and advertising has become more expensive, which has significantly affected coverage;

- As mentioned above, the traditional approach began to require high costs, which made it necessary to find a new less expensive, but effective way of marketing. An integrated approach has become the most suitable option, since in this scenario companies work on a single budget, optimizing the work of fewer partners, shifting complex solutions to them as a single unit, while achieving greater returns.

- Then, under the influence of the Internet, new information distribution channels, new media formats appeared, interactive media appeared that had a more significant coverage, traditional methods were "lost" and were no longer perceived by the target audience;

- There was an oversaturation of the market: Production and sales technologies reached such a level that the same consumer goods from different manufacturers were advertised;

- The traditional approach also did not take into account the change in the type of consumer, when a representative of a certain target group came to replace the consumer of a mass character, who perceives himself as a personal unit with individual requests and needs [3, p.239].

In this environment, advertising, marketing and public relations specialists gradually began to work on a new approach to marketing activities, thus, an integrated marketing communications approach was formed on the basis of three areas.

It is important to note that, despite the relevance of the approach, there is actually no consensus on its unambiguous definition.

For an accurate definition of the concept of IMC, we will give the definitions of the authors of specialists.

R. Sandhusen defines IMC as "careful coordination of all communications within the framework of promotion to ensure a single, customer-oriented advertising message" [4, p.150]. He calls coordinated actions marketing tools - advertising, personal sales, sales promotion, PR.

R. Blackwell, P. Miniard, J. Angel define IMC as "a systematic process of marketing communications that permeates the entire organization, which is consumer-oriented, data-driven, technically supported, and also contributes to brand building"[5].

These results provide confirmatory evidence that that integrated marketing communications is a system that coordinates the work of the entire marketing complex, tools and technologies for influencing the consumer, ensuring the formation of a dialogue between the manufacturer and the consumer of services.

Table 1 presents a SWOT analysis of the IMC.

Table 1

SWOT analysis of integrated marketing communications

Strengths	Weaknesses
<p>1. More personalized communications.</p> <p>2. The main methods of personalization development are loyalty cards and mailing lists with congratulations, which contribute to the development of relations between the company and the consumer, after seeing congratulations, bonuses or rewards for regular customers, the consumer will appreciate the company and possibly use the services to buy goods;</p> <p>3. Targeting segmented groups The IMC allows B2B companies to target the target audience according to certain parameters (demography, psychography, generations (millennials attract the most profit, as they are looking for goods with good quality), location (consumers from different countries will receive advertising in accordance with the event that is happening in the country)).</p>	<p>1. High cost. It is costly to start a marketing campaign between all types of communications at the same time. This is due to the fact that it requires payment for creation, manufacture and production. Marketers may face a shortage of funds to implement a marketing company in such a volume.</p> <p>2. Inability to use for small businesses IMCs cannot be used for small businesses because they do not have enough information to receive a single business message. IMC requires imagination, creativity, skill and experience to successfully start a marketing company, which small businesses may not have.</p>
Opportunities	Threats
<p>1. Customer retention And IMC activates an improved perception of the brand, which in turn makes it clear to the buyer that it is important. Also, keeping regular customers is cheaper than finding new ones.</p> <p>2. Improved brand perception Successful implementation of the IMC allows positioning the product in the consumer's mind better in comparison with competitors. A single message helps to make a good brand vision in the eyes of the consumer.</p>	<p>1. Weak susceptibility at the national and international level There is a possibility that despite the large investments in the IMC, the campaign may not work in the market, since the adaptation of advertising to a certain culture of the consumer's country has not been carried out.</p> <p>2. Information loading of the consumer Too many marketers make the mistake of putting a large amount of information in advertising. Thus, the information is confused and the message does not find a response from the consumer.</p>
<p><i>Source: compiled by the author based on the source [6, p.227]</i></p>	

The foregoing discussion implies that the concept of IMC allows you to maintain a more individual approach to consumers, maintaining and increasing their loyalty to the services produced, and also leads to increased sales and reduced costs, but subject to effectively coordinated work and a well-thought-out campaign. It was also revealed that, despite the unified funding, the use of the IMC method can be quite costly.

In conclusion, it is advisable to consider the IMC as a process of interaction, integration of all communication tools with the target audience. The main purpose of integrated marketing communications is to convey reliable information and the main idea of positioning the company's brand through a set of communication tools in order to create better relationships

between customers and key partners. It is worth noting that only in this case it fully becomes the concept of integrated marketing communications.

Bibliography:

1. Schultz Don E. Marketing. Integrated approach: [Trans. Schultz, Don E., Tannenbaum, Stanley I., Lauterborn, Robert F. - M.: Infra-M, 2004 - 38 p.
2. Konovalenko V. A. Fundamentals of Integrated Communications: textbook and workshop for academic bachelor's degree, - 2016 - 28 p.
3. Blackwell R. Consumer behavior / Miniard P., Angel J. - St. Petersburg: Peter, 2007–239-240 p.
4. Sinyaeva I.M. Marketing management: A textbook. - 2nd ed. M.: University textbook, 2011. - 150 p.
5. "Defining integrated marketing communications: Integrated marketing communication delivers a consistent and clear message" [Electronic resource]: May 5, 2019 - Access mode: <https://www.paperflite.com/blogs/integrated-marketing-communication/>
6. Obraztsova M.E. The importance of integrated marketing communications in the market. Business education of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of Almaty Management University. Management business analytics. - 2015. - Issue 2. - p. 228.

ӘӨЖ 324

Даулет Сая
«Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер»
кафедрасының студенті
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.к., доцент **Асқарова А.Ш.**

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ

TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET

Аннотация. Бұл мақалада латын әліпбиіне көшу мәселесі қарастырылған. Латын графикасының тілдік мәселелерді шешуге оңтайлылығын сөз етіледі. Құзыреттілікті арттырып, бәсекеге қабілетті ел болуымызға нақты үлесін тигізетіндігін тұстарына тоқталдық. Туыстас елдермен қарым- қатынасымыздың нығаятындығын, шашырап жүрген қандастарымызбен оңай түсінісе алатындығымызды талқыланылды.

Түйінді сөздер. Латын графикасы, компьютерлік жүйе, бәсекеге қабылеттілік.

Аннотация. Основной темой данной статьи является переход на латиницу. Говорить о пригодности латинской графики для решения языковых задач. Сказать, что это внесет реальный вклад в нашу компетентность и конкурентоспособность. Чтобы передать, что наши отношения с союзными странами будут укрепляться, и мы сможем легко понять наших рассеянных соотечественников.

Ключевые слова. Латинская графика, компьютерная система, конкурентоспособность.

Annotation. The main topic of this article is the transition to the Latin alphabet. Talk about the suitability of Latin graphics for solving language problems. To say that this will make a real contribution to our competence and competitiveness. To convey that our relations with the

allied countries will be strengthened, and we will be able to easily understand our scattered compatriots.

Key words. Latin graphics, computer system, competitiveness.

Латын графикасы негізінде қазақтың ұлттық жазуын қалыптастыру мәселесінің сөз болып жүргеніне де біраз жылдан астам уақыт өтіпті. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіреміз деген сөз айтылғаннан бері тілдер басқармасымен бірге, мекемелер, кітапханалар, жоғары және арнаулы оқу орындары, мектептер семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып өңірлерде түсіндірме жұмыстарымен, мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар жариялаумен және дәрістер оқумен белсенді түрде айналысып бастады. Тіл саласының білікті мамандары, қазақтың ұлтжанды азаматтары мен зиялы қауымы латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда, қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Бұл мәселе жөніндегі айтылатын ой-пікірлер мен ортаға салатын ұсыныстардың бәрі болмаса да, біразы айтылып болған сияқты. Мұның бәрі осынау бір игілікті істің қазақ топырағында да жүзеге асырылуына қалың жұрттың белсене атсалысуын көрсетеді.

Алдымен, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың латын графикасына ауысу туралы айтқан 3 түрлі кезеңдегі сөзіне назар аударайық. 2006 жылы ассамблеяда сөйлеген сөзінде Елбасымыз: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен минустарын зерделеп алуымыз керек» деген екен. Оның ішінде «посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес» деген пікірі тәуелсіздікті тіл мен елдікте ғана емес, Байтұрсынұлы сөзімен айтқанда «жазумен сөйлесу ауызша сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заманда» әліпбиде де тәуелсіздік алуымыз керек деп түсінеміз. Ал 2012 жылы Елбасы сөзінде мына мақсат айтылды: «Біз 2025 жылдан - бастап әліпбиімізді латын қарпіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады». Мұндағы «ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» және «қазақ тілін жаңғыртуға жағдай» дегенді басқа мүддеге пайдаланбау қажет. Қазақ тілін жаңғырту жүйесі бөлек тілдердің жазу принципін өз тілімізге тану емес және табиғи, қоғамдық құбылыс болып табылатын тілді қолдан өзгерту, жасанды қазақ тілі мен әліпбиін жасау деген сөз емес деп түсіну қажет. Ал «Болашаққа бағдар: «рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы мұның бәрін ұлттық мақсатқа айналдырды: «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім»- дейді. Бізге осы мақсаттан танбау, айырылмау және жоғалтып алмауды міндет еткен жөн. Сонымен қатар, отандық жетекші телеарналар өкілдерімен кездесу кезінде: «Латын қарпі бізге дүние жүзінің халқымен, әлемнің ғылыми-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуға тиіспіз. Бірақ, бұл мақсатқа біз үлкен сарабалдықпен, байыптылықпен келуіміз керек», - деп атап көрсетті. Шындығында, жазу-сызуға реформа жасау әр елде, әр заманда да болған. Әсіресе, қоғамның әлемдік өркениетке, бүкіл дүниежүзілік қауымдастыққа байыпты бетбұрыс жасаған өтпелі кезеңінде бұл мәселенің бірінші кезекке шығатыны тарихтан белгілі. Сондықтан, басқа түркі елдерінде басталып кеткен бұл қоғамдық үрдістен қазақтардың да сырт қалуы мүмкін емес болатын, өзге түркі халықтарының соңында болса да, ерте ме,

кеш пе, әйтеуір бір әліпби мәселесін шешетініміз сөзсіз еді. Өйткені, жазу-сызуға реформа жасау – еріккеннің ермегі, не болмаса Үкімет жаңарып жатыр, демократия деген мақсат емес өмір талабы, болашағы жарқын өркениетті ел болудың алғышарттарының бірі.

Бұқаралық ақпарат құралдарының пайымдаулары мен деректеріне сүйенсек, бүгінгі таңда әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда екен. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білдіреді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Туыстас, түркітілдес халықтар арасында латынға Түркия мемлекеті 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан елдері КСРО ыдырағаннан кейін ауысты. Сол елдердің тәжірибесіне зер салсақ, мысалы, Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек тілі араб әліпбиін қолданды. 1928-40 жылдар аралағында жазулары латын әліпбиі негізінде болған. 1940-1992 жж. кириллица қолданылып, 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қолданып келеді. Өзбек латын тілінің ерекшелігі - арнайы символдар мен диакритикалық белгілердің жоқтығы, тек апострофтар бар. Классикалық латын кириллицамен салыстырғанда 7 әріпке кем, сондықтан арнайы белгілер мен символдардың жоқ болу есебінен кейбір әріптерді екі еселеуге тура келеді. Нәтижесінде апострофпен қосқанда 29 әріптен тұратын өзбек латын әліпбиі құрылған. Сол сияқты Әзірбайжан да 1925 жылдарға дейін ресми әліпби ретінде релді араб тіліне атқартқызыған еді. 1926-39 жылдары латын әліпбиін қолданып, 1940-2001 жылдары кириллица, одан кейін 2001 жылы қайта латын әліпбиіне көшті.

Бізге латын жазуын қабылдаған жағдайда қазақ тілі үшін ойланып-толғанып жасалған, мақсат-мүддемізге сай, тіліміздің өзіндік табиғатына сәйкес және бүгінде бүкіл әлемде қарқындап дамып отырған компьютерлік жүйеге оңтайлы бір-ақ жоба қажет. Ал, ондай төрт аяғынан тік тұрған әліпби жобасы дүниеге бірден келмейтіні баршамызға белгілі. Кез келген тілдің жазуын бір графикадан басқа графикаға көшіру, оның дыбыстық жүйесін, орфоэпиялық, орфографиялық, морфологиялық және синтаксистік ережелерін нақтылаумен, мәтіндерді бір әліпбиден екінші әліпбиге және кері автоматты аударатын компьютерлік программалар жасаумен, көп деңгейлі оқулықтар дайындаумен тиісті сөздіктерді құрумен және байланысты, кешенді жұмыстарды талап етеді. Кіріспеде қазақ тілінің жазуын латиницаға көшіруге байланысты реформаға 31 фонема, олардың ішінде 9 дауысты фонема және 22 дауыссыз фонема қатысады деп айтылған. Қолданыстағы қазақ әліпбиі 42 әріптен тұрады, оның 9 әрпі Ёё, Ии, Ээ, Юю, Яя, Цц, Чч, Щщ, Ъь, Ыь негізінен кірме сөздер жазбасында кездесетін орыс тілі дыбыстарын таңбалау үшін пайдаланылады. Бұл сөздердің жазу емшелері қазақ тілі грамматикасының талаптарына қайшы болып келеді. Мысалы, орыс тілінде сөздің жіңішке немесе жуан айтылуы оның құрамында дауыссызды таңбалайтын әріптен кейін қойылатын Ъь немесе Ыь таңбаларына тәуелді. Қазақ тілінде сөздердің жіңішке немесе жуан айтылуы Әә, Ее, Өө, Үү, Іі жіңішке дауысты немесе Аа, Оо, Үу, Ыы жуан дауыстының болуына. Сондықтан қолданыстағы кириллица негізіндегі әліпбидегі қазақ мәтінін латиница негізіндегі әліпбидегі мәтінге түрлендіруді автоматтандыру үшін қазақ сөздерін өңдейтін келесі ережелер тобын анықтау керек:

-сөздерді Ёё, Ээ, Ии, Юю, яя, Цц, Чч, щщ, Ъь, Ыь әріптерінен арылту ережелері;

- сөздердегі Уу әрпін өңдеу ережелері;

-сөздердегі Аа, Ээ, ОО, ӨӨ, Үү, Үү, Ыы, Іі әріптерін өңдеу ережелері.

Қазақ жазуын жаңа әліпбиге аудармас бұрын мына маңызды тенденция мен жағдайларға көңіл аудару керек:

1. Қоғамды цифрлендіру (ақпараттандыру) дәуірінде дүние жүзінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) көмегімен өте көп интеллектуалдық,

енбектік және қаражаттық шығымдарды талап ететін көлемдері өте үлкен жаппай сұраныста болатын цифрлік (ақпараттық, нормативтік және басқа) ресурстар -Big Data жасалып және өңделіп жатыр.

2. Дүние жүзінде шығарылатын барлық компьютерлер 26 әріптік базалық латын әліпбиін басында қолдайды және келешекте де қолдай береді, ал осы компьютерлерді құрамында базалық латын әліпбиіне кірмейтін әріптері бар ұлттық әліпбиге бейімдеу әжептәуір косымша шығымды талап ететін арнайы кәріптер (шрифтер) мен олардың драйверлерін және деректерді сұрыптау мен іздеу программаларын жасауды талап етеді.

3. Цифрлық ресурстардың көлемдері күн сайын жылдам өсіп жатқандығын және әлемдік қауымдастықта АКТ- ның қолдану аясы кеңейіп баратындығын ескере отырып, ғаламдық ақпараттық кеңістікте бір ғана әліпби пайдалану ұсынылып, ұлттық әліпби таңбаларын базалық латын әліпби әріптеріне транслитерациялау стандарттары жаппай шығуда.

4. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі, біздің елдегі барлық ақпараттық ресурстар қазақ тілінде жасалуын және өңделуін міндеттейді .

5. Әртүрлі қорларда қағаз жүзінде арабица, латиница - жана әліп және кириллицада сақталған ақпараттық ресурстарды, арнаулы комиссия іріктеп алғаннан кейін, цифрлеу керек.

6. Арабица, латиница – жаңа әліп және кириллицада сақталған цифрлық ақпараттық ресурстарды базалық латын әліпбиіне алдын ала жасалған конвертермен автоматты түрде аудару керек.

7. Қазақ жазуын базалық латын әліпбиіне көшіру қазақ тілін оқуды әжептәуір жеңілдетеді және оның дамуын жақсартады , себебі бұл әліпбиді бүкіл Әлемде барлық сауатты адамдар мектеп жасынан біле бастайды.

Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз біріншіден, ана сүтімен бойымызға дараған тіліміздің тазалығы. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Үшіншіден, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, жаңарған жаңа дүниеде жер жүзіне шашылып, бытырап жүрген түркі халықтары жазу арқылы табысып, өздерінің тегі бір туыс екендігін, тіліміз бен дініміздің ғана емес, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, рухани өнердің бір екендігін білер еді. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым – қатынасты, тығыз байланысты күшейтуімізге жол ашылады.

Қазақ жазуы қай кезеңде болмасын өз әліпбиін өзі таңдап отырған. 20 жылдары өзге түркі жазуларын , мысалы , латын - қырғыз әліпбиін К.Юдахин, өзбек - латын әліпбиін В.Поливанов түзіп бергенде қазақ - латын әліпбиін Н.Терекулов , Х.Досмухамбетұлы , Ж.Аймауытов , Қ.Жұбанов сынды ұлт зиялылары 1922 жылдан бастап ұсынған. Бірақ бұл авторларға Байтұрсынұлы түзіп берген әліпби негізі - фонологиялық болғандықтан, оқыту мен баспа ісінде жеңіл болғандықтан 1929 жылға дейін латын әліпбиінің құрамын белгілеу моральдық ауыр, түзу жағынан жеңіл болды. Ә. Байділдаұлы анықтағандай, « латынға көшу тұрмыс керек қылғаннан» ғана шықты.

Латын әліпбиін қабылдау - рухани тәуелсіздік іс, егемендігімізді айшықтай түсетіндігін саналы түрде түсініп , жаппай қолдаған елдің сенімі көңіл қуантады. Латын әліпбиі мемлекеттің негізгі ресми әліпбиі ретінде жұмыс істейтін болады. Мемлекеттік әліпбиі тұтастығы үшін қызмет етеді. Латын қарпін талқылауда зор белсенділік көрсеткен халық енді жаңа әліпбиімізді өмірге енгізуде де қарқынды қайрат танытуы тиіс. Яғни, қолға алып қана қоймай, қолдануды да бастай беруіміз керек. Жаңа рухани жетістікке жетелейтін жаңа латын әліпбиі - жалпыұлттық талқылаудың жарқын нәтижесі . Күн сайын дамып отырған дүниежүзілік ақпаратта латын әліпбиінің орны үлкен. Сондықтан латын

әліпбиіне көшу мәселесі кезек күттірмейтін міндет. Әлемдегі қазақтар өздерінің тұратын мемлекеттеріне қарай Ахмет ұсынған араб, латын, кирилица таңбаларына негізделген әліпбиді қолдануда. Осы тұрғыдан келгенде ортақ әліпбидің болуы халқымыздың бір-бірін түсінісуіне оң ықпал тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Е. Қажыбек «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту» Алматы 2017 жыл
2. А. Шәріпбай «Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру мәселелері» Астана 2017 жыл
3. <https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/31165/>

ӘӨЖ 324

Даулетова Аружан Даулетовна
«Әлеуметтік-гуманитарлық және тілдік пәндер» кафедрасының студенті
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.к., доцент Асқарова А.Ш.

МАҒЖАННЫҢ ЖҰМБАҚ ӨЛІМІ

ЗАГАДОЧНАЯ СМЕРТЬ МАҒЖАНА

MYSTERIOUS DEATH OF MAGZHANA

Аннотация. Бұл мақалада Мағжан Жұмабаевтың көпке ашылмаған сырлары қарастырылады. Мақала ақынның өмірін дәлелді түрде жан-жақты зерттеуге арналған. Мақалада ақынның басынан өткен шынайы тарихи оқиғалары талданады.

Түйінді сөздер. Мағжан Жұмабаев, Магадан, Бауыржан Момышұлы, Абдулла Әбдірахманов, Зылиха.

Аннотация. В данной статье рассматриваются нераскрытые тайны Магжана Жумабаева. Статья посвящена всестороннему изучению жизни поэта. В статье анализируются реальные исторические события поэта.

Ключевые слова. Мағжан Жумабаев, Магадан, Бауржан Момышулы, Абдулла Абдрахманов, Зылиха.

Abstract. This article deals with the undisclosed secrets of Magzhan Zhumabaev. The article is dedicated to the universal study of the poet's life. The article analyzes real historical events of the poet.

Keywords. Magzhan Zhumabaev, Magadan, Baurzhan Momyshuly, Abdulla Abdrakhmanov, Zyliha.

Қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірбаянын мектеп қабырғасынан таныспыз. Оқулықтарда ақынның 1938 жылы 30 желтоқсанда «жапон тыңшысы» деген жалған жаламен тұтқындалып, 1938 жылы 19 наурызда ату жазасына кесіліп, 44 жасында қайтыс болғаны деп бізге белгілі.

«Жапон тыңшысы» деген айыпқа Мағжанның өзі "Мен өмірімде тірі жапонды көрген адам емеспін. Оның үстіне, өзім 1930 жылдан 1936 жылға дейін Сібірде, итжекенде болдым. Жапонның барлау қызметімен қай уақытта байланыс орнатып үлгеремін?", - деген екен. Бірақ алты күннен кейінгі зорлық-зомбылық нәтижесінде берген жауабы мүлде қарама-қайшы екенін көруге болады: "Жапонияның пайдасына тыңшылық жасаумен 1919 жылдан 1929 жылға дейін айналыстым. Тыңшылық жұмысымды 1936

жылдан бастап қайта жалғастырдым. Кеңес өкіметі алдындағы күнәмді жуу мақсатында кінәмді мойындаймын".

Біраз жылдар бұрын «Мағжан атылмаған, тірі қалған» деген әңгімелер ел арасында кеңінен тарап кетті. Ендігі оның ақиқат не жалған екенін қалай дәлелдейміз? Шындыққа тура қарасақ, Мағжан Жұмабаев біз оқығандай 1938 жылы атылмаған. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының: «Мен Мағжанды көрдім», — деген сөзі бар. Ол өз әңгімесін былай өрбіткен еді: «1948 жылы Сібірдегі 59-бригада командирінің орынбасары болып жүргенімде ну орманның арасында отқа жылынып отырған бір топ адамды көрдім. Киген киімдері біртүрлі, сотталғандар болу керек. Олардан өзгешелеу, басында түлкі тымағы бар бір адам 10-15 метрдей жерде өз алдына жылынып отыр екен. Тегінде қазақ сияқты. Жанына барып сәлемдесіп едіп, ол ернін жыбырлатып қана қабылдап, үндемей отыра берді. Теріс қарап отырған күйі:

- Маған жақындама, бәлем жұғады, - деді. Сол кезде есіме Мағжан түсіп, оның өлеңдерін жатқа оқи бастадым. Ол жібіп: - Менің жағдайым қиын ғой, маған жақындамағаның дұрыс болады. Шамаң келсе, мені елге жеткіз, - деді. Мен оның Мағжан екенін біліп, көмектескім келді де, он күннен кейін келетінімді айттым. Бірақ қолым босамай, сәл бір айдан кейін келгенімде түрме бастығы оның сал айдап жүріп суға кетіп қайтыс болғандығын айтты», - дейді Бауыржан Момышұлы (Қаһарман Бауыржан Момышұлы, 98-бет. Алматы, «Өнер» баспасы, 2008 ж.) Әдебиетші ғалым Мекемтас Мырзахметов Бауыржан атамыздың Мағжанды көргені рас деп мәлімдеген.

Мағжан Жұмабаев сталиндік репрессияның құрбаны болғанын, 1938 жылы жазықсыз атылып кеткенін тағы мынадай бір деректер теріске шығарады. «Мағжан 1951 жылы лагерьде Магаданда қайтыс болды» делінеді. Мағжан Жұмабаевпен соғыстан кейін Колыма лагерінде бірге болған Абдулла Әбдірахманов 1951 жылы ақынның аштық пен аурудан көз жұмғанын көргенін айтқан.

«Ол азапты көп көргендіктен, денсаулығы нашар еді. Жұмысқа шықпай ауырып жатқандарға 400 грамм ғана нан беретін. Біз оған артылған нанымызды, шайымызды апарып беретінбіз. Шифер қайнатып ішетін. Өлер алдында ісініп-кебініп, төрт тағандап жүре алмай қалды. Тістерінің бәрі босап, иектері ас жегізбейтін. Цингамен ауырды. Өмірден солай өтті», - деген еді Абдулла ақсақал. «Жендеттер мойындамасыңа қоймайды. Тырнағыңның астына ине тығып, қайта-қайта ұрып-соғады. Күні бойғы жауаптан әбден әлсіреп, есің танып құлайсың. Үстіңе шелекпен мұздай су құяды, сілкініп қайта түрегелесің. Бұны енді қайтып көрсетпесін. Бұл туралы тіпті айтуға тыйым салынған, “жазанды бізде өтегенің туралы ешкімге айтпайсың” деп қол қойдырып алады. Осылайша “жапондық тыңшы” жазасын өтеу үшін Магадан облысының Сусуманск ауданына аттанады», дей келе жазықсыз тартқан азабын көз алдына елестете отырып ауыр бенелейді. Мағжан Жұмабаевтың қалай қайтыс болғаны жайында: «Ертеңгісін жұмысқа апарарда сапта тұрғанбыз. Оның қайтыс болғанын естідік. Өліктерді жерлейтін арнайы адамдар болады. Солардың әкетіп бара жатқанын көрдім. Қасына барып қоштасуға, жерлесуге күзетші әскер жібермеді. Іштей қамығып, көзге жас алдым.»,-деп ауыр күрсінеді.

Мағжанның айыбы – өлеңі. Оларға өлеңдері үшін де айып тақты. Мағжан басқа «Алашордалықтарға» қарағанда өте бір сондай маржан тісті ақын болатын. Мағжанды қинағанда да тісін жұлып қинайтын. Сондықтан да болар, тамақ іше алмай, аштықтан қайтты.

Белгілі мағжантанушы Шериздан Елеукенов «Ғасырмен сырласу» атты еңбегінде ұлы ақынның жауыздықпен дүниеден өткенін былай баяндайды: «1938 жылғы наурыздың жаңбырлы, жылбысқы күндерінің бірінде ел ішін қан сасытқан тоталитаризмнің тоңмойын қасапшылары қазақтың кеменгер ұлттық ақыны Жұмабаев Мағжанның өмірін қиды». Мәселе әдебиет кітаптары яки Мағжан туралы тараудың қалай аяқталуында да емес, мәселе мынада болып отыр. Ол Мағжанның өмірбаянын үш кеңге бөліп қарастыра

отыра, оның ішінде «Үшінші кезең, соңғы кезең (1924-1938)» деген тарауында Мағжанның соңғы өмір жолын жазады.

«...КСРО Орталық Атқару комитеті президиумының Мағжан Жұмабаевтың кесілген мерзімін қысқарту туралы қаулысына сәйкес 1936 жылы маусым күні лагерьдің темір торынан Мағжан аман - есен маусым айының 2 - сі босанып шықты - ау, әйтеуір. Сол жылдың қыркүйегінде Қызылжарға Сәбит келді. 1937 жылдың Жылы - жылы сөйлесе, жылан інінен шыға май айы қарсаңында Алматыға да жетті. Айтысып - тартысып қырғикабақ болып жүрсе де, бірге оқығандары бар, бір семинарияның төлі емес пе, бірден Сәкен Сейфуллиннің " Вижна была какая - то настоуженность и растерянность , " - деп жазыпты Мағжан енді бұл жолы Алматы абақтысында 1938 жылы тергеушіге жауабында. Сөйтсе кеңес өзінің Қызыл қыранына да ауыз салған екен. Алматыдағы жүріс - тұрысы да итшілеген өмір болды. Қайыр тілеуден аз - ақ алдында. Ақыры ондаған жылдар қайда барса да қыр соңынан қалмайтын үңірейген мылтық аузы бұл жолы құрбандығының ту желкесіне тиді. Талай жыл кезенген от қару көкке тиген шалғыдай қиын түсірді. Ләм деуге шамасын келтірген жоқ. Бірақ ләм дегенде не демекші ? Айтуға тиістісін бұдан он сегіз жыл бұрын.

1920 жылы " Жан сөзі" өлеңінде айтқан.

Енді бір ай - жиырма жеті жасқа келем.

Отыз, қырық ... Қартаям. Сөнем, өлем, - дегентін 1938 жылы наурыз айының 19 жұлдызында айтқаны жазбай келді». Алайда, әдебиетші-ғалым «Мағжан» атты монографиялық зерттеуі үшін Мемлекеттік сыйлық алған ол әңгіменің бәрін теріске шығарды. «Ешкімнің ешқандай дерегі жоқ, бірінен бірі естіген, «анау айтыпты», «мынау айтыпты» деген лақап әңгіме әншейін. Бізде оның атылғаны туралы нақты құжат бар. Мағжан 1938 жылы атылған», - дейді ғалым.

Сыншы, филология ғылымдарының докторы Дандай Ысқақұлы «Мағжан поэзия падишасы» атты көлемді кітабында «Мағжан өлімінің шындығынан кеңестің өтірігі қымбат па?» деген тақырыпта сөз қозғайды. Онда Бауыржан Момышұлының сөзі рас екендігін, Райхан апамыздың (Мағжан Жұмабаевтың інісі – Қалижанның қызы) сөзін тағы бір мәрте ескереді. «Магаданда айдауда жүрген жерінен Баукең көріпті» дейді. Ол 1948 жылы болса керек, яғни ату жазасына кесілгеннен 10 жылдан соң. Ал, Баукеңнің өтірік айтпайтынын барша Алаш жұрты біледі. «Алаш айнасы» бұл тақырыпқа арнайы бет арнап, «біледі-ау» деген ғалымдар мен көзіқарақты мамандардан мән-жайды сұраған болатын. Таяуда редакциямызға ақынның немере қарындасы Райхан апамыз хабарласты... Апа, әлгіндей «Мағжанды көзбен көрдім, Колымада бірге отырдым», – деген көзі тірі куәгер бар, олай болса, ендігіде ақынның өмірбаянына өзгеріс еніп, тарих қайта жазылатын шығар? — Колымаға барып келген соң, тиісті орындардың есігін қағып, «Мағжан атылған» деген деректі жоққа шығаруды, сол арқылы жалған тарихты лақтырып, шынайы дерекке жүгінуді талап еттім ғой. Бірақ, сонда олар мені: «қайдағы бір 92 жастағы қартқа сеніп, өзгерте салатын тарих ойыншық емес, оның үстіне, Кеңес үкіметінің ондай деректерден қателесуі мүмкін емес», – деп тыйып тастады. Яғни, не маған, не әлгі тірі куәгерге ешкім сенген жоқ, құлақ асар түрі көрінбейді..»

Осы тұста ескеретін тағы бір жайт бұл Мағжанның жары Зылиха апамыздың әрекеттері. Зылиха жеңгеміз — «Мен Мағжан айдауда болғанда соңынан 14 рет іздеп бардым», – деген Зылиха жеңгеміздің сөзі шындықтан гөрі өтірікке көп жақын. Ал, қазақтың барлық қаламгерлер қауымы, ғалымдары сол Зылиханың сөзіне имандай сеніп, тарихқа солай енгізіп жіберген. Ал шындығында, жағдай тіпті басқа. Мағжан ұсталысымен, яғни, «атылысымен» көп ұзамай ол жеңгеміз бір татар полковнигіне күйеуге шыққан. Ленинградта сол кісімен тұрды. Мен қанша рет Мағжан ағаның делосын сұрап едім: «Дым жоқ, жоғалған», – деп маған берген жоқ. Сонда ол қайда? Егер өз көзіммен істі оқып шықсам, Мағжан аға лагерьде қалай өмір сүрді, оған кімдер келіп-кетті, тергеу қалай жүргізілді, барлығын өз көзіммен көрер едім. Мен білетін бір ақиқат інісі Сәлімжан Мағжан ағаның артынан іздеп барып, кездескен. Сонда Зылиханы:

«туысқан қарындасымыз еді», деп алдап, әрен кездестірген. Сөйткен Зылиха кейін ағамызға қалай баруы мүмкін, бір емес, 14 рет? Осы тұста қисынсыздық, яғни «өзі жоқтың көзі жоқ» деп айтыла салған өтірік бар секілді. Сөйткен адамның сөзіне имандай ұйып, тіпті Зылиханың өзін «лагерьде 14 жыл отырды» қылып шығарып жатқан ғылымдар да бар. Менің соған жаным ауырады. Шын мәнінде, Зылиха апамыз айдалған жоқ. Ең бір таңғаларлығы да сол, басқа «халық жауларының» әйелдері Сібірге айдалып, сондай ит азатты түрмені көрсе, Зылиха жеңгем емін-еркін өмір сүрді, ешкім оған саусағының үшін да тигізген жоқ. Бұл да – күдікті жағдай. Дандай Ысқақұлы сонымен бірге Мағжанның қолжазбаларына үстірт қарағанын да былай жазып кеткен: «Сондай-ақ, ол кісіден ағамыздың қолжазбаларын, өзіндегі мұрағатын сұрап еді: «білмеймін, не до этого было», – деді де, қоя салды. Қалай ғана Мағжанның жары бола тұра, оның жазған дүниелерін сақтап қалуға тырыспаған.

«Бір күні, – дейді Әбекең, – Мағжанның тіпті жүруге шамасы келмей, еңбектеп қалды». Қасына барып хал сұраған екен: «Аяқтарым ісініп кетіп, баса алмай тұрмын, еңбектемеске лаж жоқ», – деп, сол еңбектеген күйі қара жұмысын істей беріпті. Қалай ауырмасын, ол жердің қысы адам төзгісіз, 50 – 60 градус суық, одан мұзды судың түбінен құм алдырып, ол құм арасынан, алтын іздетеді екен. Ал, беретін тамақтары күніне небары 400 грамм нан ғана. Ауырмай қайтсін? Сөйтіп жүргенде, көп ұзамай Әбекең таңертең далаға шыққанда сондағылардың аузынан: «Мағжан умер», дегені қаралы хабарды естіген. Жүгіре жеткенде, ең аяныштысы сол, оны: «қазақтың сондай бір бетке ұстар тұлғасы-ау», – деген ешкім жоқ, күрекпен алып, ары ысыра салған. Жалпы, лагерьде кім өлсе де, олардың жансыз денесіне қарап, рәсімін жасауға ешкімнің құлқы да, мүмкіндігі де болмайтындықтан, жан-тәсілім еткендер сол құлаған жерінде қала береді екен. Кейін барып оларды жинап әкетіп, бір жерге топтап көме салады. Соны естігенде қалай жыламайын?!. - Ақынның, әсіресе тәнінен гөрі жаны азапқа түскен шағында өлең жазбауы, іштегі ыза, намыс, мұң мен шерін тарқатпауы мүмкін»

Қорытындылай келе Мағжанды ұлтшыл емес, ұлтжанды атау керек, сонда ғана басқа мәселеден, тікелей ұлт мәселесін қозғай аламыз. Ленинизмнің езілген ұлттар өз мүддесін езуші мемлекет пролетариатың мүддесінен немесе іс жүзінде империя талабынан төмен ұстасын деген қағидасын Маржанның ұстанғаны рас. Олар алаш үшін жан қиып, жапа шекті. Ұлтының қамын бәрінен бұрын ойлады. Түбі Мағжанның өтірік өмірбаяны жойылып, шындық жарыққа шығуға тиіс. Ендігі мәселе Мағжан туралы әлі толық зерттеулер жүргізілсе екен деймін. Сонда ғана Мағжантану үлкен ғылым саласына айналады деген ойдамын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қаһарман Бауыржан Момышұлы, 98-бет. Алматы, «Өнер» баспасы, 2008 ж.
 2. Д. Ысқақұлы «Мағжан поэзия падишасы» 232-233-бет Алматы, «Дәуір» баспасы, 2020ж.
 3. Шериздан Елеуқенов «Ғасырмен сырласу» 289-бет. Астана «Елорда» баспасы 2004ж.
 4. Т. Кәкішұлы «Мағжан-Сәкен» 59-60-бет. Астана «Фолиант» баспасы 2016ж.
- Ж. Самрат «Ақын өмірінің жаңа деректері» «Егемен Қазақстан» газеті
<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1600267&lang=kk>

ҮШТІЛДІК ХАБАРЛАНДЫРУЛАР МЕН ЕСКЕРТПЕЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ОСОБЕННОСТИ ТРЕХЪЯЗЫЧНЫХ ЗАМЕТОК И ОБЪЯВЛЕНИЙ

FEATURES OF TRILINGUAL NOTES AND ANNOUNCEMENTS

Аңдатпа. Бұл мақалада қоғамдық орындарда қолданылатын үштілдік хабарландырулар мен ескертпелердің ерекшелігі сөз болады. Олардың ағылшын, орыс, қазақ тілдеріндегі нұсқасы салыстырылады. Сонымен қатар автор қазақ халқының дүниетанымына жат кейбір сөзқолданыстарына да назар аударады.

Түйінді сөздер. Үштілділік, хабарландыру, ескертпелер, мемлекеттік тілдің рөлі.

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности трехязычных объявлений и заметок, используемых в общественных местах. Сравняются их английский, русский и казахские варианты. Автор также обращает внимание на некоторых выражениях, чуждых мировоззрению казахского народа.

Ключевые слова. Трехязычие, объявления, заметки, роль государственного языка.

Annotation. This article discusses the features of trilingual announcements and notes used in public places. Their English, Russian and Kazakh versions are compared. The author also draws attention to some expressions that are alien to the worldview of the Kazakh people.

Key words. Trilingualism, announcements, notes, the role of the state language.

Тіл – жалпы әлемді көрсететін экран ғана емес, сонымен қатар адамның дүниетанымдық әлемін бейнелейтін айна. Ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас құралы – тіл. Ал тіл арқылы біз хабарлаймыз, ақпарат алмасамыз, танымдық, эстетикалық ләззат аламыз.

Хабарландыру (announcement) – белгілі мәселені хабарлау мақсатында газетке, журналға, басылған немесе ілініп қойылған жазбалар, оларды мәтін ретінде қарастыруға болады. Ақпарат алмасу (Information exchange) – адамдардың бір-бірімен, бірінен екіншісіне ақпарат беруі [1]. Олардың негізгі мақсаты үгіт-насихат жүргізу, ақыл кеңес беру, дұрыс жолға салу, тәрбиелеу, қоғамдық орындардағы этикетті сақтау т.с.с

Елімізде жүргізіліп жатқан тіл саясатына орай қазіргі кезде, адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуы, коммуникация жасауы, белгілі бір жаңалықтарды хабарлау, үгіт-насихат жүргізу, өнімдерді жарнамалау т.б. әрекеттері үш тілде, яғни қазақ, орыс және ағылшын тілінде берілуі кеңінен қолданысқа енгізіліп жүр. Сондай мәтіндердің бірі жарнама десек, ол – белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен құрылған хабарламалар жиынтығы. Жарнама сөзінің өзі жар+нама; «жар» – жария етті, мәлімдеді, хабар таратты, жарияланды деген мағынада, ал «нама» – араб, парсы «жазылған хат, шығарылған бәйіт, дастан» деген мағынадағы сөздердің бірігуінен шыққан әрі қазақ мәдениетінде кең қолданылатын ұғым, дефинициясы айқын термин. Қазіргі жарнамалық мәтінде тіл мен

мәдениеттің өзара байланысы айқын көрінеді. Біз мақаламыздың негізгі ойын осы арнада өрбітпекпіз.

Ақпараттық-реттеуші лексикада хабарлау қызметінің басымдыққа ие екені айқын. Қоғамдағы тәртіпті реттеуші тараптан халыққа жасалған үндеулер, тұрақты сөз тіркестері – өндірістің қайнар көзі. Көшедегі жарнамалар, билбордатр (жарнама щиттері) тікелей адамдарға байланысты болып жазылады. Мысалы, ағылшын тіліндегі тыйым салуындағы жарнамалар: EATING, DRINKING AND SMOKING ARE NOT ALLOWED IN THIS ROOM! (Дәрісханада тамақ жеуге, сусын ішуге және темекі шегуге рұқсат болмайды!) Немесе темекі шегуге арналмаған жерлерде, NO SMOKING! (Темекі шегуге тиым салынған!). Ал Американың офистарында мынадай іс-әрекетке тыйым салады: NO ROLLER BLADING! (Роликпен сырғанауға болмайды!). Сонымен қатар әлеуметтік мынадай хабарламаларды да көруге болады: «Guns don't kill people, Americans kill people» (Американдықтарды қару-жарақ өлтірмейді, американдықтар американдықтар өлтіреді). Бір таңқаларлығы, бұл әлеуметтік хабарлама қаруды еркін сақтау туралы заң жобасын қолдау үшін жасалады. Яғни бұл американдықтардың жекебасылық сана-сезіміне әсер етеді деген ниетпен қабылданған болу керек.

Ағылшын тіліндегі «Don't talk while he drives» (Ол көлік жүргізіп бара жатқанда сөйлеспеңіз) әлеуметтік жарнамасы аудиторияға қатты әсер етті. Бұл ескертпе жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай әлеуметтік ескертпелер тиімділігін көрсеткен. СПИД-ке қарсы науқан аясында Германияның Regenbogeep жарнама агенттігі мынандай ұранын ұсынған: «AIDS ist der Killer der Millionen» («Спид-миллиондарды өлтіруші»). Еуропа және орыс тілді әлем мәдениетінің хабарландырулар мен үгіт-насихаттарын салыстырып қарасақ, мынадай мәтіндерді байқауға болады: жоғарыда көрсетілгендей ағылшын тіліндегі *темекі шегуге болмайды* дегенді, орысша: Не курить!; ішімдікті шектейтін хабарландыру: «Қанмен алкоголь жүрекке енген кезде, ол сіздің жүрек бұлшықетіңіздің жасушаларын ерітеді. Микротүтікшелер пайда болады. Бұлшықет икемділігін жоғалтады, мүмкіндіктер шегінде жұмыс істейді және оны итеруге уақыт болмай, қанмен тұншықтырады. Жүрек май тінімен жабылады. Сондықтан ішетін адамдар әрдайым семіреді. Артериялар мен капиллярларда қан ұйығыштары жүрек-бұлшық етінің бір бөлігінің оттегі мен қоректік заттарға жетуіне жол бермейді. Жүрек тіндері өледі. Бұл инфаркт деп аталады. Өзіңді сақта!» деген сияқты белгілі бір мәселе жайында толыққанды ақпарат та беріледі. Мамыр айларында Ресейдің барлық қалалары ұлттық феномені болып табылатын патриоттық әлеуметтік жарнаманың ұрандарымен безендіретіні бар: «Ата, жеңіс үшін рақмет!», «Ешкім ұмытылмайды, ештеңе ұмытылмайды» т.б. [2, 252-253]. Біздің еліміз де орыс халқымен тағдырлас болғандықтан, қазақ тілінде де осындай хабарландыруларды жиі көруге болады. Сондай-ақ жігерлендіретін, адамның мотивациясын артыратын хабарландырулар: «Болашағың саған байланысты!» (Мегафон), «Өмірден бәрін алыңыз» (Pepsi) т.б.

Қазақ тіліндегі хабарландырулар мен ескертулердің көпшілігі орыс тіліндегі мәтіндердің тікелей аудармасы болып келеді. Олардың кейбірі сәтті аударылса, кейбірі сәтсіз аударылған. Мұның техникалық жағынан қарасақ, алдымен сөздер орыстілді тұтынушылардың дүниетанымына сәйкестендіріліп жазылады, соңынан «сөзбе-сөз» қазақ тіліне аударылады, нәтижесінде дұрыс емес, сауатсыз сөйлемдер пайда болады. Мысалы, орысша: «На территории не сорить, не харкать!», қазақшасы: «Алауыздық тудырмаппын аумақта» деген сияқты мәтін мазмұнынан алшақтап кеткен хабарландырулар, не болмаса электронды аудармаға салғандықтан, біраз қателіктерге жол беріледі: «Администрация магазина «Обувёнок» за безопасность, детей играющих на детской площадке, ответственности не несёт», ал енді қазақша нұсқасы: «Обувенок дүкенінің әкімшілігі үшін бала-шағаның қауіпсіздігінің жауапкершіліктің балалар алаңшығында ойнаушылардың несет»; құстың етін былай аударды: «Цыпленок табака» – «Темекі тауық». Мұндай аудармалардың нәтижесінде біз барлық мағынасынан айырылған «абракадабра» сөзін

аламыз. Осындай мәтіндерді көріп тұрса да, көпшілік адамдар оны әзілге айналдырып, «қолы шошайтқаннан» аспайды, ал оны жарнамалаушыға айтып, түсіндіріп, дұрыс нұсқасын ұсынуды екіншісі бірі өз міндеті деп есептемейді. Бұл біздің тіліміздің етек жайып, өркендеуіне, мемлекеттік тілдің барлық салада қызмет етуіне қажет екенін әлі де түйсіне бермейтіндігімізді көрсетеді. Мәселе жарнамалардан, хабарландырудың, ескертпелердің сауатсыздығында ғана емес, бұл жағдайда ел азаматтарының әрқайсысында тілге деген ұқыптылық болу керек, сондай сана қалыптасуы керек. Әрбір сауатты адам өзін осы қоғамның толыққанды мүшесі ретінде көргісі келсе, онда жоғарыдағыдай олқылықтарды болдырмас үшін жауапкершілік танытуы керек. Дегенмен, қазіргі таңда бұл мәселе – қазақ тілінің рөлі жоғары билік тарапынан қайтадан қолға алынып, қоғамдық орындарда асмәзірінен бастап барлық ескертпелер мен жарнамалар тек қазақ тілінде әрі сауатты жазылатын қаң жобасы даярланып жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді» [3] деген ұстанымда екенін жариялады. Сонымен қатар ҚР Тіл туралы заңында мемлекеттік тілді білу қазақстандықтардың мәртебелі парызы екендігі тайға таңба басылғандай көрсетілген. Соңғы деректерге сүйенсек, қазақ тілін білетіндер саны 70 %-ға жеткен. Бұл дегеніміз қазақ дүниетанымын қабылдайтын, оны сезінетін әрі түсінетін, тұтынатын халықтың саны артып жатқандығының куәсі.

Ал енді қазіргі кейбір хабарландырулар мен ескертпелер қазақ халқының дүниетанымына жақын, қабылдауға жеңіл және тәрбиелік мәні бар екендігін байқауға болады: «Магия Момента» – «Нағыз ғажайып!» (Coca-Cola сусыны); «Семья без насилия – здоровое общество» – «Зорлық-зомбылықсыз отбасы – салауатты қоғам!» (әлеуметтік проблема); «VI Group» компаниясы салған үйлердің ауласынан мынадай ескертпелерді көруге болады: «Көгалды бүлдірмей, үй жануарыңыздың артын тазалап жүргеніңізге рақмет! Өзіңізбен бірге пакет алып, артынан жинап жүруіңізді сұраймыз». Бұл ескертпені оқыған адам бірінші мырс етіп күліп алуы мүмкін, өйткені адам әрекетті істемей тұрып, сенім арта алғыс айтып отыр; екінші сөйлем өтініш ретінде берілген. Яғни бірінші сол аумақтың тұрғындарының сана-сезіміне қалай әсер етудің тиімді жолын таңдап алған, екіншіден, «Көгалды басуға болмайды!, «Итті серуендетуге тыйым салынады!» деген сияқты бұйрық түріндегі сөйлемдерге қарағанда, алғыс айта отырып, өтініш білдіру қазақ халқының ежелден келе жатқан коммуникативтік мінез-құлқына жақсы қабылданады. «Ит қорыған жерге өш», «Ажығұнық ары жығыл десе, бері жығылыпты» дегендей даланың еркін халқы ретінде қазақ халқы істеме деген сайын, бұйырған сайын оған қарама-қарсы әрекет жасайтыны жасырын емес. «Жылы-жылы сөйлесе, жылан іннен шығады» немесе «Айран сұрай келе шелегін жасырмайды» т.б. дегендей, емеуірін танытып, ниет білдіру және оны орындатуға мәжбүр етудің қазақ дүниетанымында сан алуан жолдары бар. Сондықтан жарнама, хабарландырулар мен ескертпелердің мәтінін басқа тілден аударғанда немесе құрастырғанда осы мәселенің ескерілгені жөн деп ойлаймыз.

Соңғы кездері «Social media marketing» (SMM) деп аталатын жүйе – брендке немесе өнімге әлеуметтік платформалар (желілер) арқылы назар аударту процесі даму басталды [4, 380]. Бұның негізгі мақсаты пайда табу болғанымен, қазақ лингвистикасы үшін де үлкен маңызы бар деп ойлаймыз. Оның түрлі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қазақ тілін түркі тілдерінің ішіндегі ең бай тіл ретінде беделін растайтын әрі ең жариялы, қолжетімді алаңға айналдыру, тілінің болашағына немқұрайлы қарамайтын, тілге ұқыптылықпен қарайтын қатардағы азаматтардан бастап, тіл мамандары мен жастардың алдына қойылып отырған маңызды міндеттердің бірі деуге болады. Және де бұл жүйе арқылы қазақ тіліндегі жарнама саласындағы барлық мәтіннің икемділігін, бейімділігін, тапқырлығын тексеріп, мониторинг жүргізуге де болады.

Сөз соңында айтарымыз, қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуі үшін, қоғамның барлық саласында кеңінен қолданысқа енгізіліп, өзінің мәртебелі орнын алуы

В преподавании русского и профессионального русского языка важно использование методик, помогающих осмыслению, запоминанию текстов студентами и отбор заданий, направленных на преодоление возникающих в процессе общения затруднений. Особенно важно создание условий, которые способствуют преодолению психологических трудностей в овладении языком.

Развитие разговорной речи, коммуникативных навыков - основная цель преподавателя русского языка. Преподаватель должен неустанно и непрерывно работать над тем, чтобы студенты могли высказывать собственное мнение по любому вопросу. При подготовке к каждому занятию педагог должен определить объем лексического материала, определить так называемые новые лексемы для обогащения словарного запаса студентов. Тексты должны отбираться с учетом формирования личности, нравственных ценностей студентов.

Такие темы, как «Путевка в профессиональную жизнь», «Мотивация выбора профессии», «Стать человеком - большая работа», «Дело по душе», «Талант – это трижды и четырежды труд», «Профессиональные семейные династии», которые раскрываются в форме различных эссе, индивидуальных и коллективных рассказов, предоставляют прекрасную возможность поупражняться в выражении своих мыслей, построении связных высказываний, слушании и запоминании. Проведение данных видов работ помогает студентам проявить свое отношение к таким темам и показывает их общую культуру и языковую грамотность.

Применение личностно-ориентированных технологий обучения успешно тогда, когда опирается на поисково-технологические модели занятия, проводимого на организационном, дидактическом и структурном уровнях. Организация учебно-познавательной деятельности и лингвистического содержания при одновременном формировании положительной учебной мотивации переводит исполнительскую деятельность в продуктивное творчество. Применение аудио, видеозаписей, компьютерных программ обогащают учебный процесс. Студент становится активным субъектом учебного процесса. Обязательно включение в учебный процесс каждого студента независимо от его подготовленности, применение коллективных форм работы, обмен мнениями.

Особенностями инновационных технологий являются проведение работы на опережение, открытость к будущему, направленность на личность и ее развитие, творческое начало, сотрудничество со студентом. Инновационные технологии обучения дают возможность студенту перейти от изучения языка как системно-структурного образования к изучению его как средства общения, мышления и продуктивно-творческой деятельности.

Возбуждение и поддержание интереса студентов находят свое проявление в практике интеллектуальных игр. Игровые технологии используются для решения следующих задач: активизация познавательного интереса; развитие коммуникабельности; создание условий для творческого самовыражения; развитие памяти, внимания, мышления, воображения; конструктивное общение в составе социальной группы; создание позитивного психологического климата в коллективе.

Игры можно классифицировать по-разному. Игры, применяемые нами на занятиях, распределены в группы по разделам лингвистики. Это фонетические игры, лексико-фразеологические, игры по морфемике и словообразованию, синтаксические. Такую классификацию предлагает Л.В. Петрановская.

При изучении «Фонетики» с целью различения твердых и мягких согласных звуков можно использовать интересную игру «Соберем букет». Задание: соберите в букет цветы, в которых есть хотя бы один мягкий звук. (*Цикорий, гладиолус, гвоздика, роза, ромашка, сирень, ландыш, астра, нарцисс, настурция, шиповник, колокольчик, лютик*)

Для закрепления знаний о различении звуков и букв и развития языкового чутья используются шуточные вопросы:

- Из названий каких двух букв можно приготовить пищу? («К» и «Ш»)
- В каких словах по СТО согласных? (СТОл, СТОн, СТОй, СТОп)
- Какое слово состоит из семи одинаковых букв? (семья)
- Есть в реке и в озере, а в воде нет; есть в огурце и арбузе, а в дыне нет. Что это? («Р»)
- Во время грозы мы наблюдаем молнию и гром. А что вы слышите между ними? («И»)
- Названия каких двух букв составляют целую эпоху? («Р» и «А»)

Такие игры учат мыслить, сопоставлять, развивают фонематический слух. Следующая группа игр – это лексические игры. Используются в нашей практике игровые задания, направленные на отработку лексико-фразеологических норм: «Угадай-ка», «Собери пословицу», «Кто быстрее?», «Объясни значение», «Собери фразеологизм», «Заменяй фразеологизмом», «Подбери синонимы», «Географические названия», «Кто больше», «Угадай профессию», «Догадайся», «Слова из слова». Лексико-фразеологические игры направлены на развитие навыков устной монологической и диалогической речи, расширение словарного запаса студентов.

Проблемно-поисковый метод при словарной работе: угадайте слово по толкованию его лексического значения, объясните разницу в значении:

Например: Мука-мука. (омонимы)

Толкование лексического значения	терм ин
Так в шутку зовут долговязого человека и это части (деталь) конструкции крыши	стропило
Другое название оврага и часть (деталь) конструкции крыши	балка
Небольшая лошадка и деталь скатной крыши	конек
Это картонная тара и часть двери	коро бка
Его вбивают, отграничивая строительный участок, и это плохая оценка ученика	кол
Его дают пострадавшему, и им крепят шпалы.	кост ыль
Она морская, но появляется и при промерзании земляного полотна	пучи на
В них легко модницам, и она предназначена для прохождения, наполнения и посадки пассажиров, и для длинномерных, штучных грузов	плат форма
Удобно в них стоптанным, и применяется для торможения или закрепления от внезапного движения (ухода) состава.	башм ак
Это перемещение стада, и часть железнодорожной линии, ограниченная соседними разъездами.	перег он

Таким образом, у студентов в игровой форме формируется умение определять лексическое значение омонимов.

Игра «Собери фразеологизмы»: Соберите за одну минуту рассыпанные на отдельные слова шесть фразеологических единиц.

Хочешь потерять друга - займи ему денег. Гусь свинье не товарищ. У него язык без костей. Семь пятниц на неделе. Из огня да в полымя. Как в воду канул.

«Перевертыши», или «Шифровальщики» (строчки из стихотворений, названия сказок, книг)

Ваша Маша тихо смеется. - Наша Таня громко плачет.

Ты ненавидишь мою коровку. - Я люблю свою лошадку.

Король под фасолью. - Принцесса на горошине.

Падающий деревянный генерал. - Стойкий оловянный солдатик.

Пес без босоножек. - Кот в сапогах.

Великолепный индюк. - Гадкий утенок.

Квадратик. - Колобок.

Синяя бейсболка. - Красная шапочка.

Солнечный принц. - Снежная королева.

«Угадай-ка» (игра с подсказками):

Живет в море... Бывает на эстраде... Видна в ночном небе... (звезда).

Был такой композитор... Растет на дереве... Выпал из тетради... (лист)

Ее можно брать... У всех она своя... Самая большая у Эвереста ... (высота)

Бывает толстый и тонкий... Бывает научный и детский... Есть такой... «Крокодил» (журнал).

Такие игры обогащают словарный запас, воспитывают стремление студентов к самосовершенствованию.

При изучении «Морфемики» и « Словообразования» можно провести следующие игры.

Игра «Третий лишний». Найдите лишнее слово, обоснуйте свой выбор.

Желток, железо, желтый

Носильщик, нос, носатый

Часовщик, часть, час

Печурка, печать, печка

Циркуль, цирк, циркач.

Составление шарады «Составь слово». Шараду записываем, отгадываем, объясняем правописание и лексическое значение слова, составляем предложение:

Он на вокзале есть всегда,

К нему приходят поезда,

Двойное р содержит он,

И называется ...

Корень тот же, что и в слове СКАЗКА,
Суффикс тот же, что и в слове ИЗВОЗЧИК,
Приставка та же, что и в слове РАСХОД.
Корень мой находится в ЦЕНЕ.

В ОЧЕРКЕ найди приставку мне.

Суффикс мой в ТЕТРАДКЕ вы встречали,

Вся же в дневнике я и в журнале.

В списке вы мой обнаружите корень,
Суффикс в собрании встретите вскоре,
В слове рассказ вы приставку найдете,
В целом – по мне на уроки пойдете.

В результате подобных заданий у студентов формируется умение определять состав слова, выделять нужные морфемы, различать однокоренные слова, они лучше усваивают способы образования слов.

При изучении «Синтаксиса» используется игра «Серпантин одной фразы». В игре отрабатывается умение пользоваться распространенными предложениями, умение строить сложные предложения. Предлагается фраза. Задача каждого следующего игрока – продолжить ее в пределах одного предложения. Проигрывает тот, кто не может продолжить фразу.

Например:

1-й - Машинист ведет поезд.

2-й – Машинист ведет поезд по рельсам

3-й - Машинист ведет поезд по рельсам по расписанию.

4-й - Машинист ведет поезд по рельсам по расписанию каждый день.

5-й - Машинист ведет поезд по рельсам по расписанию каждый день, поэтому мое любимое занятие встречать поезда

Задача преподавателя русского языка сделать так, чтобы встреча с незнакомым не испугала, не разочаровала, способствовала возникновению интереса к обучению. Игровая деятельность может применяться на любом этапе занятия и как самостоятельное учебное занятие: уроки-игры, уроки-соревнования. В играх студенты обогащаются знаниями, совершенствуют навыки и умения. Состязательный настрой и присутствие элементов игровых ситуаций способствуют раскрытию потенциала студентов, учат экспромтному высказыванию своего мнения. Такими методами и приемами будут практикумы, викторины, исследования, путешествия, диалоги по проблемным ситуациям, деловые игры.

Использование индивидуальных творческих домашних заданий или проектной технологии повышает и углубляет интерес студентов, развивает их творческие способности путем формирования компетентности в сфере самостоятельной познавательной деятельности, приобщения к чтению, развития любознательности и расширение кругозора, развития навыков работы с большим объемом информации.

Самостоятельные творческие задания вырабатывают у студентов и навыки критического мышления, раскрывают индивидуальные особенности студентов. В отличие от игр вообще педагогическая игра обладает существенным признаком - чётко поставленной целью обучения и соответствующим ей педагогическим результатом, которые могут быть обоснованы, выделены в явном виде и характеризуются учебно-познавательной направленностью, что в конечном итоге формирует компетенции молодого специалиста. Инновационные методы и приемы помогают делать уроки русского языка интересными, а в преподавание предмета приносят разнообразие, повышают мотивации студентов.

Список использованной литературы:

1. Баев П. М. « Игруем на уроках русского языка». Издательство «Русский язык» Год 1989
2. <http://med-books.info/psihologiya-pedagogika-voennaya/osnovnyie-pedagogicheskie-idei.html>
3. В. Волина "Занимательная грамматика"

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ
МЕТАФОРЛАРДЫҢ ӘДЕБИ-ТАРИХИ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****ОСНОВЫ НАУЧНО-АСПЕКТНОГО ФОРМИРОВАНИЯ СТИХОТВОРЕНИЙ
ПОСВЯЩЕНИЯ (АРНАУ) КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ****FUNDAMENTALS OF SCIENTIFIC-ASPECT FORMATION OF DEDICATION
POEMS IN KAZAKH POETRY**

Аннотация. Мақалада қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдеріндегі көтерілген тың тақырып – азаттықты, тәуелсіздікті жырлау мәселесі талқыланады. Ақындардың жеке шығармашылығындағы тәуелсіздік сарынының тарихи ерекшеліктері де қарастырылып, ақын ойының тым тереңде, көне заманғы адамзат баласы көкейіндегі туындаған арман белестерінен негіз алатындығы көрсетіледі. Көк түрік елінің ежелгі батырлары – тасқа есімдері қашалып жазылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ерліктерін дәріптеген, азаттықты көксеген азаттық сарыны ақын шығармаларынан айқын сезілетіндігі айтылады. Сонымен қатар алдыңғы буын өкілдері – Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды ақындардың өлеңдеріндегі азаттық тақырыбы да сөз болған. Ақындардың арнау өлеңдеріндегі азаттық сарыны тәуелсіздікпен қатар, еліміздің мәдениеті мен ұлттық ерекшеліктерінің көріністерін қамтитындығы да жақсы талқыланған.

Түйінді сөздер. Арнау өлеңдері, тәуелсіздік, сөз шайырлары, ежелгі тас жазулары, қазақтың ұлттық нақыштық негіздері, қазақ мәдениеті, қазақ әдебиеті мәселелері, азаттық сарынына негізделген ақын ойлары.

Аннотация. В статье будет рассмотрена поднятая в казахской поэзии тема посвящения – воспевание свободы, независимости. Рассмотрены исторические особенности мотива независимости в индивидуальном творчестве поэтов, показано, что мысль поэта лежит в основе мечтаний, возникших в глубокой, древней человеческой расе. В произведениях акына отчетливо чувствуется независимость, прославивший подвиги древних героев көктүркі – Кюльтегин, Бильге Каган, Тоныкок, чьи имена высечены на камне. Также была затронута тема освобождения в стихах предыдущих поколений – Магжана Жумабаева, Жусупбека Аймаутова, Султанмахмута Торайгырова. Посвящение мотивы в творчестве поэтов свобода с независимостью, а также особенностей проявлений и национальной культуры нашей страны, обсуждавшихся в камтитындығы хорошо. Подчеркивается направленность произведений поэта на реалистическую основу. В заключение поэмы посвящения в творчестве поэта, жаждущего свободы, независимости, - научно характеризуют и классифицируют поэзию о жаждущем освобождения, независимости стране, исследуя проблемы социального благополучия страны. Народу с Азаттықты аңсаған Қазақ елі, параллельно рассматриваются основы культуры, национального мировоззрения. Это, наверное, и есть кульминация в поэмах посвящения поэтов, в необходимости размышлять над читательской общественностью, создавать собственное мнение.

Ключевые слова: стихи посвящения, независимость, слова смолы, древние каменные надписи, основы казахского национального колорита, проблемы казахской культуры, казахской литературы, мысли поэта, основанные на мотивах Азаттык.

Annotation. The article discusses the new theme raised in the poems of dedication in Kazakh poetry – the issue of singing freedom and independence. The historical features of the theme of independence in the personal works of poets are also considered, and it is shown that the poet's thought is based on the deep, dreamy peaks that arose in the context of the ancient

human race. It is noted that the poet's works clearly convey the spirit of liberation, which glorified the exploits of the ancient heroes of the Blue Turkic country – Kultegin, Bilge Kagan, Tonyukuk, whose names are engraved on the stone. The theme of liberation was also mentioned in the poems of representatives of the previous generation – Magzhan Zhumabayev, Zhusupbek Aimautov, Sultanmakhmut Toraigyrov. .

Keywords: poems of dedication, independence, words, ancient stone inscriptions, Kazakh National motifs, problems of Kazakh culture, Kazakh literature, poet's thoughts based on the theme of liberation.

Қазақ поэзиясының қалыптасуы мен дамуы тарихында ерекше орын алатын арнау өлеңдерінің жанрлық табиғатын саралау, оны басқа жанрлардан ажыратып көрсету, оның өзіндік ғылыми ерекшеліктерін байыптау – бүгінгі күнгі жанр мәселесімен тығыз байланысты күрделі проблемалардың бірі екендігін айқын аңғарамыз. Жер шарын мекендеген қандай халықтың болсын өзіндік поэзиясында бір-біріне ұқсас жанрлық түрлердің тууы, қатар өмір сүруі - әдеби процестегі табиғи құбылыс ретінде саналады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, қазақ поэзиясының жанрлық түрінің бірі – арнау өлеңдері толғау, терме, жоқтау және т.б. жанрларымен қатар, кейде синоним ретінде қолданыла беретіндігі жасырын емес. Біздің жыл санауымыздағы өткен ғасырларда қазақтың кең даласына қызығушылық танытып, елімізге саяхаттап келіп, халық ауыз әдебиетіне жоғары баға берген шетелдік саяхатшы А. Янушкевич: «Қазақ халқының поэзияға деген бағамы, поэзиядағы талғамы, поэтикалық, эстетикалық сезімталдығы Европа жұртшылығынан асып түспесе, әсте кемдік жоқ деп, нық сеніммен, дәлелмен айта аламын», - деген [1,145]. Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдерінің тарихи сипатына келсек, онда біз аталған өлең түрлерінің өз бастауын 7-8 ғасырларда өмір сүрген Күлтегін, Білге қаған жазбаларынан алатындығына нақты сенім білдіріп, ашық айта аламыз. Бұл туралы ғалым Рабиға Сыздық ғылыми дәлелдемелер келтіре отырып: «..Бастауын біздің жыл санауымыздағы 7-8 ғасырлардағы тас ескерткіштеріндегі жазбалардан алатын арнау өлеңдерінің әдеби және тарихи маңыздылығы өте жоғары. Біз арнау өлеңдерінің бізге келіп жеткен мазмұнымен таныса отырып, өткен тарихымыздағы қилы оқиғалардың шынайы куәгері бола аламыз», - дейді [2,456]. Сонымен қатар ғалым Рабиға Сыздық: «Қазіргі қазақ поэзиясында арнау өлеңдерінің өз алдына жанрлық түр екенін арнайы талдап айтқан еңбек болмағанымен, бұл туралы А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Б.Кәрібозов, М.Мырзахмет өз еңбектерінде қазақ поэзиясының жанрларының бірі екенін жоққа шығармайды», - деп те тоқталып өтеді [2,458]. Қазақ әдебиеті теориясында ғана емес, дүниежүзілік әдебиет теориясында да жанр табиғатын айқындауға байланысты пікірлер әрқилы, бір ізге түспеген. Қазақ әдебиеті тарихын зерделеген ғалым Бағдан Момынова да Р. Сыздық пікіріне қатысты өз болжамын ашып айтады. Ғалым Б. Момынова: «жанр мәселесі маңында шартты пікірлер көп. Әдебиет теориясын толғайтын кітаптардың көбінде әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр,» - деп жүр дейді. Сондай-ақ әдеби шығарманың жанрлық түрін анықтау мәселесінде келесі мәселелерді басшылыққа алуды ұсынады. Оның: «... әр жанрдың әдеби түр ретінде тууы мен дамуының негізінде мазмұнының ұлан-ғайыр құбылулары – пайда болуы, өзгеруі, өсуі, өшуі жатар. Жанр жайлы сөз қозғағанда, міне, дәл осы құбылуларды әрқашан есте ұстап отыру шарт. Сонда біз жанр жайын байыптауға әншейін пішін тұрғысынан емес, мазмұн тұрғысынан келеміз де сыртқы белгілері мен өзгешеліктерін жіпке тізіп тынбай, оның ішкі даму заңдылығының тарихын талдап, тексеретін боламыз,» - деп бекіткен [3,45]. Демек, ғалымдар пікірін негізге алсақ, онда қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдері - толғау, терме, халық лирикаларының басқа жанрлық түрлері секілді мазмұны, пішіні, тақырыбы, белгілі объектіге аранп айтылуы тұрғысынан саралап, жанрлық түр ретінде талдап тануға бола алатындығына көз жеткіземіз. Сонымен қабат, «қазіргі қазақ поэзиясында арнау» деп аталатын өлең түрінің ұлан-ғайыр поэзиялық мұралардың молдығы да бұл жанрлық түрдің үнемі даму, өсу үстінде екенін де байқатады.

Бір жанрлық түрдің жойылуы, екіншісінің пайда болуы немесе бірнеше жанрлық түрдің бірігіп жаңа мазмұнға ие болуы - әдебиеттегі заңды құбылыс ретінде саналады. Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдеріне қатысты жанр табиғатын анықтауда белгілі әдебиет, фольклористика теоретиктері әртүрлі шарттар ұсынады. Ғалым Рабиға Сыздық: «жанр – нақты тарихи құбылыс емес, типологиялық құбылыс,» - деп көрсеткен [4,56]. Кеңес дәуірінде қазақ әдебиетінің фольклоры тарихына ғылыми сараптама жасап, бағалау ұсынған Сәкен Сейфуллин өзінің «Қазақ ауыз әдебиеті тарихы» атты еңбегінде арнау өлеңдеріне: «Қазақтың арнау өлеңбері баға жетпес байлық. Арнау өлеңдеріне тарихына тереңірек үңілген сайын, халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, өткенімен соғұрлым жақынырақ таныса түсеміз», - дейді [5,164]. Қазақ поэзиясына қызығушылық танытып, ғылыми зерттеулер жүргізген шетел оқымыстысы В.Я. Артюнова аталған жанрды «поэтикалық системалардың бірлігі арқылы анықтауға болады», - деп тұжырымдайды [6,148]. Қазіргі қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдері жанрын анықтауда біз басшылыққа алап отырған мазмұн, түрдің негізгі рөлін келесі орыс ғалымы Н. Якубинский былайша нақтылай түседі: «Егер біз жанр – көркем шығарманың тарихы қалыптасқан түрі деп есептесек, онда жанр туғызатын элементтер ретінде оның түрін, яғни түрлік ерекшеліктерді, құрылымын, атап айтсақ, шығарманы түзетін элементтер түрін ғана есепке алуымыз керек,» - дейді [7,18]. Ал ғалым Қ. Қазанбаева өзінің ғылыми ұсынысында лириканың жанрлық түрлерін анықтауда тақырыпты негізгі басшылыққа алуды ұсынады. Ғалым «Кейбір ғалымдар жанрды «тарихи қалыптасқан түр немесе қайталанатын композициялық құрылым» ретінде анықтауды алға тартады», - дейді [8,214]. Сонымен жоғарыда талқыланған тұжырымдарға сүйенсек, онда арнау өлеңдерін қай тұрғыда қарастырсақ та оның өз алдына жеке өмір сүруге, жанрлық түр ретінде жеке аталуға дәлелденген тұжырымдама бар екеніне көз жеткізе аламыз. Егер басшылыққа шығармадағы мазмұнды алсақ, арнау өлеңдері басынан аяғына дейін бір объектіге қарап айтылған белгілі мазмұнға құрылған, тақырыптық тұрғыда алып қарастырсақ, арнау өлеңдерінің тақырыптары сан алуан болғанымен, ол да адам, жер, қоғам, халық, алла тағала және т.б. нақты объектіге арналған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұхамедханов Қ. Арнау өлеңдері хақында // Семей таңы, 1992 жыл.
2. Ахметов З. Өлең сөз теориясы. А., 2012 ж.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. А., 2002 ж.
4. Жүсіпов Қ. Өлең сөздің патшасы. А., 2000ж.

ОҚУ МАҚСАТЫНДАҒЫ WEB-САЙТТАРДЫ ЖАСАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ТРЕБОВАНИЯ К СОЗДАНИЮ WEB-САЙТОВ УЧЕБНОГО НАЗНАЧЕНИЯ

REQUIREMENTS FOR THE CREATION OF EDUCATIONAL WEBSITES

Аннотация. Қазіргі таңда Web-технологияларсыз өмірімізді елестету қиын. Олар қоғамның барлық салаларында қолданылады. Осыған орай, мақалада оқу мақсатындағы web-сайт түсінігі, олардың жіктемесі, мүмкіндіктері беріліп оларды жасауға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері ұсынылған.

Түйінді сөздер. веб-сайт, білім беру ресурстары, білім беру сайты, білім беру порталы, білім базасы.

Аннотация. В современном мире сложно представить свою жизнь без Web-технологий. Они используются во всех сферах жизни общества. В связи с этим в статье дается понятие web-сайта учебного назначения, их классификация, возможности, представлены требования к их созданию и критерии оценки.

Ключевые слова. Веб-сайт, образовательные ресурсы, образовательный сайт, образовательный портал, база знаний.

Annotation. In the modern world, it is difficult to imagine your life without Web technologies. They are used in all spheres of society. In this regard, the article gives the concept of a web site for educational purposes, their classification, capabilities, requirements for their creation and evaluation criteria are presented.

Keywords. Website, educational resources, educational website, educational portal, knowledge base.

Бүгінгі таңда интернет кез келген жастағы және кез келген кәсіптегі адамдардың жаңа білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Егер бұрын кез келген тақырып туралы түсінік қалыптастыру немесе қажетті ақпаратты табу үшін көптеген ақпарат көздеріне (кітаптар, оқулықтар, энциклопедиялар, журналдар, газеттер, радио және теледидар) жүгіну қажет болса, бүгінде бір ақпарат көзін, яғни интернетті пайдалану жеткілікті.

Адамдар барлық ақпаратты, барлық білімдерін біртіндеп Интернетке ауыстырады. Интернет салынған ашықтық принципінің арқасында оның ресурстары (франц. rressources – қорлар, көздер, қаражат) үнемі жаңартылып, толықтырылып отырады. Кез келген адам ақпаратты интернетте орналастыра алады және сол арқылы білімі мен дағдыларымен бөлісе алады. Осылайша, интернеттің ақпараттық ресурстары таусылмайды деп айта аламыз.

«Жалпы, ақпараттық ресурстар – бұл ақпараттық жүйелердегі құжаттар мен құжаттар жиынтығы (кітапханалар, мұрағаттар, қорлар, мәліметтер базасы, ақпараттық жүйелердің басқа түрлері). Интернет арқылы қол жетімді электрондық түрдегі ақпараттық ресурстар интернет-ресурстар деп аталады. Интернет-ресурстар деп тек мәтіндік құжаттарды ғана емес, сонымен қатар графикалық, дыбыстық, бейне иллюстрацияларды,

сондай-ақ бағдарламалық модульдерді де түсіну керек», -дейді өз еңбегінде В.М.Домненко [1].

Көптеген қолданыстағы интернет-ресурстарды оқыту үшін қолдануға болады. Ғылыми, ғылыми- танымал, анықтамалық, жарнамалық ақпарат білім беру мақсатында қызмет ете алады. Мысалы, бағдарламалық жасақтама жасаушылар мен техникалық қолдау қызметкерлері интернетте сұрақтар мен жауаптар түрінде берілген ақпаратты орналастырады. Интернеттегі презентацияның бұл түрі FAQ деп аталады (ағылшын тілінен. Frequently Asked Questions – жиі қойылатын сұрақтар). Бұл ақпарат, әрине, информатика немесе бағдарламалау сабақтарына дайындалу үшін білім беру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Оларды пайдалану арқылы үйрену және үйрету үшін арнайы құрылған ресурстар білім беру ресурстары деп аталады. Жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері өз бетінше, кейде тіпті студенттерімен бірге интернет-ресурстарды кейіннен оқу процесінде қолдану үшін жасайды.

Интернет-ресурстар, әдетте, мәтін, иллюстрациялар мен бағдарламалық модульдердің барлық түрлерін қамтитын ақпараттың тұтас кешені болып табылады. Білім беру Интернет-ресурстарының осындай кешендерінің келесі түрлерін ажыратуға болады:

- * білім беру сайты;
- * білім беру порталы;
- * білім базасы;
- * қашықтықтан оқыту жүйесі.

Оқу мақсатындағы web-сайт түсінігі, жіктелуі. Білім беру сайты ұғымына sites.google.com сайты келесідей түсінік береді: «Интернеттегі бір оқу пәніне, бөліміне немесе тақырыбына арналған ақпарат жиынтығы білім беру сайты деп аталады (ағылшын тілінен. сайт – орын). Білім беру сайттарына мұғалім тікелей сабақта қолдана алатын иллюстрациялық материалдар, сонымен қатар оқу материалының қысқаша мазмұны, жаттығулар мен тапсырмалардың мазмұны, оларды шешудің мысалдары және мұғалім оқушыға өзін-өзі зерттеу үшін ұсына алатын басқа да ақпарат кіреді» [2].

Білім беру мекемелерінің сайттары білім беру сайттары тобына жатады. Білім беру веб-сайты деп білім алушыларды аттестаттаумен қамтылуы мүмкін жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты процесін қамтитын, қайталанатын дизайны бар мағынасы бойынша біріктірілген, навигациялық және физикалық тұрғыдан бір серверде орналасқан веб- беттердің жиынтығы түсініледі [3].

Барлық пайдалы ақпаратты қамтитын жақсы сайт тәуліктің кез келген уақытында жұмыс істейтін коммерциялық компания мен білім беру мекемесінің ең жақсы үлгілік беті болып табылады. Бұл барлығына өз жетістіктерін паш етуге, қызығушылық танытқан адамдарға (студенттерге, талапкерлерге, оқытушыларға, басқа оқу орындарындағы әріптестерге) арналған өзекті ақпаратты орналастыруға тамаша мүмкіндік.

Оқу орнының, кафедраның, оқу жобасының немесе жекелеген педагогтың интернет-сайты білім беру қызметін ұйымдастыруда, студенттердің ақпараттық қолдауын қамтамасыз етуде, ұқсас оқу орындары мен мамандықтардың әріптестеріне әдістемелік көмек көрсетуде, кәсіби қоғамдастықты ақпараттандыруда және онымен тәжірибе алмасуда маңызды рөл атқарады.

Оқытушылар үшін сайт – бұл тәжірибе алмасуға, басқа қалалардан және тіпті елдерден келген әріптестерімен байланыс орнатуға, әдістемелік материалдармен, дайын сабақтармен және педагогикалық тәжірибемен алмасу бойынша қазақстандық және шетелдік білім беру бағдарламалары шеңберінде серіктестік бағдарламаларына қатысуға арналған алаң.

Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін сайт, ең алдымен, ақпараттық ресурс болып табылады. Әртүрлі білім беру мекемелерінің веб-сайттарын пайдалана отырып

талапкерлер оларды салыстырып, олардың ішінен үздігінің пайдасына таңдау жасай алады.

Білім беру сайттарын бірнеше түрге бөлуге болады: оқу орындарының сайттары, ғылыми зерттеулер сайттары, анықтамалық сипаттағы сайттар, бәсекегелестік және ақпараттық интернет-жобалар сайттары, қашықтықтан білім беру сайттары, мәдени және білім беру ақпаратын таратуға арналған сайттар, виртуалды әдістемелік бірлестіктер түріндегі сайттар, кеңес беру сайттары, білім беру порталдары және т. б.

Оқу орындарының сайттары. Оқу орындарының сайттарын шартты түрде жалпы орта білім беру мекемелерінің сайттарына (бастауыш мектептер, мектептер, гимназиялар, лицейлер), ЖОО факультеттері мен кафедраларының сайттарына, жоғары оқу орындарының сайттарына, кәсіптік білім беру мекемелерінің (колледждер, техникумдар) сайттарына бөлуге болады. Мұндай сайттар ақпараттық қолдауды, сыртқы әлеммен байланысты қамтамасыз етеді және әртүрлі конкурстарды өткізуге ықпал етеді. Тіпті кейбір жалпы орта білім беру мекемелерінің веб-сайттардың көмегімен ата-аналардың қашықтан өткізілетін жиналыстарын ұйымдастырады.

Ғылыми зерттеулер сайттары. Ғылыми зерттеулердің тікелей нәтижелерін жариялау, зерттеу аналогтарына сілтемелер, осы зерттеулерге қызығушылық танытатын адамдармен кері байланыс жасау үшін жасалады.

Ақпараттық-анықтамалық сипаттағы веб-сайттар. Бұл топқа әртүрлі электронды энциклопедиялар кіреді (мысалы, www.kazenc.kz/ – «Қазақ энциклопедиясы» сайты); сайттар-сөздіктер (мысалы, www.sozdik.kz/ онлайн сөздік); сайттар-каталогтар (мысалы, мұғалімдерге арналған сабақтардың халықаралық ашық каталогы); мәліметтер базасы (www.zan.kz/ құқықтық ақпараттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі неғұрлым толық электрондық жиынтығы; өткізілетін конференциялар, конкурстар, ғылыми және білім беру бағытындағы семинарлар туралы, ұсынылатын гранттар туралы ақпаратты қамтитын сайттар (ғылыми конференциялардың, көрмелер мен семинарлардың ашық каталогы).

Бәсекеге қабілетті интернет-жобалардың веб-сайттары.

М.Н.Мысин Google Sites құралын қолданып құрған: студенттер мен оқытушылар, оқушылар мен мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар арасында байланыс орнатуға арналған сайттар; олимпиадалар мен викториналар сайттары; білім беру тақырыбындағы ақпараттық ойын-сауық жобаларының сайттары; білім беру конкурстарын өткізуге арналған ресурстар конкурстарға қатысу туралы куәліктер мен дипломдар алуға жағдай жасайды және де бұл мұғалімдердің портфолиосын байытуға мүмкіндік беретіндігін айтады [4].

Әлеуметтік желілердегі білім беру қауымдастықтары. Әлеуметтік желі – бұл интерактивті көп қолданушысы бар веб-сайт, оның мазмұнын желі қатысушыларының өздері толтырады. Әлеуметтік желілердегі қауымдастықтар – бұл мұғалімдердің кәсіби қызығушылықтары бойынша тақырыптық бірлестіктері (мысалы, мұғалімдерге арналған қауымдастықтар). Мұндай қоғамдастықтар әріптестермен қарым-қатынас жасауға, тәжірибе мен ақпарат алмасуға, өзін-өзі таныстыруға кең мүмкіндіктер береді.

Білім беру веб-қызметтері – бұл нақты уақыт режимінде білім беру өнімдерін (мысалы, презентациялар) құруға және сақтауға мүмкіндік беретін сайттар. Қызықты мысал, сызықтық емес презентациялардың веб-қызметі, мысалы, prezi.com сайты.

Білім беру міндеттері бойынша сайттар төрт топқа бөлінеді:

- қолда бар білім беру өнімдеріне кең және сапалы қолжетімділікті қамтамасыз ететін;
- инновациялық білім беру өнімдерін құру процесін ынталандыратын;
- білім беру процесін ұйымдастырудың модельдік формаларын ілгерілетуге ықпал ететін;
- білім беру процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін.

Оқу мақсатындағы web-сайттарды жасауға қойылатын талаптар. Білім беру сайттарының негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:

1. *Білім беру интернет-сайтының мазмұны* – веб-сайттар түрінде көрсетілген және дайындалған білім беру ақпаратының барлық негізгі элементтерінің (мәтіндік және графикалық) бірлігі, сондай-ақ осы негізгі элементтердің байланыстарының біртұтастылығы;

2. *Білім беру интернет-сайтының дизайны* – бұл эстетикалық немесе функционалды астарға ие болуы мүмкін және көбінесе осы екі мақсатты көздейтін белгілі бір мақсатқа жету үшін графикалық компоненттерді таңдау және ұйымдастыру процесі;

3. *Білім беру интернет-сайтын техникалық іске асыру* – компоненттерді таңдау, білім беру ақпаратын пайдаланушыға жеткізу үшін технологияларды, бағдарламалық өнімдерді және техникалық құралдарды интеграциялау;

4. *Білім беру интернет-сайттарының белсенділігі* – білім беру сайттарын пайдаланушылардың қолдануы туралы хабардар ететін сипаттамалар.

Мазмұнның тереңдігі қолда бар ақпараттың көлемімен, оның егжей-тегжейлі дәрежесімен және құндылығымен анықталады. Әрине, барлық осы көрсеткіштер барынша орындалуы тиіс. Веб-сайттардың ақпараттылығына барлық Интернет пайдаланушылары бола алатын виртуалды келушілер үшін үлкен қызығушылық тудыратын материалдарды орналастыру арқылы қол жеткізуге болады.

Навигацияның қарапайымдылығы әдетте иерархиялық құрылымы бар веб-сайтты құру схемасының логикасына байланысты. Келушілерге бөлімнен бөлімге оңай өту, оңай оралу немесе анықтама алу мүмкіндігін қамтамасыз ету маңызды.

Мазмұн тұрақтылығы ұсынылған ақпараттың тұрақтылығымен анықталады. Пайдаланушылар кез келген техникалық және құрылымдық қайта құру кезінде өздерін қызықтыратын ақпаратты табатынына сенімді болуы керек. Тіпті өзектілігін жоғалтқан материалдар, мысалы өткен жылғы конференцияның баяндамалары немесе аяқталған көрменің материалдары жойылмауы керек, бірақ сайттың мұрағат бөліміне аударылуы керек.

Деректерді жаңартудың жеделдігі сайтты үнемі жаңартып отыруды қамтамасыз етеді. Мәліметтерді үнемі жаңартып отыру және толықтыру веб-сайтқа оның тұрақты келушілерінің қызығушылығын сақтауға ықпал етеді және тиісінше оның танымалдылығын арттырады.

Беттердің қол жетімділігі бірнеше факторлардан тұрады, олардың бастысы веб-сайттың техникалық "тұрақтылығы", бұл жүйелік әкімшілердің қамқорлығын құрайды. Алайда, ақпараттың қол жетімділігіне парақтың дизайны да әсер етуі мүмкін. Кәдімгі мәтіннен әлдеқайда көп "салмақ түсіретін" иллюстрациялық материалдарды, аудио және бейне үзінділерді теріс пайдалану деректерді беру жылдамдығын едәуір төмендетеді және осылайша оларды пайдалануды қиындатады немесе мүлдем мүмкін емес етеді. Графиканы, тіпті одан да көп дыбыс пен бейнені ақылға қонымды шектерде үнемі есте сақтап қолдану керек.

Веб-беттердің сыртқы дизайны түбегейлі маңызды емес, дегенмен талғампаз фон мен керемет анимацияны қарау, әрине, сұп-сұр беттерге қарағанда жағымды. Табиғи талап – бүкіл веб-сайтты жобалаудың біркелкі стилі. Түс шешімін таңдағанда, дизайнерлік шешімнің шамадан тыс өзіндік ерекшелігін іздемеу керек, веб-сайттың түс схемасы пайдаланушының қабылдауына ыңғайлы болуы керек. Дегенмен, сайттың талғампаз көрінісі өздігінен мақсат емес екенін және мазмұн үшін жұмыс істейтін дизайн ғана жақсы екенін әрдайым есте ұстаған жөн. Беттерді жасағаннан немесе жаңартқаннан кейін және беттерді тікелей веб-сайтқа жүктемес бұрын мәтінді қателеріне тексеру керек.

Я.А.Ваграменко оқу мақсатындағы веб-сайттарды жасауға қойылатын негізгі техникалық талаптар ретінде:

- тұрақты, үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету;

- ресурстың тікелей пайдаланушысын да, сондай - ақ желіден сыртқы әсерлерді де рұқсат етілмеген іс-әрекеттерден қорғау;

- ақпаратты өңдеудің және кезекті фрагментті ұзақ жүктеуге немесе пайдаланушының іс-әрекетіне компьютерді қайта іске қосуды күтуге байланысты пайдаланушылардағы жағымсыз сезімдерді жою мақсатында ресурспен жұмыс істеу кезінде барлық рәсімдерді орындаудың жоғары жылдамдығы;

- ресурстармен жұмыс істеудің желілік әдістерінің мүмкіндіктері;

- ресурсты компьютерлік жүйеге орнатудың қарапайымдылығы;

- ресурс негізінің заманауи операциялық жүйелерге сәйкестігін ұсынады [5].

Оқу мақсатындағы web-сайттарды бағалау критерийлері.

Білім беру сайты үшін, одан басқа сайттар сияқты, оны пайдаланушылар алған алғашқы әсер маңызды. Мақсатты аудитория неғұрлым жас болса, алғашқы әсер жарқын, қызықты, тартымды болуы маңызды. Жасы ұлғайған сайын құндылықтарды қайта бағалау жүреді және жастар үшін қолайлы нәрсе үлкендер үшін тітіркендіргіш әсерге ие болады. Сондықтан, білім беру сайтының алғашқы әсерін бағалау кезінде алдымен оның қай аудиторияға арналғанын ескеру қажет.

Білім беру сайтының алғашқы әсерін бағалағаннан кейін келесі өлшемдерді ескеру қажет:

- * ақпараттық толтыру;
- * материалдарды құрылымдау;
- * гипермәтіндік ауысуларды ұйымдастыру;
- * бет орналасуы;
- * навигация панелін ұйымдастыру;
- * игерудің қарапайымдылығы.

Мәтіндік мазмұнды бағалау кезінде олар презентация стилінің бірлігіне, нақтылыққа, дидактикалық, логикалық және басқа да қателіктердің, қателіктер мен терулердің болуына назар аударады.

HTML тілінің гипермәтіндік мүмкіндіктерін пайдалану ерекше бағалануы керек. Қарапайым және сауатты құрылымдық HTML – белгілеу сайттың әртүрлі браузерлермен үйлесімділігінің кепілі, сондай-ақ сайтты одан әрі қарапайым қолдау мен жаңарту үшін негіз болады. Гипермәтіндік сілтемелерді бағалауды мұқият қарастырған жөн. Біріншіден, барлық сілтемелер жұмыс істеп тұруы керек, яғни бар беттерді көрсетуі керек. Мазмұнның екіншісі, бірақ маңызды бөлігі иллюстрациялардың барлық түрлерінен тұрады. Барлығы суреттелгенін, нені суреттеуге болатындығын, екінші жағынан, барлық суреттер қажет және орынды ма, қажет емес суреттер бар-жоғын бағалау керек.

Оқу мақсатындағы веб-сайттарды жасауға оның мазмұнына, сырт көрінісіне, техникалық және ең бастысы, қолдану ыңғайғылығына қатысты талаптарды сақтай отырып құрылған сайттардың пайдасы мол және өміршеңдігі ұзақ болады деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Домненко В.М., Бурсов М.В. Создание образовательных интернет-ресурсов. – СПбГИТМО(ТУ), 2002.– С.104.

2 sites.google.com [электронный ресурс]. URL: <https://sites.google.com/site/internetsatvaldinova/vopros-otvet>

3 А.О. Алдабергенова, И.Ж.Есенгабылов, Г.Б.Жасыбаева Қазіргі замандағы web-технологиялардың маңызы // XXI Международная научно-практическая конференция «Problems of practical application of innovations, methodology and experience», Лисбон, Португалия, 15-16 апрель, 2021. ,114-117 б

4 М.Н. Мысин. Практическое пособие для преподавателей «Создание образовательного веб-сайта с использованием технологического инструментария Google Sites» – Самара, 2012. – С.62.

5 Ваграменко Я.А. Методологические предпосылки формирования информационной образовательной среды // Информационные ресурсы в образовании: Всероссийская научно-практическая конференция, 14—16 апреля 2011 г. Нижневартовск, 2011. С. 15—16.

УДК 316

Жекен Нұрбибі Нұрғалиқызы

ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы Халықаралық қатынастар институтының

1-курс магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші:

PhD докторы **Сыдыкназаров М.Қ**

АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ – АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

ДОСТУП К ИНФОРМАЦИИ КАК ОСНОВА ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

ACCESS TO INFORMATION AS A BASIS OF HUMAN RIGHTS

Аннотация. Ақпаратты іздеу және пайдалану мүмкіндігі қандай да бір шектеуге жатпайды. Мемлекеттік билік органдарының ашықтығы және ақпарат алмасу мүмкіндігі мәселесі құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғам құру тұрғысынан шешуші мәселе болып табылады.

Түйінді сөздер. Ақпарат, қолжетімділік, демократия, ақпаратқа қол жеткізу

Аннотация. Возможность поиска и использования информации не подлежит какому-либо ограничению. Вопрос открытости органов государственной власти и возможности обмена информацией является решающим с точки зрения построения правового государства и демократического общества

Ключевые слова. Информация, доступность, демократия, доступ к информации

Abstract. The ability to search and use information is not subject to any restriction. The issue of openness of public authorities and the possibility of information exchange is crucial from the point of view of building a rule-of-law state and a democratic society

Keywords. Information, accessibility, democracy, access to information

Ақпараттың еркін ағымы демократия тұжырымдамасының негізі және адам құқықтарын тиімді сақтаудың абсолютті шарты болып табылады.

Ақпаратқа қол жеткізу – әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында бекітілген Мемлекет кепілдік берген құқығы [1].

Заңды әдістерді қолдана отырып ақпаратты іздеу және пайдалану мүмкіндігі қандай да бір шектеуге жатпайды. Мемлекеттік билік органдарының ашықтығы және ақпарат алмасу мүмкіндігі мәселесі құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғам құру тұрғысынан шешуші мәселе болып табылады.

Мемлекеттік саясатты іске асыру қоғамның басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне қатысуымен тығыз байланысты. Басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықты тарту мемлекеттік органның өз қызметін орындауда ашықтықты, есеп беруді және азаматтардың пікірін ескеруді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылын, сондай-ақ қоғамдық маңызды шешімдер қабылдау процесін білдіреді.

Қоғамдағы ақпарат рөлінің өсу тенденциясы мемлекеттің даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Ақпарат адам өмірі мен қызметінің барлық салаларына енеді. Оқиғалар, фактілер, тұлғалар туралы моральдық және этикалық пікірлер олар туралы ақпараттың сапасына, ақпарат көзінің сенімділігіне, оны алу мен пайдаланудың уақтылығына байланысты. Асыра айтпағанда, ақпарат адамның дүниетанымының, оның мінез-құлқының, іс-әрекеттерге, оқиғаларға, фактілерге реакциясының негізін құрайды деп айтуға болады. Ақпараттық вакуум жеке адамда сенімсіздік, күмән тудырады. Ақпараттың болмауы немесе оның нашар сапасы адамның, оның ішінде лауазымды адамның осындай ақпаратқа сүйене отырып, дұрыс емес шешім қабылдауы мүмкіндігіне әкеледі.

Ақпарат адамдар арасындағы қарым-қатынастың міндетті компоненті болып табылады, сондықтан оның сапасы, шыншылдығы қарым-қатынастың жоғары моральдық принциптері мен алғышарттарының көрінісі ғана емес. Ақпараттың сенімділігі адамдардың тең, тиімді қатынастарының негізі болып табылады. Осылайша, адамдар бір-біріне беретін ақпарат жеке тұлғаның және тұтастай қоғамның дамуына қолайлы жағдайларға қол жеткізудің құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасында ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну бөлігіндегі негізгі құқықтық актілер «Ақпараттандыру туралы» және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңдар болып табылады. Жоғарыда аталған заңдардың мазмұнына негізделген негізгі принциптер:

- заңдылық – кез-келген құқықтық қатынастардың негізгі қағидасы ретінде;
- ақпарат иеленушілер қызметінің ашықтығы мен айқындығы;
- анықтық және толықтық – ұсынылатын мәліметтер заңнама талаптарына сәйкес келуі, шындықты бұрмаламауы, фактілермен расталуы және толық пайдалану үшін жеткілікті көлемде ұсынылуы тиіс;
- өзектілігі мен уақтылығы – ұсынылған ақпарат меншік иесі оны айтарлықтай кідіріссіз жедел ұсынған кезде құнды болады;
- мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпаратты қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға еркін қолжетімділікті (ашықтық презумпциясы) және өтеусіз негізде қандай да бір шектеулерсіз және кемсітусіз қызықтыратын мәліметтерді ұсынууды білдіретін ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұқпаушылық – жеке тұлғаның мүдделерін қозғайтын ақпарат оның келісімі бойынша ғана берілуі мүмкін [2].

Ақпарат алу құқығы көбінесе мемлекеттік органдардан ақпарат сұрау және оны алу құқығымен байланысты. Бұл шын мәнінде осы құқық жұмысының негізгі векторы.

Дамыған елдерде мемлекеттік басқаруды жетілдірудің негізгі бағыты басқару құрылымын құру және ең алдымен азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделерін қамтамасыз етуге, дәйекті ақпаратты ұдайы таратуға және мемлекеттік билік органдары, сарапшылар қоғамдастығы мен азаматтық қоғам институттары арасындағы белсенді өзара іс-қимылға бағытталған басқарушылық тәсілдерді пайдалану болып табылады.

Осыған байланысты, осы мақала Еуропалық Одақ елдерінің ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына талдау жүргізу арқылы отандық заңнамаға енгізілуі мүмкін нормаларды айқындауға арналды.

Біріккен Ұлттар Ұйымында ақпарат бостандығы бұрыннан адамның негізгі құқығы ретінде танылған. 1946 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының бірінші сессиясында 59 (1) қарары қабылданды, онда: ақпарат бостандығы адамның негізгі құқығы болып табылады және Біріккен Ұлттар өздерін қорғауға арналған бостандықтың барлық түрлерінің өлшемі болып табылады [3]. Кейінгі адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттарда ақпарат бостандығы бөлек қарастырылмады, бірақ ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығын қамтитын сөз бостандығына негізгі құқықтың бөлігі ретінде қарастырылды.

1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 19-бабы сөз бен ақпарат бостандығына мынадай түрде кепілдік береді: әркімнің наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар

тәртібіне қарамастан, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды [4].

Еуропа Кеңесі 43 мүше мемлекетті қамтитын үкіметаралық ұйым болып табылады. Ұйым адам құқықтарының сақталуын, білім мен мәдениеттің дамуын ынталандыруға арналған. Адам құқықтары мен іргелі бостандықтарды қорғау жөніндегі Еуропалық конвенцияның 39-бабында адамның іргелі құқығы ретінде пікір мен ақпарат білдіру бостандығына кепілдік беріледі [5].

Еуропа Кеңесінің саяси органдары ақпарат құқығын адамның негізгі құқығы ретінде тануға маңызды қадамдар жасады. 1981 жылы Еуропа Кеңесінің саяси органы болып табылатын Министрлер комитеті мемлекеттік билік органдарының ақпаратына қол жеткізу бойынша № R(81)19 ұсынымын қабылдады: «мүше мемлекеттің юрисдикциясы шеңберіндегі әрбір адам заң шығарушы органдар мен сот билігін қоспағанда, мемлекеттік билік органдарынан ақпарат алуға, сұратуға құқылы» [6].

Қазіргі уақытта 27 мемлекетті біріктіретін Еуропалық Одақтың 2000 жылы қабылдаған негізгі құқықтары хартиясы Еуропалық Одақ ұстанатын адам құқықтарын белгілейді. Осы Хартияның 42-бабы мынадай редакцияда Еуропалық Одақ институттарының құжаттарына қол жеткізуге құқық береді: «Одақтың кез келген азаматы және оның аумағында тұратын не мүше мемлекеттердің бірінде тіркелген компаниясы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға Еуропарламент, Еуропа Кеңесі және Еуропалық Комиссия құжаттарына қол жеткізуге құқылы» [7]. Хартия мүше мемлекеттердің конституциялық дәстүрлеріне негізделген, сондықтан оның ақпарат алу құқығын мойындауы бұл құқық тек кең таралып қана қоймай, оны Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер іргелі құқық ретінде кеңінен қабылдайтындығын білдіреді.

Ақпарат құқығы туралы заңдардың даму тарихының тағы бір көрінісі Швецияның заңнамасы, онда ақпарат бостандығы 1766 жылдан бастап қорғалады.

Адам құқықтарына қатысты ақпаратты білу, іздеу, алу, қабылдау, оған ие болу және оны тарату құқығы адам құқықтарын тиімді ілгерілету және қорғау үшін өте маңызды. Бұл ережелер адам құқықтары мен осы құқықтардың бұзылуына қатысты мемлекет басшылығындағы кез-келген ақпаратқа қол жеткізуді тиімді қамтамасыз етеді.

Ақпарат алу құқығы адамның негізгі құқықтары болып табылады деген пікір бірқатар ұлттық құжаттарда үлкен қолдау табады. Көптеген елдер бұл құқықты конституциялардағы нақты ережелер арқылы тануды қарастырады, ал басқа елдерде жоғарғы соттар сөз бостандығының жалпы кепілдігін ақпарат алу құқығын қамтиды деп санайды. Соңғысы әсіресе маңызды, өйткені сөз бостандығының Конституциялық кепілдігін ұлттық түсіндіру олардың халықаралық әріптестерінің мазмұнын түсіну үшін белгілі бір мәнге ие. Ақпарат бостандығының маңыздылығын осы құқықты бекітетін ұлттық заңдарды қабылдаудың жаһандық тенденциясы бойынша да бағалауға болады.

Ақпаратқа құқық негізіндегі ережелер осы құқыққа халықаралық кепілдіктерден тікелей туындайды. Бұл қағидатта мемлекеттің иелігіндегі барлық ақпарат ашылуға тиіс деген болжам бар. Мұндай болжам заңды қоғамдық немесе жеке мүдделерге зиян келтіру қаупі бар. Сонымен қатар, негізгі стандарттардың бірі – қоғам мүшелеріне ақпаратқа практикалық қол жетімділікті қамтамасыз ететін жүйелер мен процестерді құру қажеттілігі. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың осындай қолжетімділікті жеңілдету үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсау міндеті де бар. Сондай-ақ, басқа заңнамалық аспектілермен қатар, Ақпаратқа қол жеткізу құқығын алып тастау іс-әрекетінің шекараларын түсіндіру кезінде әкімшілік дискриминация тәжірибесін теріс пайдаланудың алдын алу үшін тәуелсіз апелляция жүйесі реттелуі керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
2. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000401>
3. 1946 жылы БҰҰ Бас Ассамблеяның бірінші сессиясында 59(1) қарары
<https://documentsddsny.un.org/doc/RESOLUTION/GEN/NR0/035/16/PDF/NR003516.pdf?OpenElement>
4. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) қарары
https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml
5. Адам құқықтары мен іргелі бостандықтарды қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1007545
6. Министрлер комитеті мемлекеттік билік органдарының ақпаратына қол жеткізу бойынша № R(81)19 ұсынымы <https://www.unhcr.org/ru/wp-content/uploads/sites/73/2019>
7. <https://eulaw.ru/treaties/charter/>

УДК 325

Илесова Жібек Айтбайқызы
КЯЛ-21-1 тобының студенті
Тұран-Астана университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
т.ғ.к., профессор **З.Е.Колумбаева**

АЛАШ КӨСЕМІ-ӘЛИХАН

ЛИДЕР АЛАШ-АЛИХАН

ALASH LEADER-ALIKHAN

Аннотация. Мақалада Алаш көсемі Әлихан туралы қызықты ақпараттар туралы зерттеулерге тоқталдық.

Түйінді сөздер. Алаш көсемі; Тәуелсіздік; Қызмет ету; Алаш қозғалысы.

Аннотация. В статье мы сосредоточились на исследовании интересной информации о лидере "Алаш" Алихане.

Ключевые слова. Лидер Алаша; Независимость; Служение народа; Движение Алаша.

Abstract. In the article, we focused on research on interesting information about Alash leader Alikhan.

Keywords. Leader of Alash; Independence; Service of the people; Movement of Alash.

Прокурордың заңды талаптарын орындамау не оның талап етуі бойынша дәлелсіз себептермен келмеу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдар мен қаулыларды өз құзыреті шегінде орындамаған жағдайда, оларды мәжбүрлеп орындауға жіберуге құқылы. Ол өз өндірісіндегі істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктеме беруге, сондай-ақ оларды заңда көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа жағдайларда танысу үшін біреуге беруге міндетті емес. Іс жүргізуінде жатқан тексерулер мен істер материалдарын олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жариялауға ешкімнің құқығы жоқ.

Прокуратура қызметінің осындай қуатты құқықтық кепілдіктері оған жүктелген кез келген заң бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған, бірақ олар азаматтар мен заңды тұлғалардың, әсіресе жеке кәсіпкерлер мен мемлекеттік емес коммерциялық құрылымдардың құқықтары мен мүдделерінің озбырлығы мен бұзылуына мүмкіндіктер жасайды.

Көбінесе тексерулерді жүзеге асыру немесе прокурорлардың басқа өкілеттіктерін жүзеге асыру саяси себептерге байланысты болады. Бұған оларды заң бұзушылықтар туралы өтініштер, шағымдар, хабарламалар және басқа да деректер бойынша не олардың белгілерін тікелей анықтау арқылы ғана емес, сондай-ақ Президенттің бастамасы, жоғары тұрған Прокурордың тапсырмасы немесе сұрау салуы бойынша да жүргізу мүмкіндігі ықпал етеді. Тексеру жүргізудің негізі ретінде жоғары тұрған Прокурордың тапсырмалары

мен сұраулары орын алуы мүмкін, бірақ төмен тұрған прокурордың немесе басқа лауазымды тұлғалардың қажетті шаралар қабылдамауына негізделген шағымдар болған жағдайда ғана іске асады.

"Прокуратура туралы" Заң прокурорлық тексерулер жүргізуге байланысты жалпы ережелерді ғана бекітетіндіктен, оларды жүзеге асыру тәртібі негізінен заңға тәуелді деңгейде, атап айтқанда прокуратураның нормативтік актілерінде белгіленген.

Прокурорлық тексерулерге қатысты рәсімдерді, шарттарды және өзге де мәселелерді ведомстволық деңгейде бекіту азаматтар мен ұйымдар үшін құқықтық кепілдіктер деңгейін төмендетеді, олардың құқықтарының бұзылуына әкеледі, сондай-ақ билікті теріс пайдалану үшін негіз жасайды.

Біздің ойымызша, бұл норма прокуратураға заңдардың дәл және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыруды жүктеген Конституцияның 83-бабына толық сәйкес келмейді [2]. Алайда прокурорларға жергілікті мемлекеттік басқару органдары арасындағы келіспеушіліктерді, егер олар заңды шеңберде жүзеге асырылса, әкімшілік-аумақтық құрылысты қайта ұйымдастыру немесе мәслихаттардың жұмысын ұйымдастыру мәселелерін қадағалауға уәкілетті емес. Сондықтан Бас Прокурордың Парламент Сенатына ұсынуының бірінші негізі бойынша ғана орынды болады. Оларды басқа негіздер бойынша енгізу прокуратура құзырының шеңберінен тыс және конституциялық нормаларға қайшы келеді. Біздің ойымызша, Сенатқа осындай ұсыныстар енгізу функциясын сайлауды ұйымдастыру мен дайындауды жүзеге асыратын және төменгі сайлау комиссияларын басқаратын Орталық сайлау комиссиясына жүктеу орынды болар еді. Ол Парламент Палаталарына Парламент депутаттарының өкілеттігін тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ төмен тұрған комиссиялар мәслихаттар депутаттарына қатысты жергілікті өкілді органдарға осындай ұсыныстар енгізеді. Жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалау, тергеу және анықтау, қылмыстық қудалау мәселелері "Прокуратура туралы" Заңның 34-39, 45-47-баптарымен, ҚР ҚДЖК-мен және "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" ҚР Заңымен реттеледі [3], [4]. Прокурорға осы функцияларды жүзеге асыру үшін бірқатар бақылау-қадағалау, рұқсат беру және қылмыс жасады деп күдіктенген және айыпталушы адамдарды қылмыстық қудалауға тікелей қатысу өкілеттіктері берілген:

1) Жасалған қылмыстар, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің барысы туралы іс жүргізудегі істерді, материалдарды, құжаттарды және басқа да мәліметтерді алу;

2) Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, шешу кезінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу заңдылығының сақталуын тексеруге; Заңның, Адам және азамат құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда жедел-ізвестіру іс-шараларын, қылмыстық істі толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтатуға не оны қосымша тергеуге қайтаруға міндетті;

3) Айыптау қорытындысынан айыптаудың жекелеген тармақтарын алып тастау, онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдану; бұлтартпау шарасын таңдау, өзгерту немесе күшін жою;

4) Істі сотқа жіберу және т. б.

Осы өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде прокуратура қызметінде белгілі бір қайшылық пен қосарлылық туындайды.

Бір жағынан, олар жедел-ізвестіру қызметі барысында және қылмыстық процесте азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған сияқты. Екінші жағынан, прокурор қылмыс жасады деген күдікті немесе айыпталушы адамды қылмыстық қудалайды, сонымен қатар сотта мемлекеттік айыптаушы ретінде әрекет етеді. Оның қызметінің екінші жағы жиі басым болады, жедел-ізвестіру іс-шараларын, тергеу мен анықтауды жүргізудің заңдылығын қадағалау барысында айыптау үкімін анықтайды.

Ақырында, қылмыстық істерді тоқтату, айыптау баптарын онша ауыр емес деп қайта саралау, оның жекелеген тармақтарын алып тастау, бұлтартпау шараларын таңдау,

өзгерту және жою құқығы сыбайлас жемқорлық құбылыстарына, қылмыскерлерді жауапкершіліктен босатуға негіз жасайды.

Қазіргі уақытта заңмен қорғалатын жеке өмірге қол сұғылмаушылықты, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, телеграф хабарламалары мен пошта жөнелтілімдері құпиясын, тұрғын үйге қол сұғылмаушылық, қамаққа алу және күзетпен ұстау құқығын қозғайтын тергеу әрекеттері, жедел-іздістіру іс-шаралары прокурордың санкциясымен ғана жүзеге асырылады. ҚР Конституциясы, балама ретінде, қамауға алуды және соттың санкциясымен ұстауды қарастырады.

Алайда, 2005 жылғы желтоқсанда Қазақстан 1966 жылғы 19 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялады Пактінің 9-бабы әрбір қамауға алынған немесе ұсталған, күзетпен қамауға алынған адамның оны соттың ұстауының немесе қамауға алуының заңдылығын тексеру үшін оның ісін сотта қарауға құқығын бекітеді [5]. Соттан басқа ешқандай басқа органдарға адамды шектеуге және бас бостандығынан айыруға санкция беру құқығы берілмеген. Сондықтан іс жүргізу заңнамасының көрсетілген нормалары халықаралық құқық нормаларына қайшы келді. Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады. Конституцияның аталған нормасы да түзетуді қажет етеді.

Прокурордың және оның отбасы мүшелерінің тыйым салынған мүлікті сату бойынша сауда-саттыққа қатысуға құқығы жоқ субъектілер арасында болмауы да таң қалдырады. Бұл, әрине, барлық прокурорлар туралы емес, тек осы іске тікелей қатысы бар адамдар туралы: осы азаматтық іс бойынша сот отырысына қатысты, сот шешімінің заңдылығын немесе атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалады, сондай-ақ қамауға алуға санкция берді. Мұндай бос орын сонымен қатар жосықсыз прокурорлардың алынған ақпаратты тыйым салынған мүлікті сатып алу үшін пайдаланудың әлеуетті мүмкіндіктерін қамтиды, ол көбінесе төмен бағамен сатылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Прокуратура туралы Заңы 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000081/links>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
4. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Жедел-іздістіру қызметі туралы № 154-XIII Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091_

**М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ
ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТ – БЕЛГІЛЕРІ****СЕМАНТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ЯЗЫКОЗНАНИИ****SEMANTIC NATURE OF PHRASEOLOGY IN LINGUISTICS**

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі фразеологиялық сөздердің семантикалық сипаттамаларын зерделеу жолдары қарастырылған. Сөздердің ішкі мағыналарын және берілген ой бейнелілігін талдау мәселелері көтерілген. Қазақ тілші ғалымдарының пікірлері ескеріле отырып, фразалық тіркестердің мәні, мағыналық сипаттары, образды ойдың берілу жолдары қамтылған. Сөздердің ішкі және сыртқы формалары әрі олардың маңыздылығы айшықталып, қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері, ауыспалы мағынаның берілу жолдары да зерделенген. Түркі тілдерінің салыстырмалы негіздері де ескеріліп, қазақ-түркі тілдеріндегі жақын-туыстық мағыналардың берілу жолдары айқындалған.

Кілт сөздер. Фразеологизмдер қолданысы. Фразалық тізбектер. Сөз мағынасы. Сөз формасы. Сөз құбылысы. Образды сөздер. Бейнелі сөздер. Фразеологиялық бірліктер. Дыбыс. Мағына. Тіл байлығын. Фразеология семантикасы. Сөз сипаты.

Аннотация. В статье рассмотрены пути изучения семантических характеристик фразеологических слов в современном казахском языкознании. Подняты вопросы анализа внутренних значений слов и образности данной мысли. С учетом мнения ученых-казахских журналистов освещены сущность, смысловые характеристики фразовых выражений, пути передачи образной мысли. Были раскрыты внутренние и внешние формы слов и их значение, изучены лексические особенности казахского языка, пути передачи переходного значения. С учетом сравнительных основ тюркских языков определены пути передачи близкородственных значений в казахско-тюркских языках.

Ключевые слова. Использование фразеологизмов. Фразовые цепочки. Слово смысл. Явление слова. Образные слова. Образные слова. Фразеологизмы. Звук. Смысл. Богатство языка. Семантика фразеологии. Характер слова.

Abstract. The article discusses ways to study the semantic characteristics of phraseological words in modern Kazakh linguistics. The problems of analysis of the internal meanings of words and the image of a given thought are raised. Taking into account the opinions of Kazakh scientists-Correspondents, the essence of phrasal phrases, semantic characteristics, and ways of transmitting figurative thinking are covered. Internal and external forms of words and their significance are revealed, lexical features of the Kazakh language, ways of transmitting variable meanings are studied. The comparative foundations of Turkic languages are also taken into account, and ways of transmitting close-kinship meanings in Kazakh-Turkic languages are determined.

Keywords. Application of phraseology. Phrasal chains. Meaning of the word. S. S. form. Word phenomenon. Figurative words. Figurative words. Phraseological units. Sound. Meaning. The richness of language. Semantics of phraseology. The character of the word.

М.Әуезов шығармаларындағы тілдік құбылыстарды оқытудың негізгі сипат - белгілері

Әдебиеттану негізіне ар-намыс концептісінің соның ішінде кейіпкердің ішкі және сыртқы бейнесінің топтастырылып қарастырылуы немесе ар-ождан категориясының енгізілуі - жалпы «тұлға» ұғымының жаңа мазмұнмен толығына мүмкіндік жасап, әдебиетте штрих-детальдарды зерттеудің құрылымдық-функционалдық аспектісі аясынан шығып, адамның санасы, ойы мен рухани қызметімен тығыз байланыстағы антропологиялық әдеби негіздегі іліміне айналуына негіз жасалды. Соның әсерімен әдебиеттану ғылымында ар-намыс концептісінің негізін ашушы кейіпкерлерге, шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық күшейіп, қазіргі таңда жаңаша зерттеулердің өзегіне айналған, ғылыми еңбектерде жүйеленген «ар-ождан» теориясының орны бөлек.

Кейіпкердің даралық сипатын концептілер арқылы түйіндеп беруге байланысты жазушы шығармаларының ерекшелігін танытатын оқиғалар негізін зерттеуге арналған еңбектер қатары көбейе түсуде. Осы тұрғыда тілдік тұлға мәселесі қазіргі орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ілімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді деп шартты түрде белгілейміз: 1) нақты тұлғаның ішкі және сыртқы бейнесін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау; 2) көптеген ғылыми еңбектерде тарихи тұлғалар образын диахрониялық тұрғыдан сараптау орын алған; 3) бөлек-бөлек оқиғалар негізінде әдеби негізгі кейіпкерді модельдеуге арналған зерттеулер де пайда бола бастады; 4) шығармадағы кейіпкерлердің бейнелік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының кейіпкерді сомдау шеберлігіне шығуды мақсат тұтқан зерттеулер де кездеседі; 5) кейіпкер бойындағы бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер. М.Әуезовтің образ сомдау шеберлігін тануға арналған зерттеу жұмысымызды жоғарыда қарастырылған бағыттар шеңберінде негіздеуге тырысатын боламыз.

Сонымен қатар кейіпкер қасиеттерін тануға, түсіндіруге төмендегідей бағытта келу үрдісі қалыптасқандығын байқауға болады:

1) шығармада өзіндік мінез ерекшелігі бар жеке кейіпкер болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.);

2) жеке адамның өзіндік дара болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді көрсету, яғни оны өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпақтарына мұра етіп қалдыруда жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. қасиеттерден тұратын күрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде оның тілінің әдебиеттану негізінде қолданылып жүрген келесі әдеби терминдерді қолдана отырып, ассоциативтік-вербалдық, әдеби негіздегі когнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы қарастыру қажет екені айқындалды.

Көрсетілген деңгейлердегі жеке кейіпкердің немесе тұтас образдылықтағы өзіне тән ұлттық болмысын ашудың маңыздылығы туралы ғалым Рымғали Нұрғалидың пікірлеріне жүгінсек: «Әдебиеттануда жеке талданып, аталған деңгейлердің дамуының белгілі бір кейіпкер бойында көрініс табуы әртүрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан жеке кейіпкер болмысын алдымен ұлттық негізгі тұлға ретінде түсінеміз. Себебі жеке мінезі бар тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты», – [4, 281-284 б.] болып шығады.

Сонымен бірге белгілі бір шығарма кейіпкерінің бойындағы ар-намысты туындататын детальдарды тілге тиек ете отырып, оның өмір сүруіндегі ар-намыс негізін құрайтын, оның мақсаттары, ниеттері мен ұстанымдарын белгілейтін шығармашылық қажеттіліктері туралы да айтуға болады. кейіпкердің қоршаған әлемге, айналадағы басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасы арқылы анықталынатын құндылықтар жүйесі,

яғни адамның материалдық және рухани игіліктері мен мұраттары, белгілі бір әлеуметтік, мәдени және адамгершілік құндылықтарды таңдап алуының себептері оның танымындағы ғалам бейнесін ашу арқылы анықталынады. Ал ар-намыс концептісінің әдеби негіздегі танымы мен мақсат-мүдделерінің прагматикалық әлеуеті кейіпкер сөзі, көзқарасы, түсінігі арқылы көрініс табады.

Әдебиетші ғалымдар көркем шығармадағы жеке кейіпкер бойындағы ар-намысқа қатысты ерекшеліктердің қалыптасуы үш негізгі фактордың: әлеуметтік, ұлттық-мәдени және психологиялық факторлардың ықпалына бағынатындығын атап көрсетеді. Жеке адам өмір сүретін кез келген жағдай алдымен қоғам реттеп отыратын нормалар мен заңдылықтарға бағынатын әлеуметтік жағдай болып табылады. Бір жағынан шығарма кейіпкері сол жағдайларға мойынсуға міндетті. Екінші жағынан алғанда өзі сол қоғамның мүшесі болып табылатындықтан, болып жатқан оқиғаларға деген жеке көзқарасын, тұлғалық ұстанымын білдіру үшін саналы түрде жалпы нормаларды бұзуға қабілетті. Мысалы Абай жолы роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқаның трагедиялық жағдайы. Бұл арада ру арасындағы қолайсыз жағдайға намыстанған Құнанбай «шариғатты» желеу ете өз атына кір келтірмеуді ойлайды. Екінші жағынан Құнанбай ұлттық мораль тұрғысынан шешім қабылдайды. Үшінші жағынан Құнанбай ел арасында белгілі шариғат заңдылығының сақталуын қамтамасыз етеді. Демек, бұл оқиға негізінде де ар-намысқа қатысты детальдарды өрбітуге болады.

Осыған орай М.Әуезов әлеуметтік үдерістерді қазақ халқының қоғамдық және рухани тәжірибесімен сусындаған өзіндік ой елегінен өткізіп, баға береді. Мысалы, Ұлы далада қалыптасқан, рухани биік деңгейге көтерілген даланың дара феномені абай ақынның жеке тұлғасы қалыптасуында ар-намыс концептісі үлкен рөл атқарады. рухани құндылықтарды игеру арқылы адам бірте-бірте қарапайым заттардан бастап, ғаламның заңдылықтарына дейінгі өзін қоршаған ортаның болмысымен танысады, мәдениетке араласып, тілдің әлеуметтік қызметі мен дамуына қатысу арқылы тұлға болып қалыптасады.

Демек, бойдағы жігер, қайрат арқылы бекітіліп, қоғамдық санада, сонымен қатар жеке тұлғаның санасында сақталатын ұлттық-мәдени тәжірибе сол жеке тұлғаның ар-ождандық әрекетіне де өз таңбасын түсіреді.

Ар-намыстың бойда бекуі және оның қоршаған ортада айқындалуы барысында адамды өзгелерден ерекшелеп тұратын өзіндік қасиет – жекелік фактор маңызды рөл атқарады. Жекелік фактор алдымен өзін-өзі танудан көрінеді. Адамның рухани құндылық - ар-ожданды өз деңгейінде игеруге қадам жасауына жеке өзіне байланысты себептер, белгілі бір мақсаттар, адамның қоғамдық жүйедегі өзінің орнын сезіну, жекелік және топтық сәйкестіктегі өзіндік «мен» проблемасы әсер етеді.

«Намыстану, намысқойлық» ұғымын «интеллектуалдық қызмет» ұғымымен тікелей байланыста қарастырудың маңызы зор. Оның тарихи шығу тегін, өсуін, дамуын зерттей келе, оның психологиялық табиғатына үңілу – заңды құбылыс. Бізді қызықтыратыны – шығарма кейіпкерінің көркем шығарма оқиғасында көрініс табатын жеке әрекеті барысында белгілі бір оқиға-әрекеттердің туындауы себебіне алып келетін психологиялық негіз, кейіпкердің болып жатқан оқиғаларға деген қарым-қатынасын бейнелеу барысында қолданатын ассоциативтік байланыстары мен оларды қисындастыру ерекшеліктері. Адамның өзінің психикалық әлемі туралы пікірі – адамның өркениеттің әсері арқылы дамитын өз ішкі әлемін және басқа адамдардың ішкі әлемін түсіну тәсілін бейнелейтін мәдени-ғаламдық бейнесінің қалыптасуының маңызды бөлшегі.

Оқыту әдістері: әңгімелесу, оқулықпен, кітаппен, қосымша материалмен жұмыс, жоспарлау, тапсырманы орындау, бақылау, зерттеу, қайталау, графикалық жұмыс, жаттығу, оқыған материалын баяндау.

М. Әуезов шығармаларының тілін оқыту ерекшеліктерін сөз еткенде негізгі басшылыққа алатын әдістердің бірі – тәжірибе әдісі. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарын тікелей көрсету негізінде іске асырылады. Сондықтан дыбыс заңдылықтарының жасалу

жолдарын түсіндіріп, теориялық білім беруде төмендегідей сипаттағы көрсету аппараттарына назар аудару қажеттілігі туындайды. Оқушылардың жылдам әрі ұтымды ұғынып, есінде ұзақ сақтауын ескеру қажеттілігі алғы кезектегі маңызды іс. Оқушылардың өздігінен шығармашылық еңбекпен шұғылдануын ұйымдастырып, танымдық қабілетін арттыруда мұғалім жетекші рөл атқарады.

Сабақты осы әдіс негізінде өткізуде, оған қойылатын мына сынды талаптарды ескеру жөн. Мәселен, шығарма тілі материалдарының мақсаты, тақырып айқындылығы, көрнекі құралдардың аса зор жауапкершілікпен даярлануы, тақырып мазмұнын түсіндірудің жұмыс барысы және керекті сөйлемдер мен мәтіндерді дұрыс сұрыптай білу қажеттіліктері сынды талаптар ізденімпаз ұстаз үшін бұлжымас талап болуы шарт.

Қазақ әдебиетіндігі шығарма тілін практикалық жақтан үйрету әдістері (Қазақ тілі әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі және мәнерлеп оқу әдісі.);

Қазақ әдебиетіндігі шығарма тілін теориялық жақтан оқыту әдістері (Әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі, кітапты пайдалану әдісі.);

Жалпы дидактикалық топтық әдіс негізінде ауызша хабарлау немесе сөз әдісі (баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, пікірталас, дәріс); көрнекілік әдісі (иллюстрациялау, демократиялау); бейне әдісі (электрондық оқулық); практикалық әдіс (жаттығу, тәжірибе жасау, экскурсия); кітаппен жұмыс жасау әдісін жатқызады. Мысалы:

Абай және оның бойындағы ар-намыс сезімдерінің өсу жолдары – қалыптаса басталуы - «Қайтқанда» тарауынан басталады (Әкесімен жеке тілдесуі, қойшы-қоланның киім киісі, өзін-өзі ұстауы, жағымпаздықты, жасандылықты, жағымсыз қылықтарды ажыратуы, ондай әрекеттерге күйінуі, т.б.). Абай бойында ел намысын, көпшілік мүддесін тану-сезіну жолдарының қалыптаса бастауы- «Қат – қабатта» тарауында айқын аңғарылады (Әке қаталдығын аңғару, өлімді көзбе-көз көру, жер-су дауларының мән-мәнісін аңдай бастауы, адам баласының небір қулық-сұмдыққа бейімділігін сезіну т.б.). Абайдың қазақтың «кейбір» салт-дәстүрлерінің мейірімсіздікке, қатыгездікке бастайтындығын түйсінуі, айтар сөзін көпшілікке жеткізе алмай қор болуы. Надандық пен сауатсыздық – халықтың басты жауы екендігін сезінуі «Жолда» тарауында айқын көрініс тапқан (ру арасындағы алауыздық, Бітімшілдікке сәби Кәмшатты беру, Кәмшаттың хал-жағдайы, Әкесі мен Бөжей арасындағы теке-тірес т.б.).

Абай бойындағы сезімталдықтың өсу жолдары келесі тарауда - «Бел-белесте» біршама қамтылған (оспанның намысқойлығы, жылқы мен адам баласының ара-қатынасы, жылқы мінездемесі қазақтардың образы тұтас қамтылып, Масақбай жылқышының атты үйрету шеберлігі, Бүлдірген теру, қаралы көштегі абай әсерлері сәтті суреттіліп, кейіпкерлер бойындағы өмірге деген өзіндік жеке бір қырларының ашылуы, Жер дауының рулас, туыстар арасындағы – қан-төгіске («Мұсақұл соғысы») ұласқандығы т.б.). «Өрде» атты тарудан Абай өмірінің жаңа қырын тани бастаймыз. Бозбала Абай ендігі жерде отбасылы кейіпкер ретінде, нақты айтсақ, отағасы ретінде таныла бастайды. «Қияда» тарауында Абай ұрпақтарымен таныс боламыз. абай бойындағы толыса бастаған ойларына, абайдың ел ішіндегі дау-дамайларға араласып, ақыл тоқтата аларлық, билік айта аларлықтықтай биікке көтеріле бастағанын аңғарамыз. Тайғақта» тарауы Абай өміріндегі ғылым-ілімдік ізденістердің шиеленіске түсіп, рухани негізде ширыға бастағандығын аңғарамыз. абайдың кемеліне толып толықсыған кезеңдерін қамтыған. Осы орайда біздің тоқталарымыз, зерделейтін негізіміз ар-намыс концептісі болғандықтан біз осы концептіге бастап апарар жолды да көрсете кетуге тиістіміз. Мұндай жағдайда да біз адам баласына тән жеті түрлі әрекеттің Абай заманында ру арасындағы адамдардың көкірегінде ар-намыс отын тұтатуға негіз болғандығына көз жеткізе түсеміз.

1.Отбасындағы келеңсіз оқиғаларға араласу (Қамқа Қодар арасындағы қарым-қатынас),

- 1 Жесір дауы,
- 2 Жер дауы,
- 3 кек қайтару,
- 4 Мансапқорлық,
- 5 Надандық,
- 6 Білімсіздік.

Мұхтар Әуезовтің Абайтануға арнаған бар ғұмыры - ғасырлар қойнауынан жеткен қара сөз бен өлең сөздің құпия қатпарларын зерттеп, танып, көкеймен қабылдап, оның туған этносына ғана ерекше сұлу, сырлы, терең көрінетін жұмбақ қасиетіне қасиет қосып, құнарлы тілдің тұқымын егіп, жемісін сан ұрпаққа мәдени мұра етіп қалдырумен өтті. Сөзді сүюі өмірдің өзін сүюмен бірдей еді. Шынымен де, сөз – таңбалық белгі ғана емес, тіршілік символы.

Оқыту әдістері: ауызша баяндау, информациялық хабарлау, түсіндіріп оқыту, әңгімелеу, демонстрациялау, экскурсия, тексеру, жүйелеу, бағалау.

Оқу әдістері: әңгімелесу, оқулықпен, кітаппен, қосымша материалмен жұмыс, жоспарлау, тапсырманы орындау, бақылау, зерттеу, қайталау, графикалық жұмыс, жаттығу, оқыған материалын баяндау.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жампейісова М. Қазақ тілін оқытудағы жаңа технологиялық методикалар. Алматы, 2000.
2. Оразов С. Қазіргі қазақ тілінің мәселелері. Алматы, 2001.
3. Әуезов М. Абай жолы роман-эпопеясы. А., 1972.
4. Айдаров Ғ. Көне ескерткіштер тілі. А., 1985.

ӘӨЖ 341

Имангазиева Айгерим
Тұран - Астана университетінің
2 курс студенті

АУЫЗЕКИ СӨЙЛЕУ СТИЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ОСНОВЫ НАУЧНО-АСПЕКТНОГО ФОРМИРОВАНИЯ СТИХОТВОРЕНИЙ ПОСВЯЩЕНИЯ (АРНАУ) КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

FUNDAMENTALS OF SCIENTIFIC-ASPECT FORMATION OF DEDICATION POEMS IN KAZAKH POETRY

Аннотация. Мақалада қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдеріндегі көтерілген тың тақырып – азаттықты, тәуелсіздікті жырлау мәселесі талқыланады. Ақындардың жеке шығармашылығындағы тәуелсіздік сарынының тарихи ерекшеліктері де қарастырылып, ақын ойының тым тереңде, көне заманғы адамзат баласы көкейіндегі туындаған арман белестерінен негіз алатындығы көрсетіледі. Көк түрік елінің ежелгі батырлары – тасқа есімдері қашалып жазылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ерліктерін дәріптеген, азаттықты көксеген азаттық сарыны ақын шығармаларынан айқын сезілетіндігі айтылады. Сонымен қатар алдыңғы буын өкілдері – Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды ақындардың өлеңдеріндегі азаттық тақырыбы да сөз болған.

Түйінді сөздер. Ауызеі сөйлеу, стиль, арнау өлеңдері, тәуелсіздік, сөз шайырлары, ежелгі тас жазулары, қазақтың ұлттық нақыштық негіздері, қазақ мәдениеті, қазақ әдебиеті мәселелері, азаттық сарынына негізделген ақын ойлары.

Аннотация. В статье будет рассмотрена поднятая в казахской поэзии тема посвящения – воспевание свободы, независимости. Рассмотрены исторические особенности мотива независимости в индивидуальном творчестве поэтов, показано, что мысль поэта лежит в основе мечтаний, возникших в глубокой, древней человеческой расе. В произведениях акына отчетливо чувствуется независимость, прославивший подвиги древних героев көктүркі – Кюльтегин, Бильге Каган, Тоныкок, чьи имена высечены на камне. Также была затронута тема освобождения в стихах предыдущих поколений – Магжана Жумабаева, Жусупбека Аймаутова, Султанмахмута Торайгырова. Посвящение мотивы в творчестве поэтов свобода с независимостью, а также особенностей проявлений и национальной культуры нашей страны.

Ключевые слова: стиль, стихи посвящения, независимость, слова смолы, древние каменные надписи, основы казахского национального колорита, проблемы казахской культуры, казахской литературы, мысли поэта, основанные на мотивах Азаттык.

Annotation. The article will consider the theme of dedication raised in Kazakh poetry – the glorification of freedom, independence. The historical features of the motive of independence in the individual creativity of poets are considered, it is shown that the poet's thought underlies the dreams that arose in the deep, ancient human race. In the works of Akyn, independence is clearly felt, who glorified the exploits of the ancient heroes of Kokturki – Kultegin, Bilge Kagan, Tonykok, whose names are carved in stone. The theme of liberation was also touched upon in the poems of previous generations – Magzhan Zhumabayev, Zhusupbek Aimautov, Sultanmakhmut Toraihyrov. Dedication the motives in the work of poets are freedom with independence, as well as the peculiarities of the manifestations and national culture of our country.

Keywords: Style, dedication poems, independence, resin words, ancient stone inscriptions, fundamentals of Kazakh national color, problems of Kazakh culture, Kazakh literature, the poet's thoughts based on the motives of Azattyk.

Ауызекі сөйлеу стилінде жалпыхалықтық тіл қолданысындағы бейнелілік сипат танытатын ФТ көп кездеседі: көңілінде иненің жасуындай кірбің жоқ, иненің көзінен өтетіндей сұлу, ине жұтқандай үндемеу метафоралық тіркестер, көл-көсір қуаныш, телегей теңіз бақыт, аспанмен тілдескен, айға қолы жету, көкірегі ала қаптай болу, мақтамен бауыздау, айбын жимау, мұрнына су кетіп жүр т.б. ФТ шаблондық әрі бейнелілікке құрылып, стилистикалық әсерінің мол екенін көрсетеді. Қазіргі уақытта халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік өзгерістер, адамның табиғи болмысының өзгеруі немесе ақыл-ой, ерік-жігер, күш-қуат әрекетіне қоғам өзгерістерінің әсер етуі, жазба әдебиеттің дамуы сияқты құбылыстар образды сөз өрнегін жиі пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Бұрын қазақ халқы көп бала туып, оны өсірген адамды шиедтей бала-шағасы бар деп айтқан, қазір бірекі бала туумен шектеледі. Оған жар дегенде жалғыз деген қарама-қарсы қойылатын қатарлары бар екенін айтуға болады. Құлын-тайдай бірге өскен – ауылда табиғат аясында бірге өскен, су құрдымға кету іс-шарасы таусылу сияқты бейнелі тіркестердің орнына адамның жағымсыз әрекетіне пенделік өміріне қатысты айтылатын көкірегін керу, басы жұмыс істемейді, көк ми, су ми, миы шайқалған, миында биттей ақыл жоқ, бастан кету, басы жарамау, құлақтан тебу, жыны қайнау, жыны ұстау, жынын қағып алу, жынды неме, жын соққыр сияқты қолдан жасап алған тұрақты тіркестермен қатар жалпыхалықтық тілдің негізгі қоймасынан алынған тіркестер ауызекі сөйлеу стилінде кәдеге жарап, өзінің бейнелілік-көркемдігін белгілі прагматикалық мақсатқа әрі стильдік бояуға құрады. Жұт жеті ағайынды деген тіркестің қолданысының үлкен әлеуметтік мәні бар бейнелі сөз, ол – халық тіршілігіндегі бұрыннан келе жатқан қатал қыс, аштық, өрт, жер сілкіну, су тасқыны, індет сияқты болып жататын қасіретнама құбылыстарға арнап айтылған бейнелі сөз тіркесі, жұт – аштан қырылу, мал қырылу, қатал қыс болуы сияқты мәселелер бір-бірімен астарласып жататын құбылысқа қарсы әрекет ету мақсатында жұмсалынған.

Мысалы, қыс қатты болса, көк шықпайды, көк шықпаса, мал аштан өледі, төлі өспейді, төл өспесе, мал артынан төл ермейді, төлі ермесе ол көбеймейді, одан аштық

болады, жейтін шөп болмаса, мал аштан қырылады, мал болмаса, ол адам шығынына алып келеді – қазіргі халық тұрмысында жұттың заманына қарай қауіп-қатері көбейіп кетті, оның бірі – қоғамдағы экологиялық жағдайлар. Осындай әрекеттерді суреттегенде публицистикалық және ауызекі сөйлеу стилінде ФТ қолданысы айшықты сөз мәнері ретінде айтылмақшы ойға көрік беріп, қат-қабат оқиғаларды әсерлі, адам зердесіне нақтылау үшін қолданылады. Функционалдық стильдердің қай-қайсысында болса да ФТ етістік мәнді фразеологизмдер болып келеді. Олардың тілдік қолданыста басым болатын себебі, адам өзіне өте жақын болмысын тұрақты тіркес жасауға икемдеген. Олай болса, көзіне шел қаптау, көңіліне дық алу, көз майын тауысу, көзіне ілмеу, көз қырын салмау, көз бояушылыққа салыну деген сияқты фразеологиялық тіркестер айтушы аузына жиі түсіп отырады. Ауызекі сөйлеу стилінде адамдар дайын сөздермен дайындықсыз сөйлейді, ФТ айтушының аузына жиі оралады, сондықтан дайын тілдік единица ретінде қолданылады. Мысалы: өзегім өртенді, өзегім талды, аш кенедей жабысты, арқаны кеңге салу, басына бәле болды, арқасында ауыр жүк тұрғандай, жүрегі шошып кетті, қол ұшын берер адам жоқ, жаны шығып кете жаздады т.б. Ауызекі сөйлеу стилінде жағымды-жағымсыз мағынадағы фразеологиялық тіркестер көптеп кездеседі. Адамдар өздерінің ой-пікірін белгілі көзқарастар тұрғысынан екшелейді, сондықтан қарама-қарсы ой-пікірлерден жағымды-жағымсыз пікір туады, фразеологиялық тіркестерді стилистикалық бағалау категориясы тұрғысынан прагматикалық мақсатта пайдаланады.

Ауызекі сөйлеу стиліндегі фразеологиялық тіркестердің басты ерекшеліктерінің бірі – сөйлеу ситуацияларына тікелей байланысты әрі адамдардың әлеуметтік-психологиялық жағдайларына тікелей қатыстылығы. Дискурс түрлеріндегі сөйлеу әрекетінде, атап айтқанда, ғылыми стильдің ауызша түрінде, публицистикалық ортаның сөйлеу мәдениетінде немесе шаршы топ алдында көркем сөз шеберлерінің сөйлеу стилінде фразеологиялық тіркестер сөйлеу ситуацияларының белгілі прагматикалық мақсатын қамтиды. Ауызекі сөйлеу стилінің тағы бір ерекшелігі дәрекі фразеологизмдердің қолданылуы болып саналады. Олар көбінесе көркем әдебиет стилінде кейіпкерлер тілінде де кездеседі. Аузымен орақ ору, боғын пышақтау, кежегесін көтеру, көкпеттеніп кету т.б.

Ауызекі сөйлеу стилінде фразеологиялық тіркестердің айрықша сипатының бірі – интонация. Фразеологизмдердің айтылу әуені адамның ойын, сезімін білдіреді. Бұл құбылыс интонациямен өте әсерлі білдіреді, интонацияның таңбалауға болмайтын экспрессиялық-эмоциялық бояулары фразеологизмдердің прагматикалық мүмкіндіктерінің мәнін айқындап отырады. Күміс көмей жез таңдай дегенде таза әсем үнді ассоциациялау мәнде жұмсалады. Интонация арқылы сүйсіну, мадақтау, риза болу сияқты прагматикалық мақсат бірге айтылады. Кірге тесік таппады дегенде айтушы ұят пен шарасыздықты ғана емес контексте әрі сөйлеу ситуацияларына қарай әр түрлі таңба “әрекетінің” нәтижелерін бере алады.

Ауызекі сөйлеу стилінде фразеологиялық тіркестердің жиі байқалатын ерекшелігі болып табылатын құбылыс – инверсия әдісі.

Инверсия әдісі – стилистикалық тәсіл. Ауызекі сөйлеу стилінде адресант өзінің ең маңызды ойындағы сөзін айту мақсатында пайдаланады, сондықтан стилистикалық акценттік категорияның мақсатында ауыстырылып айтылады. Мысалы: амал жоқ (жоқ амалды қайтейін), обалы нешік (не обал дейсің), жаман-жақсы (жақсы-жаман), жарым түн (түн жарым), құр босқа, босқа құр (опасыз дүние, дүние опасыз), ішкені алдында, ішпегені артында (алдында ішкені, артында ішпегені), құдайдан сұрап алған жалғыз (жалғыз сұрап алған құдайдан), өзін қоярға жер таппау (таппай жер қоярға өзін), атарға оғы болмау (болмау оғы атарға) т.б. Алайда, инверсия әдісінің стилистикалық нормаға қайшы келетін тұстары бар, себебі тілдің экстралингвистикалық факторларымен қатар прагматикалық фактордың ықпалынан адресант өз ниетін дұрыс білдіргісі келмейді, тыңдаушыға ықпал ету мақсатын көздемейді, сондай-ақ, адресанттың “сөздік қорды” дұрыс меңгермегені сияқты дәлелдермен анықтауға болады.

Фразеологиялық тіркестер одағаймен, яғни әр түрлі көңіл күйге байланысты әуенмен айтылады. Қырсық шалды деген осы-ау, қырсығы тисе қайтем-ау, қырсыққа ұрындырған, құдай-ай, жолы болмай кетті ғой, жолы болып кетсе ше? Жолы оңғарылсын, басы қатып жүр-ау, көк ми-ай т.б.

Ауызекі сөйлеу стилінде диалектілік фразеологиялық тіркестер кездесіп отырады. Мысалы: ада болды (ада қылды), айшығы айналуы (ыңыршығы айналды), ақшам болды (ақірет күні жетті) сол сияқты алғыс, қарғыс, бата, тілек фразеологиялық тіркестер өте көп қолданылады: алдыңнан жарылқасын, қара бассын, ақ құсың құтты болсын, бағың жансын, жолың болсын, тілегің қабыл болсын, тілеуі кесілгір, тілеуі кесілсін! Тіл-көзден сақтасын, тілің кесілсін, тіліңе шоқ түссін, ұл тап, үбірлі-шүбірлі бол!

Кез келген стиль түрінде фразеологиялық қателіктердің кездесуі стилистикалық норма талаптарына нұқсан келтіреді. Оның басты себептері мыналар:

- фразеологизмдердің нақты мағынасын түсінбеу;
- лексика-грамматикалық құрамын сақтамау;
- экспрессивті-стилистикалық ерекшелігін байқамау;
- қай ортада қолдануға болатын сипатына мән бермеу;
- фразеологизмдердің бейнелілік табиғатына мұқият үңілмеу т.б.

Сөйлеу актісінде фразеологиялық қателіктерге жол беріледі, сондықтан стилистикалық қателіктерге ұрындырады. Сөйлем құрылымы ретінде кейде қосымша компоненттерді қосып айтады. Мысалы: несіне мұрнын көтеріп жүр, кейде фразеологиялық тіркестердің бір сыңары қысқартылып айтылады: көзіне ілмеу, ілгісі де келмейді дегенде мағыналық тұтастығы бұзылады, сондықтан мұндай тіркестердің стилистикалық әсер беру қызметі мен прагматикалық мақсаты бәсең тартады. Мақал-мәтелдер, фразеологизмдер сан ғасырдың жемісі ретінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Мақал-мәтелдер әр заманның талабына сай пайда болып, мазмұн, мағына жағынан туып, қалыптасып толығып, дамып отырады, ал фразеологизмдер тұрақты қалыптасқан сөз тіркестері болғандықтан, олардың өзгеру, даму, толығу процесі болмайды, ол дайын тілдік единица ретінде қолданылады, сондықтан уақыт үнемдеуге, тездікке құралады. Мақал-мәтелдердің фразеологиялық тіркестің ішкі мазмұны сияқты түрі жағынан ерекшелігі бар, мақал-мәтел – сөз сипаттаудың дербес түрі. Олар лексика-семантикалық, грамматикалық-стильдік ерекше (релеванттық) белгілерімен айқындалады. Мысалы: Көпке топырақ шашпа! Көппен бірге адас! сияқты мақал-мәтел ауызекі сөйлеудің мәнерлі қасиетін аша түседі. Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең көне түрі, ой-пікір жиыны, асыл-ой мұратының сөз мәйегі, сондықтан ауызша әдеби тіл үлгісінің ең негізгі мұрасы, асыл қазынасы, оған фразеологиялық тіркестер де жатқызылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұхамедханов Қ. Арнау өлеңдері хақында // Семей таңы, 1992 жыл.
2. Ахметов З. Өлең сөз теориясы. А., 2012 ж.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. А., 2002 ж.
4. Жүсіпов Қ. Өлең сөздің патшасы. А., 2000ж.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ІШКІ
МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****СЕМАНТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ЯЗЫКОЗНАНИИ****SEMANTIC NATURE OF PHRASEOLOGY IN LINGUISTICS**

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі фразеологиялық сөздердің семантикалық сипаттамаларын зерделеу жолдары қарастырылған. Сөздердің ішкі мағыналарын және берілген ой бейнелілігін талдау мәселелері көтерілген. Қазақ тілші ғалымдарының пікірлері ескеріле отырып, фразалық тіркестердің мәні, мағыналық сипаттары, образды ойдың берілу жолдары қамтылған. Сөздердің ішкі және сыртқы формалары әрі олардың маңыздылығы айшықталып, қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері, ауыспалы мағынаның берілу жолдары да зерделенген. Түркі тілдерінің салыстырмалы негіздері де ескеріліп, қазақ-түркі тілдеріндегі жақын-туыстық мағыналардың берілу жолдары айқындалған.

Түйінді сөздер. Фразеологизмдер қолданысы. Фразалық тізбектер. Сөз мағынасы. Сөз формасы. Сөз құбылысы. Образды сөздер. Бейнелі сөздер. Фразеологиялық бірліктер. Дыбыс. Мағына. Тіл байлығын. Фразеология семантикасы. Сөз сипаты.

Аннотация. В статье рассмотрены пути изучения семантических характеристик фразеологических слов в современном казахском языкознании. Подняты вопросы анализа внутренних значений слов и образности данной мысли. С учетом мнения ученых-казахских журналистов освещены сущность, смысловые характеристики фразовых выражений, пути передачи образной мысли. Были раскрыты внутренние и внешние формы слов и их значение, изучены лексические особенности казахского языка, пути передачи переходного значения. С учетом сравнительных основ тюркских языков определены пути передачи близкородственных значений в казахско-тюркских языках.

Ключевые слова. Использование фразеологизмов. Фразовые цепочки. Слово смысл. Явление слова. Образные слова. Образные слова. Фразеологизмы. Звук. Смысл. Богатство языка. Семантика фразеологии. Характер слова.

Abstract. The article discusses ways to study the semantic characteristics of phraseological words in modern Kazakh linguistics. The problems of analysis of the internal meanings of words and the image of a given thought are raised. Taking into account the opinions of Kazakh scientists-Correspondents, the essence of phrasal phrases, semantic characteristics, and ways of transmitting figurative thinking are covered. Internal and external forms of words and their significance are revealed, lexical features of the Kazakh language, ways of transmitting variable meanings are studied. The comparative foundations of Turkic languages are also taken into account, and ways of transmitting close-kinship meanings in Kazakh-Turkic languages are determined.

Keywords. Application of phraseology. Phrasal chains. Meaning of the word. S. S. form. Word phenomenon. Figurative words. Figurative words. Phraseological units. Sound. Meaning. The richness of language. Semantics of phraseology. The character of the word.

Қазіргі тіл біліміндегі сөздің мағыналық семантикасының дамуы, фразалық жасам құрылымы, фразеологиялық бірліктердің – тілдік болмыс пен арақатынас ерекшеліктері, сонымен қатар фразеологизмдердің құрылымдық-семантикалық түрленуін ажырата білуде ішкі форма категориясының табиғатын ашудың ерекше орыны бар. Айтылған фразалық тізбектегі образдылық ойдың (бейнелілік) берілу жолдары мен фразеологиялық бірліктер мағынасының қатынасын сипаттауда ішкі форманың мәні айрықша роль атқарады. Тіл

біліміндегі фразалық тізбектегі ішкі форма ұғымын қазақ тіл білімінде алғаш рет тілдік бірлік ретінде сөзге қатысты қолданған ғалым – Б. Шалабай болып танылады. Ғалымның пікіріне сүйенсек, онда жалпы лингвистика негізінде ойлы әсер жеткізетін мағыналы сөздің ішкі формасы туралы туралы ХІХ ғасырларда талқыланған. Бірқатар тіл зерттеушілері неміс ғалымы В.Гумбольдт, Х.Штейнталь сияқты ғалымдар көп жазған, - деп жариялап жүр. Аталған ғалымдардың шетелдік лингвистикалық зерттеулерінде сөздің ішкі формасы терминіне қосымша түрде, сөздің дыбыстық мағынасы мен байланысу тәсілі деген түсінікті жүктеген [1, 214 б.].

Ғылыми негізде қазақ тіл білімі ілімінің іргесін қалаушы ғұлама А. Байтұрсынұлы аталған құбылысқа алғаш талдауды жасады, онда сөздің негізгі үш негізін айқын көрсетті. Олар: **дыбыс, мағына таңбасы (елестету) және мағына.** Мағына таңбасы немесе елестету ұғымдарын ғалым А. Байтұрсынұлы басқа заттың қасиетімен салыстыру арқылы танылатын заттың белгілік атауы деп атаған. Ал, бұл құбылыс орыс лингвистикасында «... знак значения... есть общее между двумя сравниваемыми сложными мысленными единицами или основание сравнения», - деп түсіндірілген [2, 17 б.].

Фразеологиялық тұлғалардың семантикасын зерттеуге арналған танымал ғалым-фразеологтардың еңбектерінде ішкі форма фразеологизм мағынасының бір бөлігі түрінде қарастырылады. Ішкі форма окказионалды фразеологизмнің мағынасын ұйымдастыру барысында маңызды рөл атқарады. Көбінесе идиомалық сипаттағы фразеологизмдер мен паремия окказионалды трансформацияға көп ұшырайды. Осыған орай, окказионалды фразеологиялық тұлғаның ішкі формасы фразеологиялық бейнемен байланысты болады, яғни ол өзі өзгере отырып, бейнеге жаңа мағына үстейді.

«Ішкі форма» ұғымының ғалымдар ұсынған нұсқасында (В.В. Виноградов, А.А. Потеня, А.В. Кунин, В.Н. Телия) ішкі форма туралы үш түрлі көзқарас бар. Ішкі форма дегеніміз:

- 1) ішкі бейне;
- 2) фразеологизм семантикасының элементі;
- 3) ФТ-ның жасалу тәсілі.

Өзіндік ішкі формасы бар тілде бұрыннан қалыптасқан узуалды фразеологизмнен окказионалды фразеологизм туындайды. Бұл окказионалды фразеологизмдерден шығатын фраза туындатудың басты ерекшелігі болып табылады.

Ішкі форманың жекелеген элементтерін қолдану мәселесі фразеологиялық тұлғаның тірек компоненттерін бөлшектеу және оның окказионалды фразеологизм негізінде жасалу барысында айқын байқалады.

Мысалы, *Эттеген-ай, неге «болты босап» кете береді бұл, қылмысқа қарсы күрестің? 95-те, бүкілхалықтық референдум алдында зой деймін, осылайша бір күшейтілген...* Нормалы қолданыста *буыны босады* – күші кетті, әлсіреді деген мағынада адамға қатысты қолданылады. Осы фразеологиялық тұлғаның *босады* етістікті компонентінің бөлшектенуінен *болты босады* 'күші жоқ, сұйық, аяқсыз қалады' деген мағынада айтылатын авторлық окказионализм жасалып отыр. ОФ-ның әр компоненті фразеологиялық мағынаның қандай да бір бөлігін тұтынушы болып саналады. Бұл оралымның жалпы мағынасы лексикалық компоненттері арасында былайша бөлінеді: **болты** – 'күші', **босады** – 'жоқ'.

Осылайша, ФТ-ның ішкі формасы трансформациялану арқылы ауызекі сөйлеу қолданысына әсер етеді. Ғалым Б. Шалабай: «Антропоцентристік факторлар фразеологияда айқын көрінеді. Өткені жаңа идиом жасау барысында сөйлеушінің бағалаушылық және эмоционалды жағдайын білдіруге ұмтылады және адресатқа әсер ету мақсатында денотатқа деген қатынасын білдіреді. Осы тұста В. Телияның: «Окказионализация фразеологизма является прямым следствием проявления человеческого, субъективного фактора в языке и, шире, самого языкового фактора в человеке, носителе языка, его культурно маркированной картине мира и национальном самосознании» – деген пікіріне біз де қосыламыз»- дейді [1,94 б.].

Окказионал фразеологизмдердегі антропоцентристік факторлар лингвомәдени менталитеттің пайда болуына әкеледі.

Сөйлеудің коммуникативтік-прагматикалық тиімділігі экспрессивті-эмоционалдық әсер ету дәрежесі мен оның қайнар көздеріне байланысты. Сөйлеу жанрындағы мәтіндер арқылы қарым-қатынас жасау кезіндегі әсер арнайы тілдік құралдарды таңдау негізінде жүзеге асырылады, олардың ішінде фразеологизмдердің орны ерекше. Фразеологизмді таңдап алғанда және де окказионал өзектілік әдістерін қолданғанда, вербалданған шындық ассоциациялар арқылы көрініп, ол тыңдаушыға эмоционалдық қатынасын көрсетуге себеп болғандықтан, пайдаланушы автор сол арқылы қосымша ақпаратты білдіреді. Мысалы:

«Балғымбаев мырза, **басыннан бал тамып, маңдайыңнан мұнай атқылап тұрса да**, мен сені бір күн ұстамаймын, егер үкіметтің Ана тілімді аяқасты ете беретіні болса!» – деп...

6. Осы мысалдағы **басыннан бал таму** қалыпты фразеологиялық тұлға *бармағынан бал тамған 'бес аспан шебер, көп өнер иесі'* [2,94 б.], – деген мағынаға өзгеше мәнде беріліп тұр. Осы тіркеске **маңдайынан мұнай атқылап тұру** қосымша компоненті қосылып, сөйлемге экспрессивті реңк үстеп, мағынасын аша түседі.

Ғалымдар фразеологиялық тұлғалардың паргматикалық әлеуетін сөз ете келіп, тілдің бұл тұлғаларының аталған үш психологиялық (А. Леонтьев) міндеттерін шешуге мүмкіндік беретінін:

7. мәтінге назар аударту;
8. мәтінді қабылдауды жақсарту;
9. мәтінді тыңдаушының қабылдауын айтады.

Ал, академик Исмет Кеңесбаев өзінің алғашқы фразеологияға қатысты еңбектерінде фразеологиялық бірліктерге мағына тұтастығы негізінде топтастырып, ғылым саласында «жаңашылдық» жасады. Ғалым І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық тізбектер табиғаты» ғылыми туындысында қазақи таза тілдегі фразеологиялық бірліктер мен сөздердің аналогиясы негізінде олардың мағыналарының мотивировкасына қатыстылығын айқындайды. Фразеологиялық тұтастықтар құрамындағы сөздердің құрамымен, компоненттердің мағыналарымен еш байланыссыз таңба болып табылатын мотивтенбейтін сөздердің мағыналары қандай шартты болса, олар да сондай қасиетке ие болып келеді

Ұлттық мәдениеттің кілтін кез-келген халықтың өкілі шеше алмайды, ол үшін сол тілде сөйлеп, сол тілде ойлап, сол халықтың топырағында аунап, суын ішіп, ауасымен демалу керек. Себебі, мәдени кодты ашудың кілті сол атрибуттармен тікелей байланысты.

Тіл халықтың рухани байлығының ең қажеттіліктерін – мифологиясын өз бойына жинайды. Осындай тіл фактілеріне талдау жасау мәдени тамырларымызға үңіле түсуге, оның құпия сырларын түсінуге септігін тигізеді. Фразеологизмдерді мифтік танымға, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға әкеп жүктеу, оларды бір-бірімен байланысты дүние ретінде қарастыруға, оларды мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық тілдегі бейнесі деп тануға жол ашса, екінші жағынан, ғалымдар сабақтастығын (тіл, мәдениет, тарих, фольклор, этнология, әдебиет және т.б.) жан-жақты теориялық тұрғыдан аша түсуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі негіздері. –А., 2007.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. –А., 1958.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер . –А., 1998.

**М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ОҚЫТУ
ЖОЛДАРЫ****СЕМАНТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ЯЗЫКОЗНАНИИ****SEMANTIC NATURE OF PHRASEOLOGY IN LINGUISTICS**

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі фразеологиялық сөздердің семантикалық сипаттамаларын зерделеу жолдары қарастырылған. Сөздердің ішкі мағыналарын және берілген ой бейнелілігін талдау мәселелері көтерілген. Қазақ тілші ғалымдарының пікірлері ескеріле отырып, фразалық тіркестердің мәні, мағыналық сипаттары, образды ойдың берілу жолдары қамтылған. Сөздердің ішкі және сыртқы формалары әрі олардың маңыздылығы айшықталып, қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері, ауыспалы мағынаның берілу жолдары да зерделенген. Түркі тілдерінің салыстырмалы негіздері де ескеріліп, қазақ-түркі тілдеріндегі жақын-туыстық мағыналардың берілу жолдары айқындалған.

Түйінді сөздер. Фразеологизмдер қолданысы. Фразалық тізбектер. Сөз мағынасы. Сөз формасы. Сөз құбылысы. Образды сөздер. Бейнелі сөздер. Фразеологиялық бірліктер. Дыбыс. Мағына. Тіл байлығын. Фразеология семантикасы. Сөз сипаты.

Аннотация. В статье рассмотрены пути изучения семантических характеристик фразеологических слов в современном казахском языкознании. Подняты вопросы анализа внутренних значений слов и образности данной мысли. С учетом мнения ученых-казахских журналистов освещены сущность, смысловые характеристики фразовых выражений, пути передачи образной мысли. Были раскрыты внутренние и внешние формы слов и их значение, изучены лексические особенности казахского языка, пути передачи переходного значения. С учетом сравнительных основ тюркских языков определены пути передачи близкородственных значений в казахско-тюркских языках.

Ключевые слова. Использование фразеологизмов. Фразовые цепочки. Слово смысл. Явление слова. Образные слова. Образные слова. Фразеологизмы. Звук. Смысл. Богатство языка. Семантика фразеологии. Характер слова.

Abstract. The article discusses ways to study the semantic characteristics of phraseological words in modern Kazakh linguistics. The problems of analysis of the internal meanings of words and the image of a given thought are raised. Taking into account the opinions of Kazakh scientists-Correspondents, the essence of phrasal phrases, semantic characteristics, and ways of transmitting figurative thinking are covered. Internal and external forms of words and their significance are revealed, lexical features of the Kazakh language, ways of transmitting variable meanings are studied. The comparative foundations of Turkic languages are also taken into account, and ways of transmitting close-kinship meanings in Kazakh-Turkic languages are determined.

Keywords. Application of phraseology. Phrasal chains. Meaning of the word. S. S. form. Word phenomenon. Figurative words. Figurative words. Phraseological units. Sound. Meaning. The richness of language. Semantics of phraseology. The character of the word.

Мектеп қабырғасында мақал-мәтелдерді оқыту ерекше мәнді әрі маңызды процесс болып танылады. Оның басты негіздерінің бірі – бала тәрбиесі болса, екінші қыры –

ұлттық нақышты бала санасына сіңіру болып болып келеді. Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл өнегесі мол көрініс тапқан.

Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады [3, 5 б.].

Халық даналығы үлкен ойды аямай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлік танытқан. «көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында.

Мақал-мәтелде бәрі екшелген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан. «Ер дәулеті - еңбек». Мұндағы негізгі ой - еңбектің құдіретін, бүкіл игіліктің көзі екенін білдіру. Ой қазығы еңбек болған соң, мақалда «е» дыбысы ерекше естіледі. Мақалға саздылық, үнділік беріп тұрған да сол. Дәулет сөзінің мақал бітіміне кіруі де соған байланысты. Оның орнына ырыс, байлық, молшылық т.б. сөздерді ала алмайсың. Онда мақал поэтикалық қасиетінен айрылады.

Мақал-мәтелдерде халық сөзді барынша үнемдеп қолданған. кейде тіпті, сөз тастап та кетіп отырады. Бірақ онан мақал-мәтелдің мазмұнына ешқандай нұқсан келмейді. Мысалы, «Ақыл жастан, асыл тастан» дегенде, шығады сөзі қалып қойған, бірақ онан мақал ойсырап тұрған жоқ.

«Сөз асылы - мақал» дейді халық. Оның айтушылары да, тұтынушылары да – көпшілік. Мақал – логикалық, образдық ойдың қосқанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Оның ұйтқысын, ең алдымен, мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық, ұжымдық мазмұн бар, мақалдың қорытындыларын халық ешуақытта теріске шығармайды.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Халықтың әл-ауқаты сонымен қатар намысқойлылығы, ары мен иманы қашан болмасын жазушы шығармаларына арқау болады:

Абай да күле отырып, іле жауап қатты:

-Рас – ау оның, Базеке, бәрі рас! **«кедейлігіне қарама, кісілігіне қара»** десе, түгел Тобықтыдан сені атау дұрыс. Бірақ біз өнерді айтып отырмыз. Бір тайпа Тобықты деген елдің жігіті екеніңіз рас. Жігітіміз – сіз бен біз, бірақ біз өнерлі жігітпіз бе? Сол өнерге келгенде сіз екеуіміз – ел есінде қалар не көрсеттік, нендей үлгі шаштық? Қандай еңбек еттік ортамызға?! – деп, Абай қатты үнмен шыншыл жүзімен бір сұрақ қойды да, аз үндемей жағалай қарап шықты / «Абай жолы», 64 бет/.

- Бұл сахрадағы қу өмірге осылай тізе көрсетер соққы болсын. Ер қайғысын бара- бара сол емдер!- деп, біраз отырып, үлкен бір ой түйді. – **«Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артында жортқан баласы арыстандық етпей қоймас. Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас!»** - деген қазақ неткен дана. Тобықтының зорлығы мен қараңғылығы Оралбайды жеңгенімен, өмірді, тауарықты жеңе алмас, бұра алмас... бұрыс алмас!..-деді («Абай жолы»).

Әуезов еңбектерінде ар-намыс концептісін ашуға негіз болатын - «Байлық-кедейлік» концептісіне ілесе жүретін, солардың атрибуты тәрізді ұғымдардың мол қоры бар. Мұндай ұғым негіздері ар-намыс туралы концептіге кіретін негізгі атауларды әр қырынан толықтырып, оларды бейнелі түрде жете анықтауға мүмкіндік береді.

Ғалым Ж. Манкеева: Қазақи намысқойлық, өршілдік оның қолданған немесе киінген тұрмыстық киім-кешектерге де қатысты болып келеді», - дейді [20,87]. Мысалы, төмендегі тұрмыстық атаулар байлықтың сән-салтанатын сипаттайтын, онымен бірге айтылатын атрибуттары болып табылады:

шайы камзол, құндыз бөрік, қара мақпалмен тыстаған түлкі тымақ, тиін ішік, ақсеңсең ішік, сусар ішік, бұлғын ішік, күміс белдік, алтын алқа, қалы кілем, атлас шымылдық т.б.

Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» романында :

Қанша намысқой жігіттер талпынғанмен, қол жеткізуі қиын қыздардың бірі – осы Тоғжан. Қазір сол Тоғжан білезікке толы аппақ жұмыр білегін табаққа қарай сирек созады.

Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті кәріс белбеу, бұ да анық намысқой бозбаланың белгісі.

Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің-Құнанбайдың кәрі шешесінің көк арбасы десе де болады /«Абай жолы»/,

Дәулетті адамдардың ас жиыны, тойлары кезінде айтылатын тамаққа қатысты эпитетті сөздер де кейіпкердің өзіне-өзі сенімді, нық екендігін айқындата түсетін, молшылық белгісі ретінде қолданылған атаулар да аз емес. Мысалы: Үнемі тоқшылықта жүргендердің дастарханындағы немесе аузындағы тамақ, ойын атауларын алайық,

семіз жая, алтындай сары үлдірік, төңкерілген қазы, үйтілген қой, семіздің жас сүбесі, серке тарту, балуан күрестіру, атшабыс, теңге алу, тайтұяқ, қойтұяқ, үштоғыз.

«кедейлік» концептісіне қатысты негізгі атауларды толықтырып, бейнелеп білдіретін атрибут сөздердің сипаты бірыңғай емес. Оларды өз ішінде бірнеше топқа бөлуге болды. Бұл ерекшелік, кейіпкерлердің бірінің көңілін кішірейтіп, иығынан басса, енді бірін ширықтыра, ызхаландыратын қарекеттерге бастарлық жол десек те болады. Намысқа апаратын немесе адам баласын құлдырататын негіздеме - «кедейлік» концептісі. Бұл концепті – ар-намыс концептісінің қатарынан қалмайтын негіздеме ретінде де танылады.

1. кедейліктің, жоқшылықтың жағдайын, хал-ахуалын білдіретін эпитеттер: **Қайғы, қасірет, тауқымет, тақсырет, қам-қайғы, ауыртпалық, амалсыздық, азап, қорлық-зорлық, тақыр таза, жүдеу тірлік, жұтаң күй, жарымау т.б.**

2. кедей, жарлы, жоқ-жітік адамдардың кескін-кейпін білдіретін эпитеттер:

Жүдеубас, кара борбай, қылқию, қайыр тілеу, азу, тозу, қанғыру т.б.

М.Әуезов шығармаларында ар-намыс концептісін айқындайтын, ашатын мақал-мәтелдердің әр алуан тақырыпқа арналған түрлері кездеседі. Олардың көбі халықтың дүниетанымын, өмірлік тәжірибесін, өмір, өлім, тағдыр туралы түсініктерін қамтиды.

Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» ұғымдары арасында белгілі бір байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

Ар-намыс концептісін ашудағы «Өмір» мен «өлім» түсініктерінің жалпыхалықтық мақал-мәтелдердегі көрінісі мынадай: «Туғанға жыламаймын, өлгенге жылаймын»; «Ажал ажарыңа да қарамайды, базарыңа да қарамайды»; «Біреудің ажалы оттан, біреудің ажалы судан»; «Дүниенің қадірін берерде білерсің, жанның қадірін өлерде білерсің»; «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ», «Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес».

Ар-намыс концептісін ашудағы «Тағдыр» ұғымы қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың даму дәрежесіне қарамастан, өзінің түп негізінде философиялық танымдық ұғым болып қала береді. Өйткені оның философиялық танымдық тамырын дұрыс түсінбеген күнде де ол басқа дүниетанымдық концептілердің, жалпы шындық болмыстың ұйтқысы болмас еді. Бұл ұғым ешбір өзгеріске ұшырамай, өзінің абсолюттілігі мен тәуелсіздігін сақтай отырып, прагматикалық және басқа да құбылыстардан жоғары тұрады

- Басыңа күн туған азамат екенсің. **«Жалғыздың жары - құдай»** деген ғой. Бірде болмаса бірде бір кемпір-шал бар еді-ау деп есіңе аларсың. Осы үйді өз үйіңдей көр де жата бер. Жауыңнан құлақтас болып тұрармыз. Мына балаларымды інідей көр!- деп Қатубай көп-көп жұбату, достық сөздерін айтқан («Абай жолы»).

М.Әуезов шығармаларындағы «адалдық», «адамгершілік», «ар-ұят» ұғымдарының қолданысы ұлттың рухани бірлігін, моральдық құндылықтардың тілдегі көрінісін танытады. Қазақ халқының ертеден қалыптасқан моралі «Малым жанымның садағасы, Жаным арымның садағасы» деп ар, ұят, иман қасиеттерін жаннан артық бағалап, «Өлімнен ұяттың күшті екендігін» қоғамда, тәрбиеде басты қағида етіп ұстанған.

- **Дүниенің бәрі де жан садағасы.** Мал да, жер де аманшылық, тыныштықта, ер азаматтың аманшылығында жақсы шығар. Олардың басына күн туған соң дүниенің, қазынаның, мал-мүліктің не керегі бар десетін («Абай жолы»).

М.Әуезов шығармашылығында кездесетін мақал-мәтелдер осындай халықтың рухани құндылығы терең білім адами құндылықтарымен бірге жалпы адамзаттық қасиеттерді танытады. М.Әуезов шығармаларындағы мақал-мәтелдерде кездесетін ар, иман, ұят тілдік танымын талдау барысында жазушының осы мәселелер жөнінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, таным түсінігіне негіздей отырып, адамгершілік құндылықтарын адам жанына терең сіңіру мақсатында қарапайым халыққа түсінікті тілмен, тіпті көркем поэтикалық тілмен баяндап, мән-мазмұнын айқындаған деп тұжырым жасауға болады. Жазушы өз туындыларында жақсылық пен жамандықты, ұят пен ұятсыздықты, адамшылық пен жауыздықты, достық пен қастықты, ақыл мен надандықты, сезім мен сананы арқау етіп, философиялық, дүниетанымдық тұжырымдамаларын, түйіндерін жасаған.

Абақты ішінен Абайды көріп шыққан соң, бұл жөнінді Бзаралы: **«Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет** деді-ау Абай, ақылыңнан айналайын!»- деді. Өз ішінде тас-томардай түйіліп жүрген бір күдікті осылай жадыратып, сыртқа шығарды («Абай жолы»).

Адамды танымдық тұрғыда тәрбиелеудің ең нәтижелі әдістердің бірі-шындық, әділет. М.Әуезов шығармаларында ар-ұяттың жарқын бейнесі жеке тақырып дәрежесіне көтерілген. Үнемі ар туралы ойлау, адамзат бақыты жайлы толғану ұят, намыс атты концептілер жеке ғылым көзін ашқанмен бірдей болады. Ал адалдық, адамгершілікке қарама-қарсы ұғым арамдық та мақал-мәтелдерде көрініс тапқан.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Жампейісова М. Қазақ тілін оқытудағы жаңа технологиялық методикалар. Алматы, 2000.
- 2.Оразов С. Қазіргі қазақ тілінің мәселелері. Алматы, 2001.
- 3.Әуезов М. Абай жолы роман-эпопеясы. А.,1972.
- 4.Айдаров Ғ. Көне ескерткіштер тілі. А., 1985.

ӘӨЖ 329

Имангазина Әйгерім

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының III курс студенті
«Тұран-Астана» университеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
педагогика магистрі, аға оқытушы Ибрайханова А.Қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ВИРТУАЛЬДЫҚ ЖӘНЕ МИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ВИРТУАЛЬНЫЙ И МИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗОВ

VIRTUAL AND MYSTICAL CHARACTER OF MODERN KAZAKH STORIES

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ әңгімелерінің виртуальдық және мистикалық сипаты қарастырылған. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелері тақырыптық, образдық тұрғыдан сараланып, көркемдік танымы мен ұлттық сипаты ашылған.

Түйінді сөздер. Виртуалды кейіпкер, жазушы шеберлігі, мистикалық проза, ұлттық таным.

Аннотация. В статье рассмотрен виртуальный и мистический характер современных казахских рассказов. Казахские рассказы за годы независимости тематически, образно дифференцированы, раскрывают художественное познание и национальный характер.

Ключевые слова. Виртуальный персонаж, мастерство писателя, мистическая проза, национальное познание.

Abstract: The article examines the virtual and mystical nature of modern Kazakh stories. Kazakh stories over the years of independence are thematically, figuratively differentiated, reveal artistic knowledge and national character.

Keywords. Virtual character, writer's skill, mystical prose, national knowledge.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге көптеген қаламгерлер үлес қосты. ХХІ ғасырда әңгіме жанрына тағы бір топ жас буын өкілдері келіп қосылды. Олардың қатарында мерзімді басылым беттерінде әңгімелері жиі жарияланып жүрген Қ. Аманжолұлы, Қ. Әбілқайырұлы, М. Омарова, Л. Қоныс, Ә. Қоспағарова, Б. Дәулетбаева, Л. Имашева, А. Мантаева, Ж. Мамырәлі, М. Мұқашев, Б. Сарыбай, т.б. қаламгерлерді атауға болады. Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ әңгімелерінде жаңашылдық лебі есті. Дәстүрлі даму арнасынан ауытқымаса да мазмұн мен идеяда жаңашылдықтар, көркемдік жаңа айшықтаулармен ерекшеленді. Сонымен бірге қазіргі әңгімелер әлемдік, жалпы адамзаттық проблемаларға еркін араласып, әлем әдебиетіндегі жаңа дәстүр, жаңа бағыттарға үн қосып, әлем әдебиетіндегі жаңа дәстүрлерді еркін пайдаланды. Ұлттық рух, елдің еркіндігін сақтау, кемел болашақтың тізгінін ел болып ұстау, жақсысын ардақтау сияқты ойлы әңгімелер көптеп жазылды. Бұл әңгімелер ұран сарынында емес, салмақты ойлар негізінде туындап жатты. Өткенін саралады, қазіргі күнін таразылады, кемел болашақтың тізгінін қалау үшін бірлікке, имандылыққа, сабырлылыққа үндеді.

ХХІ ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Қарапайым қарым-қатынастың өзі жаппай виртуалдық сипатқа ие болған заманда бұл виртуалдылық сипаттың қоғамның әр саласына, соның ішінде өнер мен мәдениетке де әсер етуі – заңдылық. Виртуальды бейне-троп, адамның ішкі жан-дүниесін бейнелеуді білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, виртуальды бейне-троп – бұл тұлғаның өзін-өзі бейнелеуі болып табылады. Көркем туындыларда барлық кейіпкерлер виртуалды болып табылады, яғни, олар нақтылы өмірде емес, автордың ішкі дүниесінде, содан кейін барып оқырман туындыны оқыған кезде оның ішкі дүниесінде өмір сүреді. Сондықтан автор нақтылы өмірдің виртуалды сыңарын қалыптастырған кезде өзінің виртуалды адамдарына өздерін нақтылы өмірдегі адамдар сияқты қылықтар жасауына мүмкіндік береді: олар басқа адамды бейнелейді (олардың сыртқы бейнесін, мінез-құлқын, іс-әрекет ету жағдайын және т.б.), немесе өзін сипаттайды (өзінің жан дүниесін сипаттайды). Осы виртуальдылықтың қазіргі қазақ прозасындағы көрінісіне келетін болсақ, Т.Шапайдың «Дос», Г.Шойбекованың «Адамгершілік», «Шындық», А.Алтайдың «Түсік», т.б. әңгімелерінде адам болып жаралғалы айтылып та, жазылып та, болашақта да жазылатын мәңгілік тақырыптар – адамгершілік, мейірімділік, жалқаулық, пендешілік, т.б. сөз болады. Т.Шапай өзінің әңгімесін «Менің бір досым бар еді. Жанымдай көретін досым еді. Мен сол досымды жоғалттым», – деп бастап, кейіпкерін бір өкініш, бір сарғайған сағынышқа салып, өкіндіре мұңайтады. Тұрсынжан Шапайдың кейіпкерінің сағынышы бір бөлек, елден ерекше өз алдына бет-бейнесі де жоқ, елес тәрізді досын іздеп шарқ ұрады. Жазушының шеберлігінің өзі – осы жоқ, көзге көрінбейтін нәрсені көркем бейне персонажға айналдыруы. Иррациональды сипат Т.Шапай прозасына етене тән. Пәлсапа мен ғибратқа құрылады. Тегінде оның күллі прозасында қазақтың ұлттық әдебиетіне ежелден тән негіз, ұлттық дүниетанымның түйіні, қазіргі тілмен айтқанда менталитет көрініп тұрады. Мысалы, қазақ халқының мақал-мәтелдерінің түбінде түйіршіктелгендей сезілетін қара өлеңі жатыр. Бұл әңгімеде Дос кескінінде рухани ұлы қасиет, адамшылық ділі беріледі. «Досым мені көп

қинамай, есімін өзі айтты: – Тәуба». Бірінші жақтан баяндау – автордың сүйікті тәсілі. «Жастығым, жарлылығым сол досыммен көрікті еді». Бұл – өзімшілдікті өмірдің шарты санайтын адам «менінің» таза кезі. Адам баласы араны ашылып, тәубасын жоғалта бастайды. Содан жаны азап шегетінін өзі де байқамайды. «Бейнесіз бір елестің сағынышы құса қылды». «Көң домалатқан қоңыздай тірнектеген тірлігім ақыры рәсуа боп, желге ұшты». Бұл да – қазақтың ұлттық дүниетанымы: «дүние бок, дүниеқоңыз». Автор өзара ұқсас, жылғалас, бір айдынға құятын өзеннің салалары тәрізді бір сарынды әңгімелерінде бір мотивті жиі пайдаланады. Ол – жалғыздық әбден бүріп, жанын депрессия, түніліс, сары уайым меңдеген адамның өмірдің мағынасын іздеп аласұруы. Тылсым сарай, айна, көл, сайтан, әулие – бәрі де бір «жан дүние» – «меннің» түрленген атаулары. Кейіпкер ұдайы шыңырауға, көлге, лабиринт сарай, сиқырлы айнаға қарай береді. «...Бар ғаламның қайғысы көкірегімнен копарылып бірге шыққандай, дертімнен құлан-таза айықтым». Бұл – осы әңгімедегі адам тәубесіне түскенде табатын жан рахаты. Тегінде автордың кейіпкері сайтанның арбауынан шығуға қимайтын шәкірт, яғни мұсылманшылықты басы бүтін қабылдай алмай жүрген, иманы толық емес, скепсистен кетуге дәрменсіз атеист сияқты әсер қалдырады. Бұл – біздің қоғамның ортақ болмысы. Г.Шойбекова «Адамгершілік» атты әңгімесін ертегі айтып отырғандай ерекше бір пішінмен бастайды. Жазушы шағын әңгіменің жұмбақтау түрін таңдап алыпты. Бірінші жақтан баяндалған әңгіменің ерекшелігі – «ертегі» дейін десең ертегіге, «кейіпкер бейнесінің екіге жарылуы» дейін десең, оған келмейтін виртуальдылық. Автор адам бойындағы ізгі қасиеттерді кейіпкер етіп алып отыр. Жалаң уағыздаумен адамгершілікті әспеттемейді. Керісінше, аталмыш қасиетті жабысқақ, адамды мезі ететін мінез иесі ретінде суреттеп, айтпақ ойын ым, ишаратпен оқырман талқысы мен пайымына оқиға желісін ширату арқылы жеткізеді. Қаламгер кейіпкер мен адамгершілік арасындағы виртуальды диалогты өкпе-наз түрінде береді. Г.Шойбекова адамзат баласының жақсы-жаман қасиеттеріне жан бітіріп, тірілтіп оларды да адами келбетке келтіреді. Авторлық шешім кәріні жасқа айналдырып отыр. Г.Шойбекованың осыған және Т.Шапайдың «Тәубасына» ұқсас тағы бір әңгімесі бар. Ол әңгіме «Шындық» деп аталады. Ұқсас дейтініміз: шығарманың басталуы ұқсас стильмен басталады. Бірінші жақтан баяндалып, Шындық өз басынан кешкенін баяндайды. Дегенмен, сюжет желісі бөлек. Егер, Т.Шапай «Досының (ТӘУБА-ның) атын ұмытып, сол беймәлім досын іздеп шарқ ұрса, Г.Шойбекованың бірінші әңгімесіндегі қартайған «АДАМГЕРШІЛІГІ» ана құрсағындағы жас шаранаға айналса, мұндағы бас кейіпкері – «анасынан туғаннан Жалаңаш» жүреді екен. Автордың кейіпкерінен адамдар жерініп, жатсынған сайын ол жалғыздыққа бой ұрады. Қазақ әңгімесіндегі виртуальды образдардың бейнелену пішіндерінің өзі әртүрлі. Мәселен, Т.Шапайдың «Аңыз» атты әңгімесі Ж.Қорғасбектің «Қасқыр адам» атты хикаяты бойынша жазылған. Автор ЖАҚСЫЛЫҚ атты басты кейіпкеріне қарама-қарсы етіп ЗҰЛЫМДЫҚТЫ Қасқыр бейнесінде алып отыр. Қаламгердің бұл шығармасының жоғарыда тоқталып өткен виртуальдық әңгімелерден еш айырмашылығы жоқ тәрізді болғанымен, бұл туындының өз ерекшелігі бар. Ол – бұл шығарманың итерпретация үлгісімен жазылуында, яғни жарық көрген бір шығарманы оқу барысында туындаған. «Аңыз» – бұл жанры этюд тәрізді, бір үзік ой. «Содан бері Жақсылық Зұлымдықты асырап келеді екен». Лейтмотиві – осы. Қазақ ертегілері мен аңыздарының сарыны. Сонымен қорыта келгенде, қазіргі қазақ әңгімесіндегі виртуальды әңгімелер желісі өзіндік соны өрнектері, жаңа ой түйіндерімен ерекшеленеді. Бұл тақырыпқа көптеген суреткерлер қалам сілтегенімен айтар ойлары, көтеріп отырған авторлық танымдары бір. Виртуальды проза тамыр өзегін сонау фольклорлық шығармалардан алып, бүгігі күнге дейін өз өміршеңдігін жоймаған.

Қазақтың қазіргі мистикалық прозасы өзінің арнау-бастауларын фольклордан алғаны бәрімізге мәлім, Осы фольклордағы мистикалық аңыз-әңгімелер қайта түлеп, реминесценция үлгісінде жаңа сипатқа ие болып отыр. Тұрсынжан Шапайдың «Жазуы» – мистикалық әңгіме. Себебі, онда діни кітаптарда айтылатын, адам өмірінің құпиясын жазған жазмыш тақтасы елес түрінде беріледі. Автор қарапайым ситуацияны трагедиялық биікке көтеріп жібереді. Кейіпкердің қыр соңынан қалмайтын, жел ұшыратын бір жапырақ қағаз – қазақ

дүниетанымындағы маңдайдағы жазу. Автор ұлттық танымды мұсылмандық түсінікпен астастырып жіберген. Автордың бұл тұжырымдамасының бесенеден белгілі бұйрық, жазмыш, тағдыр дейтін танымдар ерекше пафоспен берілгендіктен, авторлық таным мен діни таным ара жігін ажырату қиынға соғады. Яғни, мистикалық тебіреніс арқылы автор әсер етудің көркемдік амалын тапқан. Ал, М.Мағауиннің «Тағдыр жазуы» да мистикалық әңгіме болғанымен, берілу пішіні бөлек. Тұрсынжан Шапайдың «Жазуында» – жалпы адамзаттың тағдыры жатыр. Ал, М.Мағауиннің «Тағдыр жазуы» – бұл жалқы тағдыр. Жазушының жеке тағдыры. Оның «мені». Расында, «Мен» атты өз романының мистикалық нұсқасы. Жазушы Гораций, Пушкиндерден үлкен әдебиетте мирасқа қалған тұлғалық «менді» айтып тұр. Бұл оның өзіне деген анық сүйіспеншілігі, сол себепті асылық та танылмай қалмайды. Алғашқы әңгімеде Құдайға құлшылық идеясы астарлай білдіріліп тұр. Екіншісінде құдай идеясы жоқ. Балалық шақтың баянынан автор 60-тан асқан шағына бір-ақ тоқталады. Мұнда да өң мен түс. Жазушы фәни дүниедегі өз биігіне жеткен. Жазушылық болмысты ол Тәңірі құты деп таниды. Жазушы мұны зор мәртебемен айтса керек. Тағдыр мен шығармашылық тұтасып кеткен. Бұл – шығарма әңгіме осынысымен құнды. Өз тағдырына ерен разы тәрізденеді. Өйткені өлмейтін сөз ғана. Рух мәңгі жасайды. Көк тастағы жазу – сол рухтың бұйрығы. Соған бағынып жазушы жыраулар поэзиясын қайта жаңғыртты.

Тәуелсіздік жылдары қазақ жазушылары әңгіме жанрында қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, мазмұндық, түрлік ізденістерге барды. Бұл жанр кеңестік дәуір тұсында тыйым салынған діни-философиялық, эротикалық, интимдік әңгімелермен толықты. М. Мағауин, Б. Нұржеке, Қ. Жұмаділов, Т. Ахметжан, Н. Ораз, т.б. жазушылар адам жанының ішкі иірімдеріне үнілуде психологиялық әңгімелер қатарын көбейтті. Дәстүрлі ұлттық таным тәуелсіздік тұсындағы әңгімелерде батыс әдебиетінде қалыптасқан әр түрлі ағымдармен жалғасты. Сондықтан да қазақ әңгімелерінде модернистік, постмодернистік ағымдар пайда болды. Қазақ әңгімелері 1991-2012 жылдар аралығында жаңа есімдермен, жаңа мазмұндармен толықты. Әңгіме ұлттық сипат алды, ұрпақты тәрбиелеуде көркем әңгімелер жазылды. Мектеп бағдарламаларына енгізіліп, қазіргі қазақ әңгімелері көркемдік таным мен ұлттық сипаты тұрғысынан оқытылса, тәуелсіз елдің ұрпағының рухани дамуына өз үлесін қосары анық. Тәуелсіздік тұсындағы шығармалар тек тақырыптық, образдық тұрғыдан ғана емес, көркемдік ерекшелік, поэтикалық стиль тұрғысынан да жаңарып, түлегені байқалады. Жаңа тақырып пен өмір құбылыстарын бейнелеудегі тілдік айшықтар арқылы да қаламгерлердің даралық қолтаңбасы айқындалады. Қорыта келгенде, тәуелсіздік тұсындағы қазақ әңгімелері жаңа көркемдік белеске көтеріліп, өзгеше өрнек қалыптастыру жолына түсті деп ой түйіндеуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жұртбай Т. Күнді жек көру // орталық Қазақстан. – 2008. – 26 қараша, №48.
2. Шойбекова Г. Өмір сүру ережесі. – Алматы: Құс жолы, 2008. -240 б.
3. Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем)». Монография. – Алматы: Алаш, 2003.
4. Нұғыман С. «Қазақтың жаны» қандай кітап? // Жас қазақ, №4.

АЛАШ АЛЫБЫ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ТУРАЛЫ 15 ТОМДЫҚ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕГІ

ALASH ALYBY - 15-VOLUME RESEARCH WORK ABOUT ALIKHAN BOKEUKHAN

ЛИДЕР АЛАША - 15-ТОМНЫЙ СОБРАНИЯ СОЧИНЕНИЙ А. БОКЕЙХАНОВА

Аннотация. Мақалада Ә.Бөкейхановтың 15 томдық шығармалар жинағы туралы зерттеу жүргізілді.

Түйінді сөздер. 15 томдық, мақала, Алаш, ғылыми зерттеулер, тәуелсіздік.

Аннотация. Статья представляет собой исследование 15-томного собрания сочинений А. Бөкейханова

Ключевые слова. Статья, алаш, научные исследования, независимость

Abstract. The article is a study of a 15-volume collection of works by A. Bokeikhanov.

Keywords. Article, alash, scientific research, independence.

Ә. Бөкейхановтың озық ойлы идеялары оны Еуропа мен Азияның көрнекті саяси қайраткерлерімен бір деңгейге қойды. Ә. Бөкейханов патшалық Ресей уақытында да, кеңес үкіметі кезінде де қазақтардың еркіндігі үшін күресті. Үш рет жазаға тартылған ол 1937 жылы ату жазасына кесілді. Тек жарты ғасыр өткеннен кейін ғана жазықсыз жаладан ақталды.

Ә. Бөкейханов Абылай хан мен Кенесары ханның мақсаттары мен ұлы істерін ұлт тарихының жаңа ғасырындағы лайықты жалғастырушысы. Ол ХХ ғасырдың басында «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының басшылығына келіп, ұлттық мемлекетті қайта жаңғырту қажеттілігі идеясының негізін қалап, мақсатқа жету жолдары мен негізгі міндеттерді айқындады.

Белгілі алаштанушы ғалым, журналист Сұлтанхан Аққұлұлы 1991- 1994 жылдары ол Ресей мұрағаттарынан Ә.Бөкейханға қатысты мол мұра тапты. 1995 жылы зерттеутті Ә.Бөкейханның «Таңдамалысын» құрастырып, бастыртты. Баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде зерттеулер жазды. Осы жылы Алаш көшбасшысының шығармашылығы мен қайраткерлік еңбегі бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жұмысының толық мәтіні «Жұлдыз» журналында 1996 жылы жарияланды. Әлихан Бөкейханның 15-томдық толық шығармалар жинағының құрастырушысы.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның 15 томдық шығармалар жинағы мен тұлғалық энциклопедиясы жарық көрді. Жинақта Әлихан Бөкейханның әр жылдары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген мақалалары, ғылыми зерттеулері, 1897-1901 ж.ж. Қазақ облыстарын зерттеген «Щербина экспедициясының» материалдары, Л.Н. Толстой шығармаларынан аударған әңгімелері, өтініштері, хаттары және хаттамалары қамтылған.

Сондай-ақ, 15 томдық жинақта Әлихан Бөкейханның баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары, азанамасы, корреспонденция, жеделхат, сөйлеген сөздері, әдеби сын,

фольклорлық зерттеу, ашық хаттары, саяси сатиралары, әңгімелері, фельетондары жинақталып отыр. Ә.Бөкейхан іздеп жариялаған архив құжаттары, монографиялары, тарихи танымдық очерктер мен естелік, саяси шолу, үндеу, Мемлекеттік Дума, бас майданнан берген хаттарын да оқуға болады. Редакция алқасының мүшесі Сұлтан Хан Аққұлы: «Әлихан Бөкейхан шығармалары өскелең ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриотизм сыйлайды. Ғалымдар бірнеше жыл бойы ізденді, зерттеді, біз осылай жанкештілікпен 15 томдықты шығарып отырмыз. Бөкейханов мұралары 15 томдықпен түгесіліп қалмайды. Бұйыртса 16-17-18 томдары шығып жалғасып кете береді деп ойлаймын», – деп ағынан жарылды.

Әлихан Бөкейханов ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы болды. Ол ғалым-энциклопедист, қазақ өлкетануының негізін қалаушы, Қазақстан тарихы, экономикасы, этнографиясы, әдебиеті, шаруашылығы бойынша көптеген зерттеу.

Әлихан Бөкейхан туралы зерттеулер Алты Алаш көсемінің кім екенін, қандай қызметтер атқарғанын, негізінен, дүйім жұртшылық жақсы біледі. Бұл тұрғыдан алғанда К.Нұрпейісов, М.Қойгелді, С.Аққұлы сияқты бірсыпыра Әлихантанушы ғалымдардың зерттеулері өз мақсатына жеткендігін көзбен көре аламыз. Әлихан Бөкейханның өмірі мен сан қырлы қызметіне арналған Сұлтан Хан Аққұлының кітабында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 1990 жылдардың соңы мен 2016 жылдар аралығында мерзімді басылымдар, әдеби 2 қоғамдық және ғылыми журналдарда жарық көрген зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар, дөңгелек үстел материалдары қамтылған. Әлихан: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», деп алаштың жоғын жоқтап, барын түгендеп, ұлтымыздың қамын жеп өткен жұрт шырақшысы. Азаттық жолындағы арпалыспен өткен күреске толы ғұмырында ол ұлтының ертеңі үшін бар күш-жігерін, білім-тәжірибесін жұмсаумен бірге, басын бәйгеге тігіп, жанын да қиды. Қазақтың өз жерін еркін жайлап, өз елінің төрінде отырып, ұл-қызын қазақша оқытып, билік пен төрелікті қазақ тілінде айтуы үшін аянып қалған жоқ. Қазақ тілінде газет шығарды, қазақша кітаптар бастырды, жүздеген мақалалар жазды. Өзгелердің озық ойларын қазаққа жеткізем, көркемдік танымын кеңейтем деп аударма да жасады.

Әлихан Бөкейханов. Шығармалары. 1-ші томында:– 1889-1937 жылдар аралығында мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдар мен жинақтарда жарық көрген ірі ғылыми монографияларын, ғылыми зерттеулерін, саяси публицистикасын, әдеби сын мақалалары мен аудармаларын және жеке хаттарын қамтиды.

2-ші томда 1903 жылы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары азынамасы (некролог), ғылыми зерттеулері (ғылыми очеркі), «Щербина экспедициясының» материалдары және Ә.Н. Бөкейхан іздеп жариялаған мұрағат (архив) құжаттары қамтылады.

3-ші томда 1903-1905 жылдары «степной край», «Семипалатинский листок», «Сын отечества» газеттерінде жарияланған мақалалар, корреспонденциялар, азанама, жеделхаттар, «Қарқаралы петициясы», сөйлеген сөздері, ғылыми очерктері мен мақалалары қамтылды.

4-ші томда Ә.Н. Бөкейханның тікелей қатысуымен Семей облысы Қарқаралы оязы қазақтарының жер пайдалану тәжірибесі туралы Ф.А.Щербина басшылық еткен экспедиция материалдарының VI томының жалғасы (соңы) қамтылды.

5-ші томда Ә.Н.Бөкейханның 1902, 1905-1906 жылдардағы хаттарын, сөздерін, жазбаларын, «Степной край», «Степной пионер», «Иртыш», «Омич» (Омбы), «Семипалаитнский листок» (Семей), «Наша жизнь» (СПб) газеттерінде жарияланған мақалаларын, жарияланымдарын, «Ашық хаттарын», саяси сатираларын, әңгімелерін, фельетондарын қамтыды.

6-шы Бұл том омбылық «Степной пионер», «Омич», «Голос степи» газеттері (1906-1907ж.) мен 1908 жылы «Сибирские вопросы» журналында (СПб) жарияланған очерктерін, мақалаларын, жарияланымдарын, сатираларын, фельетондарын, ашық хаттарын, Ф.А. Щербина экспедициясы материалдарының Семей облысы Семей оязы қазақтарының жер пайдалану нормасы қарастырылған X томын қамтыды.

7-ші Бұл томда Ф.А.Щербина бастаған экспедиция материалдарының Семей оязы қазақтарының жер пайдалану нормасы сипатталған X томының жалғасы қамтылады.

8-ші томда Ф.А.Щербина экспедициясы материалдарының Семей оязы қазақтарының жер нормасы сипатталған X томының жалғасы, 1909-1914 жж. «Сибирские вопросы» журналы, «Мусульманская газета», «Речь», «В мире мусульманства» (СПб), «Қазақ» (Орынбор) газеттерінде шыққан мақалалары, азанамалары, әдеби-сын, фольклорлық зерттеулері, көркем аудармалары, ашық хаттары, сондай-ақ «Қазақтар» атты тарихианықтамалық очеркі қамтылды.

9 том 1914-1917 жылдары шыққан мақала, естелігін, саяси шолуларын, азанамаларын, үндеулерін Мемлекеттік думадан, Батыс майданнан берген хаттарын, Ресей Уақытша үкіметінің комиссары ретінде шығарған бұйрықтары мен жеделхаттарын қамтиды.

10-шы томда Ә.Н. Бөкейханның жаңа табылған мұрасы (1910,1913-1914 жж.), 1917-1918 жылдарғы мақала, үндеу, жеделхат, саяси шолулары, Жалпықазақ, Сібір облыстық съездерінің материалдары, Уақытша үкімет пен Алаш Орда Халық Кеңесінің қаулылары, бұйрықтары, нұсқаулары, жеделхаттары, Бүкілресейлік уақытша үкіметтерімен (Комуч, Уфа директориясы т.б.) арадағы хатқағаздары, т.б. ресми-құжаттары қамтылды.

11-ші томда Ә.Н. Бөкейханның 1918-1924 жылдары мерзімді баспасөзде, ғылымтанымдық басылымдарда жарық көрген мақалалары, әдеби-сындары, пікірлері (рецензиялары), көркем аудармалары, ауыз әдебиетінің үлгілері, хаттары, сондай-ақ Алаш Орданың, Бүкілресейлік уақытша үкіметтерінің заңнамалық қаулылары, бұйрықтары, хаттамалары, жеделхаттары, Мемлекеттік мәжіліс хаттамасы, т.б. ресми құжаттары қамтылды

12-ші томда Ә.Н. Бөкейханның 1924-1925 жылдары мерзімді баспасөзде жариялаған мақалалары тарихи, әдеби-сын зерттеулері, пікірлері (рецензиялары), кітап болып шыққан көркем (Л.Н. Толстой, Ги де Мопассан, т.б) және ғылыми (К. Фламарион, Н.И.Бухарин, т.б) аудармалары, хаттары және т.б мұрасы қамтылды

13-ші томда Ә.Н. Бөкейханның 1925-1926 жылдары мерзімді қазақ баспасөзінде жарияланған мақалалары, кітап сыны (пікірлері), оқу-әдістемелік құралдары, ғылыми зерттеулері, жеке кітап болып шыққан көркем (Л.Н.Толстой, Эзоп, В.Г. Короленко, т.б), ғылыми аудармалары (Д.М.Грабе, К.Н Фламарион, К.Г.Маркс, М.И. Бухарин, т.б) және т.б. көптеген мұрасы қамтылды.

14-ші томда Ә.Н. Бөкейханның 1926-1929 жылдары мерзімді баспасөзде, ғылыми жинақтарда жарық көрген мақалалары, рецензиялары, ғылыми зерттеулері («Кзаки Адаевского уезда», «Сельское хозяйство Кара-Калпакской АО», т.б.), көркем (Л.Н. Толстой, Д.М. Мамин-Сибиряк, Г.де Мопассан, т.б) ғылыми (К.Н. Фламарион, П.А. Тутковский, т.б) аудармалары, ауыз әдебиетінің үлгілері, хаттары, 1929, 1937 жылдардағы тергеу хаттамалары және т.б материалдар қамтылды.

15-ші томда Ә.Н. Бөкейханның 1889-1929 жылдар аралығында баспа көрген мұрасы мен 1985 жылы Оксфорд университеті қайта басып шығарған еңбегінің және Алаш көсемі туралы 2018 жылға дейінгі зерттеулер, монографиялар, мақалалардың ҚР Ұлттық кітапханасымен бірлесіп жасалған библиографиялық көрсеткіші берілді.[1]

Сонымен қатар, өз кезегінде келесі ғалымдардың да Әлихан атамыз туралы, келесідей ғылыми еңбектері жарық көрді.

Белгілі жазушы-публицист Бейбіт Орынбекұлы Қойшыбаев отанымыздың тарихындағы «ақтандақтарды» алғашқылардың бірі болып зерттеп, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси репрессиялар салдарынан ұмыттырылған халқымыздың адал ұлдарының есімдерін рухани ортамызға қайтаруда елеулі жұмыстар жасап келеді. Оның бұл еңбегі Алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның өмірі мен қызметін көрсетуге арналған. [2]

Қамзабекұлы Д. «Алаштың рухани тұғыры» еңбегінде. Бұл зерттеуде тарихи Алаш қозғалысының рухани тұғыры зерделенеді. [3]

Бөкейханов С.Р. Өткен күнде белгі бар. Бұл кітапқа халқымыздың тарихында жарқын із қалдырған Ә.Бөкейханов сынды біртуар тұлғаның өмірі мен қызметі арқау болған. Автор

мұрағаттардан жинастырған құжаттық деректердің, ел есіндегі естеліктердің беймағлұм тұстарын баяндай отырып, оның адами, тұлғалық болмысын жаңа бір қырынан танытады. [4]

Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы: Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Кітапта Алаш-Орда үкіметінің мақсаты - Қазақ Автономиясын құру жолындағы қиындықтар туралы әңгімелейтін құжаттар мен деректер жарияланған. [5]

Қорытындылай келе, «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және сол қозғалыстың көшбасшысы болған Ә. Бөкейханов кезінде ұлттық интеллигенцияның тұтас бір буыны қазақтың ұлт ретінде сақталып қалуын, оның ары қарай дамуы мен гүлденуін қамтамасыз ету мақсатындағы іс-әрекеттері ұлттық тарих беттеріне алтын әріптермен жазылды. Бұл 15 томдық «Алаш» қозғалысы мен оның көшбасшысының ұлт тарихындағы рөлін анықтайды. және біз сияқты келер ұрпаққа берері мол.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ә. Бөкейханов. Шығармалары : мақалалар, ғылыми зерттеулер, экспедиция материалдары, фельетондар, көркем аудармалар, хаттамалар, хаттар: 1889-1903 (Омбы - Қарқаралы - С.-Петербург) / Ә. Бөкейхан; [ред. алқа: Мұхтар Құл-Мұхаммед, Е. Сыдықов, Н. Әбдібеков және т. б.]. - Астана: Сарыарқа. - 2016. - 1-т. / ҚР Мәдениет және спорт м-гі, Л. Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық ун-ті ; құраст. Сұлтан Хан Жүсіп. - 604 б. (Қазақ және орыс тілінде) 15 томдық.
2. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 160 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 360 б.
4. Бөкейханов С.Р. Өткен күнде белгі бар. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 160 б.
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы: Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Т.2. Движение Алаш. Сборник документов и материалов: Декабрь 1917 г. – май 1920 г. Т.2. – Алматы: Алаш, 2005. - 496 б.

УДК 338.48

Қалмырза Б. Н.
магистрант кафедрасы «ЭиИБ»
университета «Туран- Астана»
Научный руководитель:
к.э.н, профессор
Искаков Б.М.

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ РАЗВИТИЯ ПЕРСОНАЛА В РК

ҚР КАДРЛАРЫН ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

WAYS TO IMPROVE STAFF DEVELOPMENT IN RK

Аннотация. В настоящей статье предложены пути совершенствования и видение по непрерывному профессиональному развитию кадров Казахстана. На сегодняшний день создание системы методов управления персоналом является одной из серьезных проблем для казахстанских предприятий. Создание такой системы позволяет обеспечить производство конкурентоспособной продукции и решить социальные проблемы.

Разработка конкретных путей совершенствования управления и поиска организационных резервов роста эффективности применения тех или иных методов управления персоналом предполагает необходимость развития новых методов управления персоналом в современных условиях и создания научно обоснованной организационной структуры управления.

Ключевые слова. Непрерывное профессиональное развитие, разработка программ, исследования в области развития персонала, компетенции, методологическая основа развития персонала.

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстандағы кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру жолдары мен көзқарастары ұсынылған. Бүгінгі таңда персоналды басқару әдістерінің жүйесін құру қазақстандық кәсіпорындар үшін күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай жүйені құру бәсекеге қабілетті өнім өндіруді қамтамасыз етуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Басқаруды жетілдірудің нақты жолдарын әзірлеу және персоналды басқарудың жекелеген әдістерін қолдану тиімділігін арттыру үшін ұйымдық резервтерді іздеу қазіргі заманғы жағдайларда персоналды басқарудың жаңа әдістерін әзірлеу және ғылыми негізделген ұйымдық басқару құрылымын құру қажеттілігін ұсынады.

Түйінді сөздер. үздіксіз кәсіби даму, бағдарлама әзірлеу, персоналды дамыту саласындағы зерттеулер, құзыреттер, персоналды дамытудың әдістемелік негіздері.

Abstract. This article suggests ways to improve and a vision for the continuous professional development of Kazakhstan's personnel. To date, the creation of a system of personnel management methods is one of the serious problems for Kazakhstani enterprises. The creation of such a system makes it possible to ensure the production of competitive products and solve social problems.

The development of specific ways to improve management and search for organizational reserves to increase the effectiveness of the use of certain methods of personnel management implies the need to develop new methods of personnel management in modern conditions and create a scientifically sound organizational management structure.

Keywords. Continuous professional development, program development, research in the field of personnel development, competencies, methodological basis of personnel development.

Под «случаем» («кейсом») понимается письменное описание какой - то реальной ситуаций принятия решения на данной фирме или другой. Менеджеров просят изучить этот случай с тем, чтобы определить суть возникшей проблемы, проанализировать ее значимость. Предложить ряд возможных решений, выбрать лучшее из них и привести его в исполнение. Лучше, если между менеджерами и инструктором существует определенное взаимодействие. Роль инструктора состоит в том, чтобы быть двигателем работы группы. Хорошим инструктором считается тот, кто способен вовлечь всех участников в решение проблемы.

Инструктор, использующий этот метод, должен остерегаться; а) преобладание споров; б) допущения того, чтобы лишь некоторые доминировали в дискуссии; в) ведения дискуссии к тому решению, которое он сам предпочел бы. Инструктор должен поощрять расхождение точек зрения и самому быть основательно подготовленным. Одна из разновидностей этого метода - метод инцидентов. Первоначально ставится общая проблема, и обучающимся предлагают самим найти свою роль в рассмотрении инцидента. Каждый слушатель сам « решает » проблему, а затем формируются группы по критерию сходства решений. В итоге инструктор сообщает, что в действительности произошло в данном случае, каковы были последствия принятого решения. Далее все участники сравнивают свои решения и результаты. Последний шаг - попытаться применить этот опыт на собственном рабочем месте.

Метод исполнения ролей (ролевой метод).

Здесь каждому назначается определенная роль в ситуации и предлагается играть свою роль, реагируя на игру другого игрока. Игрока просят быть центральной фигурой в ситуации и реагировать как руководителю такого рода. Играющим дается основная информация о ситуации - обычно краткий сценарий. Часто этот метод проводится с небольшой группой (10-12 человек). Успех зависит от способностей участников играть назначенные роли. Этот метод может помочь менеджеру научиться понимать мотивации и чувства других участников, что необходимо ему для успешной работы.

Метод « Боскетбольной корзины».

Для совершенствования мастерства принятия решений этот метод предусматривает раздачу материалов (обычно деловую переписку и описания), которые включают типичные пункты из делового « досье» менеджера. Важные и срочные вопросы, такие, как места распродаж, претензии клиента, требование шефом доклада, смешаны с деловыми вопросами, такими, как ответная речь на обеде или решение о дате пикника. Суть - в критическом анализе множества решений, принятых за кокой - то период, качество решений, приоритетов в их выборе. Чтобы вызвать интерес к методу, нужно, чтобы материал был реалистичным, относящимся к делу и можно было принять верное решение.

Метод управленческих игр.

Приводятся характеристики компании, отрасли или предприятия. Эти описания имеют специфическую форму моделей в виде уравнений связей показателей. После принятия решения по уравнениям проводятся соответствующие вычисления. В типичной компьютерной процедуре управленческой игры команды играющих должны принять ряд практических деловых решений. Например, игроков просят решить такие вопросы, как уровень заявляемой цены продуктов, объемы закупок материалов, планы производства, кредитования и т. д. Когда каждый игрок команды принял решение, взаимодействие результатов этих решений просчитывается компьютером по специальным моделям и программам. Игроки команды сначала обсуждают решения с другими ее членами, а затем принимают окончательное решение. Далее сопоставляются решения команд. Сравниваются результаты (прибыль, овладение рынком и т. д.) и определяется победитель. Преимущества компьютерных игр в том, что они осуществляют интеграцию всех взаимосвязанных решений, дают возможность экспериментировать с решениями, непрерывно отслеживать их результаты, заставляют участников принимать свои решения в неадекватных условиях. Главные недостатки большинства игр - ограниченность новизны и подвижности в принятии решений, нереальность некоторых моделей [2].

Решение о применении того или иного метода должно делаться на основе разнообразных критериев. Выбор зависит от числа обучаемых менеджеров, затрат на обучение одного менеджера по каждому методу, инструкторских возможностей и способности работников к эффективному обучению. Чем активнее менеджер, тем больше его заинтересованность в учебе и возможность успеха выше. При наличии инструкторов возможно индивидуальное программное обучение. Если нет инструкторов, можно приглашать их или использовать видеокассеты.

Помимо выше перечисленных методов, способствующих перспективе развития персонала в Казахстане, ТОО «Горизонт» так же планирует ввести так называемое дистанционное обучение, которое получает широкое распространение за последние годы в России и постоянно осваивается нашими предприятиями.

Дистанционное обучение руководителей и специалистов реализуется для удовлетворения образовательных потребностей параллельно с основной деятельностью путём активного использования информационных технологий. Оно осуществляется с помощью комплекта дистанционного обучения («кейса») и заключается в практическом освоении определенного объема учебного материала по предложенному курсу и программе с заданной информационной технологией.

В комплект входят методические рекомендации, которые содержат детальную информацию о системе дистанционного обучения, его методах, а так же о том, как получить поддержку в случае каких-либо затруднений в процессе обучения.

После предварительно ознакомления с содержанием учебно-методических материалов комплекта, обучающийся проводит самоанализ и делает самооценку своей профессиональной деятельности с помощью паспорта рабочего места. Это поможет ему более эффективно работать с учебным материалом комплекта. Далее, обучающийся, руководствуясь учебной программой, составляет персональный плане обучения, т. е

расписание своих учебных занятий. Таким образом, обучающийся определит, в какой конкретно день, какой учебный вопрос модуля учебной программы он будет изучать, и сможет потом регулярно отмечать в этом персональном плане результаты своей работы.

Изучение теоретического материала, изложенного в учебном пособии, просмотр учебного видеофильма, работа с компьютерными учебными программами обычно не вызывают каких-либо затруднений у человека с высшим или средне - специальным образованием. Изучив все модули учебной программы, обучающийся сдает экзамен на компьютере по контрольным (экзаменационным) дискетам, которые после этого передаются в учебный центр (отдел кадров) для последующей оценки выполнения задания.

Если контрольная работа выполнена правильно, отдел кадров высылает обучаемому удостоверение (свидетельство о повышении квалификации) [3].

Доктор Корнуэлл, (бывший декан КИМЭПа) Генеральный директор Европейского фонда развития менеджмента, одной из задач которого является аттестация бизнес программ университетов Европы) в прошлом году, выступая в Международной Академии Бизнеса, сказал, что во многих случаях подготовка слушателей, обучающихся дистанционно, лучше, чем подготовка очных студентов.

От традиционных форм дистанционное обучение отличают следующие характерные черты:

- Возможность заниматься в удобное для себя время, в удобном месте и темпе. Нерегламентированный отрезок времени для освоения дисциплины.

- Параллельно, с профессиональной деятельностью развитие, т. е. без отрыва от производства.

- Одновременное обращение ко многим источникам информации (электронным библиотекам, банкам данных, базам знаний и т. д.) большого количества обучающихся. Общение через сети связи друг с другом и с преподавателями.

- Эффективное использование учебных площадей, технических средств, транспортных средств, концентрированное представление учебной информации и мультидоступ к ней, а в результате - снижение затрат на подготовку специалистов.

- Использование в образовательном процессе новейших достижений информационных и телекоммуникационных технологий.

- Равные возможности получения образования независимо от места проживания, состояния здоровья, элитарности и материальной обеспеченности обучаемого.

- Дистанционное обучение расширяет и обновляет роль преподавателя, который должен координировать познавательный процесс, постоянно совершенствовать преподаваемые им курсы, повышать творческую активность и квалификацию в соответствии с нововведениями и инновациями.

Позитивное влияние оказывает дистанционное обучение и на студента, повышая его творческий и интеллектуальный потенциал за счет самоорганизации, стремления к знаниям, умения взаимодействия с компьютерной техникой и самостоятельно принимать ответственные решения.

Качество дистанционного обучения не уступает качеству очной формы получения образования, а улучшается за счет привлечения выдающихся профессорско-преподавательских кадров и использование в учебном процессе наилучших учебно-методических изданий и контролирующих тестов по дисциплинам.

То есть дистанционное обучение - это заочное обучение, плюс общение через Интернет, а оценивать эти две составляющие удобно по отдельности. Если вам предлагают красиво оформленную учебную программу с задачками, графикой и прочими изысками - значит, это хорошее заочное обучение. А дистанционным его можно назвать только в том случае, если предлагается следующее:

- в процессе обучения вы знаете своего преподавателя, можете задавать ему вопросы и достаточно оперативно получаете его ответы и комментарии;

- имеются средства, обеспечивающие общение студентов друг с другом.

В Казахстане дистанционное обучение начинает фигурировать в законодательстве наравне с очным, заочным и экстернатной. Но развивается слабо. Причинами этого являются недостаточная материальная база учебных заведений, неготовность преподавателей работать с современными технологиями, отсутствие регулирующих документов.

Таким образом уже сейчас у предприятий, в том числе и у предприятия ТОО «Горизонт», независимо от места расположения, есть возможность выбрать новую форму обучения своих сотрудников. Для этого необходимо иметь подключение к Интернету, что сейчас уже не редкость даже для малого бизнеса. Ну а в будущем, мы надеемся у предприятия ТОО «Горизонт» появится возможность заказывать специальные обучающие программы специфичные для конкретных ситуаций. Впрочем, не исключено, что это можно делать уже и сейчас. Скорее всего, в сфере обучения бизнесу и экономике будущее за дистанционным обучением.

Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдану балаларға кез-келген ғылыми және танымдық мәтінмен жұмыс істеудің нақты алгоритмін береді, элеуметтік жауапкершілікті арттырады, ойлау мен шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. Бұл технологияның басты ерекшелігі-бұл сабақтарды оңтайлы режимде өткізуге мүмкіндік береді, мотивация, уақыт сезімін қалыптастыру және танымдық белсенділік үшін жағдай жасалады.

Сабақта жалпы ынта мен шығармашылық ортасы жасалады. Әркім жалпы іске өз үлесін қосады, ұйымдастырушы, орындаушы және сарапшы ретінде әрекет етеді.

Тиімді ойлауды үйренуге бола ма? Ақыл-ойдың басқа қасиеттері сияқты, ойлауды да дамытуға болады.

Оның мақсаты оқушылардың тек оқуда ғана емес, сонымен бірге кейінгі өмірде де қажет ойлау дағдыларын дамыту: теңгерімді шешімдер қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеу, құбылыстардың әртүрлі аспектілерін талдау.

Бұл технология барлық сабақтарда өзекті, оны қолдану сабақты жандандыруға, оны қызықты және эмоционалды етуге мүмкіндік береді деген қорытындыға келдім.

Сондай-ақ, сыни ойлауды дамыту адамның құрмет, өзін-өзі растау, қарым-қатынас, ойын және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл педагогикалық технологияның ерекшелігі - оқу процесінде оқушының өзі бұл процесті нақты және нақты мақсаттарға сүйене отырып құрастырады, оның даму бағыттарын бақылауды үйренеді және түпкілікті нәтижені анықтайды.

Сыни ойлауды дамыту технологиясы әртүрлі әдістер мен әдістерді қолдануды қамтиды. Ойлау процесін көрсетудің танымал әдісі-материалды графикалық ұйымдастыру. Модельдер, суреттер, схемалар және т.б. идеялар арасындағы қатынасты көрсетеді, оқушыларға ой бағытын көрсетеді. Көзден жасырылған ойлау процесі көрнекі болады, көрінетін өмірге ие болады.

Осылайша, әркім сыни ойлай алады деп қорытынды жасауға болады. Оқушылардың белгілі бір пәндік іс-әрекетте дағдыларды қолдана алуы үшін сыни ойлауды үйрету керек және маңызды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Заир-Бек С., Муштавинская И. Развитие критического мышления на уроке. Пособие для учителя. — М., 2004.
2. Халперн Д. Психология критического мышления. 4-е международное издание. — СПб.: Питер, 2015. — 421 с.
3. Критическое мышление: технология развития: Пособие для учителя / И. О. Загашев, С. И. Заир-Бек. — СПб: Альянс «Дельта», 2003.

4. Волков Е.Н. Научение научному (критическому) мышлению и визуальная объективизация знаний: содержание, практика, инструменты / Волков Е.Н.. Вестник Нижегородского университета им. Н.И.Лобачевского. Серия: Социальные науки, 2016, № 2 (42), с. 199-203

5. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. М. 1998

6. Бутенко А. В., Ходос Е. А. Критическое мышление: метод, теория, практика. — Красноярск: 2001. — 102 с.

7. Сайт международного журнала о развитии критического мышления «Перемена» http://ct-net.net/ru/ct_tcp_ru

8. Фестиваль педагогических идей http://festival.1september.ru/2004_2005/index.php?subject=9

ӘӨЖ 358.01

Каркабаева Назгуль Мамановна

«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты

«Тұран-Астана» Университеті,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

БАЛАБАҚШАҒА БАЛАЛАРДЫ БЕЙІМДЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ К ДЕТСКОМУ САДУ

PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL CONDITIONS FOR THE ADAPTATION OF CHILDREN TO KINDERGARTEN

Аннотация. Мақалада балалардың балабақшаға бейімделуі қарастырылған.

Түйінді сөздер. «Балабақша», «бейімделу»

Аннотация. В статье рассматривается адаптация детей к детскому саду.

Ключевые слова. «Детский сад», «адаптация»

Annotation. The article discusses the adaptation of children to kindergarten.

Keywords. "Kindergarten", "adaptation»

Балалардың жаңа жағдайға бейімделуі үрдісі психологтардың, психиатрлар мен әлеуметтанушылардың назарынан тыс қалған емес, аталмыш мәселе бойынша педагогикалық зерттеулер Н.Д. Ватутина, Н.Ф. Виноградова, Т.А.Куликова, С.А.Козлова, М.Л.Печора, Р.В. Тонкова- Ямпольская еңбектерінде жасалған.

Әрбір бала дамуы үшін балабақша қажет деген пікір кең таралған. Шынымен де балабақша балаға не бере алады? Балабақшаға келген балада өзіне жақын ортамен салыстырғанда басқа нормалар үстемдік ететін жаңаәлеуметтік қатынастар туралы түсініктер қалыптасады. Олардың бастысы - әлеуметтік даму үшін жасалатын жағдайлар (құрбы-құрдастармен қарым- қатынас жасау мүмкіндігі, топқа ену, ынтымақтасу икемділігі, белгілі бір ережелерге бағына білу, өзара әрекеттесу нормаларын сақтау т.б.). Бұл кезеңде болашақ ересектік (әлеуметтік) кезеңге дайындық басталады. [1].

Балабақша – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін мекеме. Балабақшада тәрбие, білім беру жұмыстары баланың жас ерекшелігіне, күн режиміне сәйкес жасалған бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Бейімделу дегеніміз – өзгерген жағдайларға ағзаның бейімделуі. Бейімделу кезеңінің ұзақтығы әрбір баланың психо-физиологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне, отбасылық қарым-қатынастарына, мектепке дейінгі мекемедегінің қатысу шарттарына байланысты.

Д. Б. Элькониннің айтуы бойынша алғашқы даму кезеңінің соңында бала әлеуметтік ортамен тығыз байланысқа түседі негізінде үлкендермен қарым-қатынас жасау шарты іштей қалыптасады. Алғашқы мектепке дейінгі кезеңде баланың үлкендермен қарым-қатынасы біріккен іс-әрекет деңгейінен шығады. Үлкендерден бөлініп өз бетінше дамуы басқа ие болады. Бала үлкендердіт бар екенін сезінеді және оның алдында үлкендердің күрделі өмірі пайда болды. Осыған дейін бала бірігіп өмір сүруге үйренген Мектепке дейінгі кезең елеулі ерекшелігі болып баланың құрдастарымен жасайтын арнайы өзара қарым-қатынысның пайда болуы.

Мектеп жасына дейінгі баланың басқа адамдарға қатынасы өзіндік ішкі позициясы өз <<менін>> және өз қылықтарының маңызын аңғарудың арта түсуімен, үлкендердің ішкі дүниесіне, олардың іс әректіне мен өзара қарым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі бала дамуының әлеуметтік жағдаят ерекшеліктері оған тән іс әрекет түрлерінен, алдымен сюжеттік рөлдік ойындардан көрініп отырады. Рөлдік немесе шығармашылық ойын, мектепке дейінгі кезеңде пайда болды. Бұл әрекетте балалар үлкендердің рөлін ойнап, ойын барысында олардың қарым-қатынасын және әрекеттерін жаңғыртады. Бала белгілі бір рөлді тандап оны орындайды: ана, дәрігер, жүргізуші, қарақшы және олардың әрекеттерінің үлгісін келтіріп, сол обрызға кіреді. Ойынның образдық жоспары өте маңызды, онсыз ойын мүлдем болмайды. Бірақ ойын қойылым түрінде өтеді ол эмоцияға бай және бала үшін оның шын мәнді өміріне айналады. Алғашында бала затқа және оның қызметіне қызығушылық танытады. Заттық әрекеттердің керекті деңгейде дамуымен қатар, ойынның пайда болу үшін бала мен үлкендер арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгеруі керек. Жас шамасында бала әлде қайда дербес бола бастайды және оның жақын адамдармен бірлескен әрекетті әлсірете бастайды. [2].

Мектепке дейінгі кезең - А. Н. Леонтьевтің айтуы бойынша жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі. Дәл осы уақыт негізгі жеке тұлғалық механизмдер және білімдер қалыптасу кезеңі. Бір-бірімен тығыз байланысты эмоциялық және мотивациялық аймақтар дамиды, өзіндік санасы қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңге жалпы эмоциялық тепе-теңдік, күшті аффекті жағдайдың және болмашы нәрсеге дау-дамайдың болмауы тән қасиеттер. Осындай жана, біршама тұрақты эмоциялық фон бала динамикасын анықтайды. Образдық елестердің динамикасы - сәбилік кезеңдегі аффективті қабылдау салыстырғанда бос және жұмсағырақ болады. Енді елестердің пайда болуы балаға қажеті жоқ алдануына мүмкіндік береді, балада уайымдау пайда болады. Сонымен, эмоциялық үрдіс тепе-тең бола бастайды. Мектепке дейінгі кезеңдегі бала күні эмоцияларға, толы болғадықтан, кешке оның шаршап шалдығуы мүмкін. Эмоциялық алдын-ала білу механизмі А.В.Запорожец еңбектерінде көрсетілген. Жалпы мінез-құлық құрылымында аффектінің функционалды орны қалай өзгертіндігі, оның зерттеулерінде көрсетілген. Уайымдау, әрекет мадақтауға немесе жазалауға ие болады, ол неге алып келеді, деген пайымдаулар әрекет кезінде де, алдын-ала пайда болмайды.

Сәбилік кезеңде бала бойында өзіндік сананың тек ұшқындарын ғана байқауға болатын еді. Өзіндік сана мектепке дейінгі кезеңнің соңында жеке тұлғаның және ақыл-ойдың қарқынды дамуына байланысты қалыптасады, ол мектепке дейінгі кезеңнің жаңа білімінің орталығы болып табылады. Өзіндік бағалау кезеңнің екінші жартысында алғашқы таза эмоциялық бағалау («Мен жақсымын және басқаның мінез- құлқын рационалды бағалау негізінде пайда болады. Барлық мектепке дейінгі жастағы Балалар бірдей етіп өзінің ақыл-ой қабілеттерін барлық ойын әрекетінде көрсетеді деген санау қате болады. Көптеген себептерге ең алдымен тәрбиелеу жағдайына байланысты бір бала ойындар мен сурет салуды екіншісі- құрастыруды, үшіншісі-өсімдіктермен жануарларды/ ал төртіншісі-техника мен көліктерді ұнатады. Және ақыл-ой дамуының көріністерін, ең біріншіден, баланың қызықтыратын аймақтардан іздеу керек. Міне, білімпаздық, ақыл-ой белсенділігі, «бала»

әрекетінің негізгі түрлерін меңгеру деңгейі мен оқығандық деңгейі кіші жастағы баланың ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері ретінде қарастыруға болады. Сонымен, мектепке дейінгі баламен жұмыс жасайтын тәрбиешінің балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты дамуын жан - жақты жақсы білуі, балалардың өмірін және іс - әрекетін, ойыншықтармен және заттармен әрекет дағдыларын қалыптастыруға, тілді меңгерудің алғышарттарын ұйымдастыруға мүмкіндік жасайды. Баланың балабақшаға оның жаңа ортаға бейімделу процесі жүзеге асып, көптеген мәселелер туындайды. Бірақ балабақшақызметкерлерінің баланың жас ерекшелігіне сәйкес ойын іс - әрекетін дұрыс жетекшілік жасауы көптеген мәселелердің тиімді шешілуіне жағдай жасайды. [4].

Қолданылған әдебиеттер:

1. В.С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы, 1987.
2. Ермекбаева Л.К., Нығметова Қ.Н. Баланың мектепке психологиялық дайындығын анықтау. Алматы, 2005
3. Ватутина Н.Д. Ребенок поступает в детский сад: Пособие для воспитателей дет. сада. /Под ред. Л.И.Каплан. - М.: Просвещение, 1993.
4. Соловьева Е. Адаптация ребенка к условиям детского сада. //Дошкольное воспитание. 1993, № 8.

УДК ӘӨЖ 359.01

Молдатаева Айгуль Бегалиевна
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

ОТБАСЫЛЫҚ ЖАНЖАЛДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ВНУТРИСЕМЕЙНЫХ КОНФЛИКТОВ

PSYCHOLOGICAL FACTORS OF ORIGIN OF FAMILY CONFLICTS

Аннотация. Мақалада отбасындағы жанжалдың психологиялық себептері көрсетілген.

Түйінді сөздер: «Отбасы», «жанжал»

Аннотация. В статье рассматриваются психологические причины семейных конфликтов.

Ключевые слова. «Семья», «конфликт»

Annotation. The article discusses the psychological causes of family conflicts.

Keywords. “Family”, “conflict”

«Жас отбасы» - күрделі және неке-отбасылық институтының тұрақсыз кезеңі болып табылады. Некеге тұрғаннан кейін, жас отбасында алғашқы тұрақтандыру процесі басталады яғни некенің алғашқы кезеңі отбасылық интеграциямен және адаптациямен сипатталады. Интеграция - бұл өз еркімен бірігу, ерлі-зайыптылар әртүрлі отбасылық өмірдің аспектісі бойынша позицияларын, көзқарастарын және пікірлерін сәйкестендіру. Осыған мынандай маңызды сұрақтар жатады: өзара қатынас жасау стилі; материалдық-тұрмыстық, отбасылық бюджет мәселелері; рухани өмір мен демалысты өткізу; интимды өмір, баланы күту және оның туылуы; ата-анамен өзара қатынасы, ерлі-зайыптылардың кәсіпке және қоғамдық іс-әрекетке, қоғамдық құндылықтарға деген қатынасы. Отбасының интеграциясының сәттілігі бейімделусіз өтпейді [1].

Отбасылық өмірдің негізі болып табылатын некеге дейін жастарда белгілі бір өзіндік қалыптасулардың көрінісі, яғни, «Мен бейнесі» болады. Өмір барысында байқап жүргендей некеге отырғаннан кейін ерлі-зайыптыларда бұрынғысынша өмір сүруге мүмкіндіктері болмағандықтан отбасылық өмір жағдайының тұрақсыздығы мен қанағаттанбаушылығы күшейе бастайды. Дегенмен, тұлға отбасылық өмір сүру барысының басынан бастап-ақ, оның Мен-і жүзеге асады да, рефлексивті Мен күрделенеді және дифференцияланады. Осы арқылы жаңа, әрі күрделенген және жеткілікті тұрақты бейне жасау мақсатында тұлғаишілік қайшылықтарды анықтау жұмысы жүргізеді.

Кеңес ғалымы Е.С. Калмыкованың еңбектерінде отбасылық өмір сүрудің алғашқы жылдағы мәселесі айтыла келе, оның бастапқы екі жылында қарым-қатынастың жеке стереотиптерінің қалыптасатындығы, құндылықтар жүйесінің сәйкестендірілетіні және жалпы тәртіптік бағыттарды өңдеу уақыты екендігі баса көрсетіледі [2]. Аталмыш ғалым бұл кезеңде ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынас түрін із естіреді. Бұл кезеңде келесі міндеттер шешіледі:

- отбасының құрылымдық қалыптасуы;
- ерлі-зайыптылар арасындағы функцияларды (рөлдерді) белгілеу;
- жалпы отбасылық құндылықтарды табу және өңдеу.

Зерттеушілер В.П. Левкович және О.Э. Зуськовалар өз еңбектерінде ерлі-зайыптылық шиеленістердің пайда болуында серіктердің некеде тұру кезіндегі қалыптасқан күтулер мен үміттер маңызды орынға ие екендігін атап көрсетті [3]. Жоғары деңгейдегі күтулер жас ерлі-зайыптылардың бір-біріне қатынасына тән. Отбасылық өмірдегі бұл күтулер шындыққа сәйкес келмеген жағдайда шиеленіске, тіпті дағдарысқа негіз болады.

Көп жағдайда некеге тұрған жастар үшін отбасылық өмірдің кейбір дәріптеушіліктері тән болып келеді. Осы орайда, бұл жерде мәселе жастардың отбасылық өмірден ең алдымен, рухани өсуде және өзіндік жетілдіруде өз қажеттіліктерін қанағаттандыруды күтетіндігінде болып отыр. Сонымен қатар, материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз етіп отыру және оны қанағаттандыру соңғы орынға ие болатынын көрсететін тұжырымдар да жоқ емес.

Тұрақсыз отбасылық өмірге бейімделу кезеңінде оның жеке аймақтарында материалдық қажеттіліктердің келісімсіздігі орын алады, мәселен, қалыпты жұптарда бұл маңызды емес болса, ал, тұрақсыздық орын алған жағдайда өте маңызды болып саналады. Мұндай жағдайдың маңызсыздығы орын алған жағдайда айырмашылықтар қалыпты жұптарға тән қарым-қатынастың бір-біріне ықпалды әсеріне, жетілуіне және бірте-бірте дамуына мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жас отбасылар тұрақты білімдерге ие болмағандықтан жұбайына деген күшті позитивті сияқты негативті сезімдер де болады. Сондықтан көптеген отбасылар үшін тәртіптегі және сезімдегі мұқтаждықтар тән болып табылады. Осы орайда, зерттеушілердің көпшілігі некеге тұрғаннан кейін біраз уақыттан соң әсіресе жас ерлі-зайыптыларда сәбиді дүниеге әкелгеннен кейін оған деген қанағаттану сезімі жоғарылай бастайды.

Отбасылық өмірдің алғашқы жылдарында ерлі-зайыптылардың топтық байланысы жаңа отбасылық топтың жаңа байланысының жасалуына кедергі келтірген уақытта «отбасылық рулық шиеленіс» сирек кездесетіні анық.

Кеңес ғалымы Н.Н. Обозов өзінің монографиясында отбасындағы өзара тұлғааралық қарым-қатынастың гностикалық компонентін көрсететін зерттеу этижелерін келтіреді [4]. Сонымен қатар, бірнеше ғалымдар, атап кететін болсақ, Н. Абакумова, И. Садикова, С. Хитрина өз зерттеулерінде, 3-5 жыл бірге тұрған жастардың 19 жұбын (некеге тұруға арыз жазғандар) және 13 ерлі-зайыпты жұптарды салыстырған зерттеу нәтижелерін ұсынды. Зерттеу нәтижесінде жастардың тұлғалық кескіндерінің сәйкестігі, бірнеше уақыт бірге тұрған ерлі-зайыптылардың тұлғалық сәйкестігіне қарағанда төмен екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, өз жұбын қабылдау адекваттылығы ерлерде де, әйелдерде де бірдей, дегенмен, ерлі-зайыпты жұптарда жастарға қарағанда жоғары нәтижені көрсеткен.

Шетелдік ғалым Э. Фромм пікірінше отбасы адам баласын жалғыздық азабынан құтқарады, жан-жақты үйлесімділікке апарады және әлеммен бірге бірлік сезіміне

ықылспен жетуге мүмкіндік береді [5] Бақытты отбасының феномені адам табиғатының дуализміне негізделініп келген: қарым-қатынасқа ұмтылу, әлеуметке айтарлықтай көңіл бөлу, өзімен-өзі болу, жалғыздықтан құтылу болып табылады. Өйткені, бір жағынан, тұлға әлеуметтік қоғам алдында жауапты болса, екінші жағынан, ол өзі жеке алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруға ұмтылыс жасап, өзінің “менін” қорғап қалуға талпынады. Демек, жоғарыда көрсетілген қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын отбасын бақытты деп санауға болады. Некеге тұруға дайындалып жүрген көптеген жастар қазіргі таңда отбасын бақытты болатын жер деп санайды. Отбасын құруға түрткі болатын себептер (махаббат, балалы болуға ықылас, жалғыздық қорқынышы, қиын сәттерді бірге өткізу, т.б.) бақытқа негізделген болып табылады. Жастардың көбісі өз бақытының міндетті шарттарының бірі отбасылы болу деген ойда. Дегенмен, мұндағы бар мәселе жастардың көзқарасында отбасы туралы түсініктің қаншалықты деңгейде екендігі мен оның фелицитологиялық қызметінің қаншалықты көп шамада орындалуында болып отыр. Жастардың алдағы уақытта отбасындағы бақытты сақтау мен қолдау көмегімен басты құндылықтар назарда болуы қажет [6]. Отбасылық өмірдегі шиеленісте психологиялық дені дұрыс адамға ұрыс басылған уақытта үрей сейіледі де, адамдар бәрібір бірге өмір сүретінін анықтағаннан кейін жанжалдың мағынасыздығы ерекше айқын болып көрінгенмен ол біраз уақытқа дейін олардың естерінде сақталып қалады.

Отбасылық шиеленіс туындаудың бірден бір себептерінің бірі өз жұбының қылықтарынан жақсы қасиеттерін іздеуден гөрі және бірін-бірі басудың орнына жақын адамдар олардың тәртібінен жаман қасиеттерін тіміскілеуге тырысып тұрады. Мұндағы ең басты мақсаттары: әрбір отбасының өзінің шындығын дәлелдеуге ұмтылуы болып табылады. Отбасылық қарым-қатынаста орын алатын мұндай құбылыстар көбінесе психологиялық үйлеспеушілік деп аталып жүр. Сонымен қатар, отбасындағы ұрыс жұптар арасындағы өзіндік бағалау шиеленісін білдіре отырып, шиеленісушілердің әрқайсысы өзіндік пікірін ұстануға ұмтылады.

Сонымен қатар, кейбір жағдайда отбасылық шиеленістер кез-келген уақытта туындап және болмашы себептер аясында болуы мүмкін. Отбасылық қарым-қатынаста туындап отыратын ұрыс-керістер көп жағдайда ерлі-зайыптылардың кез-келген ұсақ-түйекке нәрселерге мән беруінен де болады. Отбасының мүшелері өзінің жеке мүддесі мен ренішін сылтау етіп отыруынан шиеленістер болып жатады.

Осыдан кейін отбасылық қарым-қатынаста өзіндік пікірдің жоғарғы деңгейде туындау формаларының бірі некелік серікке психологиялық эксплуатациялау туындайды. Жоғарыдағы өзекті мәселелерге орай, кей отбасыларда отбасылық қарым-қатынас туралы білімдерін жетілдіру негізінде ері немесе әйелі өзара жетіледі. Отбасыишілік өзара жетілу бейсанада ырықсыз түрде және де мақсатқа бағытталған сипатта көрініс алады.

Отбасыишілік қарым-қатынаста психологиялық эксплуатация өзінің серігіне негативті мінезін, теріс эмоцияларын және жаман қылықтарын көрсетуден туындап отырады. Көбінесе бұл мәселе отбасы мүшелерінің үйден тыс пайда болған эмоциясы мен агрессиясының күштеуінен туындауы мүмкін. Сондай-ақ, әйеліне (еріне) бағытталған психологиялық эксплуатациялау оған жауапты шешімдерді немесе әрекеттерді жүктеген кезде ғана болады.

Отбасында кездесетін жанжалдардың көптеген механизмдерін «өткенге үңілу» деген ұғыммен бөліп қарастыруға болады [7]. Бұл жағдайдың мәні отбасы мүшелерінің бірі екіншісіне агрессивті түрде ұмтылыс жасайды. Отбасыишілік қарым-қатынаста бұл жағдайды туындатушыны агрессор деп атайды. Агрессор отбасы мүшесі өзінің ұрысқа жауапкершілігін бүркемелей және астарламай бастайды да, шиеленіс басталған сәттен бастап өткендегі қиындықтарын айта бастайды. Агрессорға серігі де болған жағдайдағы қиындықтарды айтқанымен ол өзінің бағытынан бас тартпайды. Сондықтан онда түсіністікпен қарау ниеті болмайды. Бұл айтылып отырған жанжалдар көбіне отбасылық дағдарыстардың басты себебі болады. Шын мәнісінде отбасы мүшелеріне отбасылық проблемалардың туындауы ұнамайды.

Көптеген зерттеулерге сүйенсек, отбасындағы ерлі-зайыптылық шиеленістер былай бірігуі мүмкін: ұрысқа қатысушы отбасы мүшесінің бірі өз күнәсін мойындайды; отбасылық ұрыста өзінің күнәлі екенін оның серігі мойындайды. Осы орайда, айта кететін тағы аз тараса да бар вариант: «Біз екеуіміз де кінәліміз» деген позиция. Бұл сипаттағы жанжалдың шығу жолының бірі мынада: «Біз ұрысамыз, яғни біздікі дұрыс емес!». Айтылып отырған жағдайда альтуристік өзін құрбан ету жоқтың қасы екені сөзсіз. Әрине, бұл әрдайым көрініс бермейді. Әсіресе, бірінші позиция «Біздікі дұрыс емес» формуласы мақсатқа жетуге үлкен деңгейде мүмкіндік береді. Көпшілік отбасында мүшелерінің ұрыстан соң ынтымақтастыққа тез бірігуге бейім болып келмейді. Бұл мәселеге әрине дәстүрлі түрдегі «мен-сен» кедергі келтіріп отырады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений. – М.: Апрель-Пресс, 2000. – 236 с.
2. Калмыкова Е.С. Психологические проблемы первых лет супружеской жизни / С.И. Калинин// Вопросы психологии.1983.- №3.-С.83-89.
3. Левкович В.П., Зуськова О.Э. Социально- психологический подход к изучению супружеских конфликтов // Психологический журнал.Т.6 1985.-С. 12.
4. Обозов Н.Н., Обозова А.Н Три подхода к исследованию психологической совместимости// Вопросы психологии.1984.№2-С.6-12.
5. Варга А.Я. Системная семейной психотерапия// Журнал практической психологии и психоанализа. 2002
6. Немов Р.С. Психология.: Кн. №1. -М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 1997
7. Васильева Н.Л. Процесс индивидуализации как условие нормального развития семьи // Семейные психотерапевты и семейные психологи: Кто мы?- СПб., 2001
8. Елизаров В.И. Структурно–функциональные особенности субъективной репрезентации жизненных событий: Автореф. дис... канд. психол. наук.- М.,2000.

УДК ӘӨЖ 359.016

Оспанова Гульдана Бейсеновна
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ПСИХИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

DIAGNOSIS OF COGNITIVE MENTAL PROCESSES IN PRIMARY SCHOOL AGE

ДИАГНОСТИКА ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ПСИХИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Аннотация - мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерінің ерекшелігі көрсетілген

Түйінді. «оқушы», «танымдық процесстер»

Аннотация - В статье представлена специфика познавательных процессов учащихся начальной школы.

Ключевые слова: «учащийся», «познавательные процессы»

Annotation. The article presents the specifics of the cognitive processes of elementary school students.

Keywords. “Student”, “cognitive processes” .

Әр уақытта бүкіл әлем жұртшылығының және қоғамның өзгермейтін құндылығы физикалық және танымдық психологиялық үрдіс болып табылады. Ерте кездің өзінде оны дәрігерлер мен философтар адамның еркін іс-әрекеті, оның жетілуі ретінде түсінді. Бірақ үлкен құндылығына қарамастан, «танымдық үдеріс» түсінігі нақты ғылыми анықтамаға ие болған жоқ. Қазіргі кезде оның анықтамасын түсіндіретін бірнеше көзқарастар бар.

Көптеген авторлар: философтар, дәрігерлер, психологтер (Ю.А. Александровский, 1976 ж.; В.Х. Василенко, 1985ж.; В.В. Николаева, 1991ж.; В.М.Воробьев, 1995ж.) денсаулық анықтамасына қатысты бір-бірімен келісетін бір мәселе – ол қазіргі кезде жалпы қабылданған ортақ ғылыми негізделген «индивид денсаулығы» түсінігінің жоқтығы /1, б.364/

Ең алғашқы танымдық іс-әрекет анықтамасы – Алкмеон анықтамасы қазіргі кезге дейін өз жақтаушыларына ие: « Танымдық үдеріс қарама-қарсы бағытталған күш үйлесімділігі».

Цицерон – денсаулықты әртүрлі рухани жағдайлардың дұрыс қатынасы ретінде сипаттайды.

Стоиктар мен эпикурлықтар денсаулықты барлығынан жоғары қойып, оны интуизммен, барлық шексіздік пен қауіптілікке қарсы қойды. Эпикурлықтардың пікірінше, денсаулық – бұл барлық қажеттіліктердің толық қанағаттануына байланысты ләззат алу. К.Ясперстің ойынша, психиатрлар денсаулықты «адамның тума потенциалдарын» жүзеге асыру қабілеті ретінде қарастырды.

Басқа да көзқарастар бар: денсаулық – адамның «Менін» жүзеге асыру, адамдардың қоғамына толыққанды және үйлесімді араласуы. К.Роджерс, денсаулығы сау адамды қозғалымпаз, ашық, қорғаныс реакцияларын қолданбайтын, сыртқы әсерден тәуелсіз, өзінен тірек іздеуші адам ретінде қабылдайды. Оптималды актуализацияланған мұндай адам өмірдің әр сәтімен қанағаттанады. Мұндай адам қозғалымпаз және өзгермелі жағдайларға жақсы бейімделуші, басқаларға шыдамды, эмоционалды және рефлексивті /2, б.155/.

Ф. Перлз адамды біртұтас психикалық денсаулығын өзінің қажеттіліктерін саналау қабілеттілігі мен көрінетін тұлғаның жетілуімен байланыстырады және конструктивті мінез-құлық, сау бейімделушілік және өзі үшін жауапкершілікті қабылдау шеберлігі ретінде қарастырады. Жетілген және сау тұлға аутентті, спонтанды және іштей еркін /3, б.360/.

З. Фрейдтің пікірінше, психологиялық сау адам – бұл қанағаттанушылық принципін шындық принципімен үйлестіре алушы адам.

К.Г. Юнг бойынша, өзінің санасыздығының мазмұнын ассимиляциялаған және қандай да бір архитеттің шырмауынан еркін адам ғана сау бола алады.

В.Райха көзқарасынша, неврологиялық және психосоматикалық бұзылулар биологиялық қуаттың тұрып қалуынан туындайды, яғни саулық жағдайы қуаттың еркін өтуімен сипатталады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ережесінде, денсаулық тек қана ауырудың және физикалық кемшіліктердің болмауы ғана емес, сонымен бірге толық әлеуметтік және рухани үйлесімділікті көрсетеді.

Зерттеушілер адам ағзасының негізгі функциясының жұмыс істеуіне байланысты денсаулықты анықтауды ұсынады. Ағзаның өзара әрекеттесуші жүйелерінің қабілеті ретінде өмірдің әлеуметтік және мәдени аймақтарына бағытталған фенотиптік мінез-құлық пен адам ақыл-ой іс-әрекетін, генеративті функцияларды, инстинктивті процестерді шартсыз рефлекторлы генетикалық бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Денсаулықты философиялық тұрғыдан түсіндірсек, онда ол құбылыстардың негізінен шығатын, қажеттілікті бейнелейді, ал ауру – бұл ортақ сипаты жоқ кездейсоқтық, сондықтан

да қазіргі заманғы медицина заңды және қажетті болып табылатын денсаулықпен емес, кездейсоқ құбылыстар – аурулармен айналысады /6, б.40/.

Н.В. Яковлева қолданбалы зерттеулерде көрініс берген, денсаулықты анықтайтын бірнеше келістерді бөліп көрсетеді. Солардың бірі қарама-қайшылық келісі, онда денсаулық аурудан арылу ретінде қарастырылады. Осы келістердің негізінде медициналық психологиямен тұлға психологиясында зерттеулер жүргізілген. Шындығында да денсаулық феноменін осылайша қарастыру, соңғы бола алмайды. Әртүрлі авторлар денсаулықты осылай түсіндіруде келесі кемшіліктерді келтіреді:

1. денсаулықты ауру емес ретінде қарастырудың өзінде логикалық қателік жатыр, себебі, түсінікке терістеу арқылы анықтама беру болып есептелмейді;

2. берілген кеміс субъективті себебі, мұнда денсаулық барлық белгілі ауруларды терістеу ретінде қарастырылады, бірақ белгісіз аурулар анықталмай қалады;

3. мұндай анықтаманың сипаттамалы және механистикалық сипаты бар, мұның өзі индивидуалды денсаулық феноменінің негізін оның ерекшеліктерінің динамикасын ашуға мүмкіндік бермейді /6, б.298/.

Ю.П. Лисицын былай дейді: « Танымдық үрдіс бұзылыстар мен аурулардың болмауынан да маңыздырақ, бұл – толыққанды еңбек ету, демалу, бір сөзбен адамға тән функцияларды іске асыру, еркін көңілді өмір сүру» деген қорытынды жасайды /6, б.346/.

М.В. Яковлева екінші келісті комплексті – аналитикалық ретінде сипаттайды. Берілген жағдайда кореляциялық байланыстарды санау жолымен денсаулықты зерттеу кезінде денсаулыққа әсер ететін жеке факторлар анықталады. Содан кейін нақты адамның өмірлік ортасында берілген фондардың кездесу тиімділігі талданады және осының негізінде оның денсаулығы туралы қорытынды жасалады. Автор осы келістің келесі кемшіліктерін көрсетеді:

- адам денсаулығы туралы қорытынды жасау үшін нақты формалардың жетіспеушілігі, факторлар қосындысының жиынтығы ретіндегі денсаулықтың бірегейлі абстрактілі эталлонының болмауы;

- адам денсаулығын сипаттайтын, жеке белгінің бірдей сандық көрсеткіштерінің болмауы.

Денсаулық мәселелерін зерттейтін алдыңғы келістерге альтернативалар ретінде жүйелі келіс қарастырылады. Оның принциптері төмендегідей:

- ауру емес ретінде денсаулықты анықтаудан бас тарту;

- денсаулықтың жүйелі критерилерін анықтау (адам денсаулығының гештальт-критерилерінің жүйесі).

Денсаулық - адамның бейімделу мүмкіндіктері (денсаулық потенциалы) арасындағы тепе-теңдіктің күйі ретінде түсінуді академик В.П. Петленко 1997 жылы ұсынды /10, б.49/.

Н.Д. Лакосина мен Г.К. Ушаков денсаулықты адамның мүшелері мен жүйелерінің құрылымдық және функционалды сақталуы ретінде әлеуметтік және физикалық ортаға жоғары индивидуалды бейімделгіштігі ретінде қарастырды.

В.П. Казначеев индивид денсаулығын өмірдің максималды ұзақтығы кезіндегі әлеуметтік белсенділік пен оптималды еңбекке қабілеттілік, биологиялық, физиологиялық және психологиялық функциялардың дамуымен сақталынуының динамикалық жағдайы ретінде анықталуы мүмкін екендігін көрсетті. Оның ойынша, бұл анықтамада индивидтің өмірлік мақсаттары мен негізгі әлеуметтік биологиялық функциялардың толыққанды жүзеге асуы ескеріледі /11, б.178/.

Қазіргі кезде бірталай өңделген бағыттар бар – психосоматикалық медицина, яғни психиканың дене функцияларына әсері механизмдерін қарастырады, психосоматикалық бұзылуларды жүйелейді олардың профилактикасы мен емдеу әдістерін анықтайды. Соңғы кездерде психосоматикалық аурулар спектрінің кеңею тенденциясын байқауға болады, яғни ғылымның дамуына байланысты психикалық шартталған аурулар саны көбеюде. Егер психологиялық сау адам портретін құрастыратын болсақ, онда психологиялық сау адам – ол

ең алдымен спонтанды және шығармашыл, өмірге құштар және көңілді, ашық және өзін-өзі қоршаған ортаны тек қана ақылмен емес сезім және интуиция арқылы танушы. /12, б.7-8/.

Егер, психологиялық саулықты сипаттаудың «кілтті» сөзі «үйлесімділік» сөзі деп келісек, онда адамның психологиялық саулығының негізгі сипаттамасы ретінде өзіндік реттеуді атауға болады, яғни жағымды, сонымен бірге жағымсыз жағдайларға, әсерлерге адекватты бейімделе алушылық. Мұнда әсіресе, көңілді, жағымды жағдайларға бейімделудегі күреліліктерге аударған жөн. Сонымен психологиялық саулықтың негізгі функциясы – бұл тұлға ресурстарын мобилизациялауды талап ететін жағдайларда адам және қоршаған орта арасында белсенді динамикалық тепе-теңдікті ұстау.

Балалардың танымдық психологиясы өзіндік спецификаға ие. И.В. Дубровинаның көзқарасы бойынша психологиялық саулықтың негізі – онтогенездің барлық кезеңдеріндегі толыққанды психикалық дамуы болып табылады. Сондықтан бала мен ересектің психологиялық саулығы тұлғалық жаңа құрылымдардың жиынтығымен ерекшелінеді. Олар балада әлі дамымаған, бірақ ересек адамдарда болуы шартты. Сонымен, психологиялық саулық – бұл өмір бойы дамып отырады, бірақ оның алғы шарттары пренатальды кезеңде қалыптасады. Оның өмір жасында ол ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен үнемі өзгеріп отырады.

Қажеттілікті мотивациялық құрылым – адамда өзіндік даму қажеттілігінің болуын анықтайды. Бұл адамның өзінің өмірлік іс-әрекетінің субъектісі болатынын, оның дамуының қозғалыс күші ретінде белсенділіктің ішкі көзі бар екендігін көрсетеді. Өзінің дамуына жауапкершілікті толығымен қабылдайды және «өз биографиясының авторы» болады. (В.И. Слабодчиков).

Қарастырылған құрылымдарды қортындылай келе психологиялық саулық өзіне және басқа адамдарға деген оң қатынас тұлғалық рефлексия және өзіндік дамуға деген қажеттілік, - аталған құрылым компоненттерінің өзара байланысы немес динамикалық өзара әрекеттестігі. Адамда позитивті даму үшін, оң өзіндік қатынас болуы қажет. Ал өз кезегінде адамның өзіндік дамуы өзіндік қатынастың өзгеруіне әкеледі. Ал тұлғалық рефлексия өзіндік дамудың механизмі болып табылады. Соған байланысты өзіндік қатынас, рефлексия және өзіндік даму бір-бірін өзара шарттайды, үнемі өзара әрекеттестікте болады.

Экономикалық кері жағдайлар және отбасындағы қолайсыз әсерлер соматикалық әсерлермен қатар балаларда психологиялық денсаулық ауытқуларына әкеліп соғады. Оқушылардағы психологиялық денсаулықтың бұзылуларының ішінде кең тарағандары – эмоционалды тұрақтылықтың бұзылуы, іс-әрекеттегі ауытқушылық және гиперактивтілік.

Сыртқы орта факторларының отбасындағы жағымсыз жағдайлар және балалар тәрбиеленетін мекемелермен, кәсіби іс-әрекетпен, мемлекеттегі әлеуметтік экономикалық жағдайлармен байланысты факторлар жатады. Сыртқы орта факторларының маңызы балалық және жасөспірімдік кезеңдерде жоғары болады. Әрбір жас кезеңінде психикалық дамудың «жаңа құрылымына» неғұрлым мәнді психологиялық сипаттамаларды бөліп көрсетуге болады. Бұлар әрбір баланың даму жолындағы бағалай сипатаның критеріі ретінде көрінеді және оның психологиялық денсаулығының көрсеткіші қызметін жасайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Яковлева Н.В. Анализ подходов к изучению здоровья в психологии // Психология и практика. Ежегодник Российского психологического общества. Ярославль, 1998, Т.4. Вып.2. с.364-366.
2. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. М., 1994.
3. Здоровье, развитие, личность / под ред. Г.Н.Сердюковой, Д.Н. Крылова, У. Кляйнпетер М., 1990, 360 с.
4. Лисицын Ю.П. Образ жизни и здоровье населения. М., 1982, 40 с.

5. Апанасенко Г.А. Охрана здоровья здоровых: некоторые проблемы теории и практики // Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. СПб, 1993, с. 49-60.
6. Психология здоровья / Г.С.Никифоров, В.А.Ананьев, И.Н.Гурвич и др, Под ред. Г.С.Никифоров.– СПб.: Изд-во ун-та,2000.504с.
7. Вестник АМН СССР. 1982. Т.45. №1, с.49-58, №4, с.29-33.
8. Брехман И.И. Введение в валеологию - науку о здоровье. Л., 1987. 125 с.
9. Баевский Р.М., Берсенева А.П. Донозологическая диагностика в оценке состояния здоровья // Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. СПб, 1993, с. 33-48.
10. Апанасенко Г.А. Охрана здоровья здоровых: некоторые проблемы теории и практики // Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. СПб, 1993, с. 49-60.
11. Валеология человека. Здоровье - Любовь - Красота / Под ред. Петленко В.П. СПб, 1997, Т.5.
12. «Практическая психология образования» /Под.Ред. И.В. Дубровиной; М.:1997г.

УДК ӘӨЖ 359.06

Боран Аружан Мамбеткеримқызы
«Педагогика және психология» кафедрасының магистранты
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: abden@mail.ru
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д. **Қ.М.Нағымжанова**
e-mail:karakat_4@mail.ru

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОСОБЕННОСТИ ИССЛЕДОВАНИЯ СОЦИАЛЬНЫХ АСПЕКТОВ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ ЧЕЛОВЕКА

PECULIARITIES OF SOCIOLOGICAL STUDY OF PSYCHOLOGICAL HEALTH FACTORS

Аннотация. Мақалада психикалық денсаулықтың бағыты мен әсер етуші факторлары көрсетілген.

Түйінді сөздер. «Психикалық денсаулық», «қорқыныш-үрей».

Аннотация. В статье рассматриваются движущие факторы психического здоровья.

Ключевые слова: «Психическое здоровье», «страхи».

Annotation. The article discusses the driving factors of mental health

Keywords. “Mental health”, “fears”.

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде психикалық денсаулықтың бұзылуы жоғары көрсеткішпен сипатталады. Психикалық аурулардың, тұлға фрустрациясының, мазасызданулардың, стресстердің таралу көрсеткіштерінің өсу тенденциясы, әр түрлі суицидтердің, тұлғаишілік келіспеушіліктердің, тәуелділіктердің (нашақорлық, ішімділік, токсикомания, ойын құмарлық және т.б.) орын алуы байқалады. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер салдарынан халықтың басым көпшілігінде, психологиялық әдебиеттерде теңелу дағдарысы деп белгіленген психологиялық феномен қалыптасып қалған болып шықты. Ол өз-өзін сезіну сезімін жоғалтуынан, өзгерген қоғамдағы өзіндік рөліне бейімделе алмауынан (немесе қиналуынан) пайда болады. Бұл жағдай өзгеріп жатқан

қоғамдық және экономикалық қатынастар мен тұлғалық мақсаттардың, мінез-құлық стереотиптерінің қайта қалыптасуы қиыншылығы арасындағы талаптардың айырмашылығына байланысты туындайды. Адам денсаулығына оның жасайтын таңдауы тікелей әсер етеді. Денсаулыққа жетелейтін таңдаудың алғы шарты болып өзіндік ішкі дүниесіне, яғни Мен «дауысына» сүйенуі саналады, бұл таңдау жасау барысында оны бөліп алуға, тыңдауға, соған еліктеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі психологиялық әдебиеттерге талдау жасағанда көптеген зерттеушілер денсаулықтың психологиялық аспектілерін осыған ұқсас терминдерді қолдана отырып қарастырған: “психикалық денсаулық” (Б.С.Братусь), “психологиялық денсаулық” (И.В.Дубровина), “тұлғалық денсаулық” (Л.М.Митина), “рухани денсаулық” (Ю.А.Кореляков), “жанның саулығы” (О.И.Даниленко), және т.б. /2/

Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының пайымдауынша, психика саулығы дегеніміз адам ақыл-ойының, физикалық және эмоционалдық дамуының толыққанды жетілуіне ықпал етуші күй болып табылады /6/.

Психика саулығы дегеніміз – адам мен сыртқы дүние арасындағы тепе-теңдік жағдайы, оның әлеуметтік ортаға, физикалық, биологиялық және психикалық ықпалдарға қатысты реакциясының сай болуы, жүйкелік реакция күші мен сыртқы тітіркендіргіштер арасындағы сәйкестігі, адам мен оның айналасындағылар арасындағы үйлесімділік, адамның шынайы объективтілік жайлы пікірінің басқа адамдардың пікірлерімен ұштасуы, өмірдің кез-келген жағдайына сын көзбен қарауы.

Адам психикасының саулығын білдіретін үш деңгейді көрсетуге болады:

- Психофизиологиясының саулық деңгейі (орталық жүйке жүйесінің қызметімен, жағдайымен анықталады);
- жеке психологиясының саулық деңгейі (психикалық іс-әректінің жағдайымен, қызметімен анықталады);
- тұлғасының саулық деңгейі (адам қажеттіліктері мен әлеуметтік орта талаптары, мүмкіншіліктері арасындағы қатынаспен анықталады);

Адам психикасының әрбір деңгейінде норма мен аномалиялар көрсеткіштерінің өзіндік медициналық-психологиялық және әлеуметтік құндылықтар жүйесі болатыны анық. Психофизиологиялық саулық деңгейіндегі ауытқулар орталық жүйке жүйесінде де, перифериялық жүйелерде де (мигрень, невралгия, неврит, полиневрит және т.б.) пайда болатын алуан түрлі жүйке аурулары түріне білінеді. Жеке психологиясының саулық деңгейіндегі ауытқулар бірқатар психикалық ауруларды (қабылдау, ойлау, есте сақтау және т.б. қабілеттіліктерінде ауытқулар) тудырады. Тұлға саулығының деңгейіндегі ауытқулар тұлғаның өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қалыпты түрде өмір сүру бағытындағы өзгеріске (нашақорлық, ішімділік, қылмыскер және т.б.) әкеліп соғады /5/.

Психикалық аурулар мен ақыл-ой кемістігі түрлерінің бірқатары тұқым қуалайды. Баланы дүниеге әкелуді жобаламас бұрын, оның тұқымындағы психикалық аурудың орын алу-алмауын анықтау үшін медициналық-генетикалық кеңес беру пайдаланылады. Бұл белгілі бір ата-ананың ауру баланы дүниеге әкелуінің мүмкіндігін (тәуекелділігін) анықтайтын ерекше медициналық көмек түрі болып табылады.

Шизофрения, маниакальды-депрессивтік психоз, эпилепсияның соққыдан болмаған түрлері, ақыл-ой кемістігі сияқты тұқым қуалайтын аурулардың пайда болуына қоршаған ортаның жағымсыз әсері мен генетикалық айғақтардың қосылысы себеп болады.

Мұндай тұқым қуалайтын өзгерістердің алдын алу шаралары ауруды ерте бастан зерттеу, медициналық-генетикалық кеңес беру және олардың дамуына кедергі болатын ортаны қалыптастыру әрекеттерінен тұрады.

Даун синдромы, сияқты хромосомдық аномалия пайда болған кезде генетикалық кеңес беру арқылы «қателік» қай жерде және қашан пайда болғанын анықтауға болады: әкесінің немесе анасының жыныстық жасушаларының қалыптасуы барысында ма, әлде аналық жыныс жасушасының немесе зиготаның пайда болуы барысында ма. Осы арқылы өзгерістері бар баланың тууының алдын алуға болады.

Тұқым қуаламайтын психикалық ақаулар да болады. Олардың болуына әйелдің жүктілік барысында жұкпалы ауруға ұшырауы немесе туу барысындағы психикалық және физикалық әсерлер немесе мидың зақымдалуы себеп болады /5/.

Психика саулығын сақтауда бала тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Жан-жақты дамуы, денсаулығын үнемі қадағалап отыру, пайда болған өзгерістерге дер кезінде түзетулер енгізу баланың психикалық ахуалының қалыпты болуын қамтамасыз етеді.

Адам психикасының саулығын сақтау мен жетілдіру негізі салауатты өмір салты болып саналады: ойлау мен еңбек ету әрекеттерінің тиімді күнтәртібі, жан дүниесінің ахуалы мен қанағаттануы. Темекі шегу мен ішімдіктен бас тарту қажет. Өз эмоцияларын қадағалауды және есеңгірететін әрекеттерге қарсы тұруды қалыптастыру керек.

Психика саулығы, қабілеттіліктері, мақсаттары мен қасиеттері жеке адамның қоршаған ортаға бейімделуіне себеп болады. Барлығына қолайлы, ортақ анықтаманы жасау мүмкін болмаса да, бұл психика саулығы жайлы кең таралған анықтама, өйткені әр түрлі адам қоғамдастықтары мен мәдениеттеріндегі бұл мәселеге қатысты барлық пікірлерді бір түйінге біріктіру мүмкін емес. Өз қоғамдастығындағы қалыптардан ауытқып бара жатқан адам психикалық ауру болып мойындалуы мүмкін. Әр түрлі мәдениеттер мен әр мәдениет ішіндегі әр түрлі уақыттардағы психикалық аурулар жайлы пікірлер алуан түрлі болады. Біріншісіне мысал ретінде мынаны айтуға болады: басқа американдықтардың көпшілігіне қарағанда индейцтердің көптеген тайпалары елестерді қалыпты құбылыс деп есептейді, ал екіншісіне мысал мынау болады: кезінде қылмыс ретінде, кейінірек психикалық ауру деп қарастырылған гомосексуалдылық қазіргі жағдайда жыныстық бейімделу нұсқасы болып саналады.

XIX ғасырдың соңынан бастап, З.Фрейдтің, содан кейін К.Юнг пен басқалардың зерттеулерінен соң, психология мен психиатрияда психиканың саналы түдегі іс-тәжірибемен ұштаспайтыны жайлы тұжырым қалыптасты. Психика мен ондағы ауытқулар жайлы зерттеулерге біздің саналы жан дүниемізді санадан тыс құбылыстар, импульстар, эмоциялар мен оларға қарсы тұратын қорғаныс механизмдері анықтайтыны туралы фрейдтік ілім қатты ықпал етті /1/.

Фрейдизмнің бұл ықпалы осы уақытқа дейін сақталуда, бірнеше жылдар бойы (1950-1960 жылдарға дейін) айтарлықтай әсер еткен, психикалық іс-әрекеттің бихевиоральдық теориясы ғана тыс қалған. Оны жақтаушылар психиканың санадан тыс нәрсе екеніне қарсы шығып, оның мінез-құлыққа түсініктеме бере алмайтынын айтты.

Адам санасындағы тәртіптер арасындағы жайттар жайлы зерттеулерді жүргізу үшін қазіргі заманғы психологияның басқа ғылымдармен, атап айтқанда, антропологиямен, нейробиологиямен, нейрохимиямен, кибернетикамен, лингвистикамен байланысын анықтады. XX ғасырдағы осындай ғылымдар терминологиясында психика саулығы ұғымына анықтама берілген. Мұндай терминологияны білмеген XIX ғасыр психологтарын психика саулығына қатысты мынадай қазіргі заманғы анықтама қанағаттандыратын еді: қоршаған орта ынталандыруына саналы және санадан тыс реакциялармен тиімді жауап беретін психика сау психика болып табылады. Қазіргі кезде XIX ғасырдағы француз психологы П.Жаненің «белгілі бір психикалық ой-пікірлер біздің санамызға сыймайды» деген идеясы өзекті болуда. Бұл интуиция пікірлері – Фрейд жазғандай «қолданылмайтын ойлардың қайнаған қазаны» емес, алайда олар көп уақыт бойы мойындалмаған /2/.

Технологиялық, урбанизацияланған қоғамда өмір сүруші жеке адам өзінің әлеуметтік және этникалық тегіне қарамастан, әлеуметтік бейімделуін, яғни осы қоғамға сай қызмет жасауын қамтамасыз ететін белгілі психологиялық қасиеттерді меңгеруі қажет. Бұл қасиеттер дамудың әр түрлі кезеңдерінен белгілі бір ретпен өтуіне байланысты қалыптасады. Әрбір кезеңге адамның өзі шешетін мәселелері мен келесі кезеңге өтуіне қажетті қасиеттердің жиынтығы тән болады. Сонымен, жеке адамның психикалық саулығы жайлы пікір оның дамуымен, генетикалық шығу тегі және мәдени ортасымен салыстырылады.

Өкінішке орай, еліміздегі халықтың көпшілігі тұлғаны әлеуметтендірудегі бұзылыстардың басқа түрлерін — өзіндік бағалаудың дұрыс еместігін, талаптану деңгейін,

өзіндік бағалаудың төмендеуін — зерттеуге айтарлықтай мән беріп отырған жоқ. Кейбір адамдар қарым-қатынас жасауда қиналса, екіншілері — өзіндік таным мен өзіндік дамуында қиындық сезінеді, ал үшіншілерінде – тұлғаның (көреалмаушылық, жаугершілік және т.б.) және мінез-құлықтың (әр түрлі психологиялық тәуелділік) деструктивтік қасиеттері басым болады. Бұған көп мысалдар келтіруге болады. Мұның бәрі ауру емес, қалыпты тұлғаға тән болады, және де адамның осындай қиыншылақтарды жеңуіне психиатр емес, кәсіби психолог көмек бере алады.

Қазіргі заманғы психологияда психологиялық кеңес берудің, психологиялық терапияның, психологиялық түзету мен психологиялық зерттеудің технологиялары мен техникалары өте көп. Мәселелердің осы аясы медицина саласына емес, психология саласына жатады, және де оны психикалық емес, психологиялық саулық деп есептеуге болады. Мәселенің осылай қойылуы өте маңызды, себебі көмек көрсету барысына «пациент» (әр түрлі дәрі-дәрмектер арқылы емделетін ауруды іздеп табу) деп емес, «клиент» деп қарау қажет.

Сыртқы ортаның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы қолайсыз әсерлері нәтижесінде қалыптасқан психикалық күйлер: шаршау, қалғып жүру, үнемі қауіптену, тарығу, жан күйзелісі, көңілдің бұзылуы, фрустрация түрінде болады.

Қорқыныш пен үрейдің бастамасы, жан күйзелістері, эмоциональды ширыққан сезім қалпы, сабырсызданудан басталады. Бұған - адамдардың психоәлеуметтік және психоэмоционалды торығуын ауыр экономикалық дағдарысты қосу керек. Созылмалы дистресс тек тұрмыс, өндіріс мәселелері, әлеуметтік жағдайлар мен медициналық көмектің аздығы нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар, қазіргі және болашақта өмір сүретін ұрпақ денсаулығының төмендеп кету мүмкіндігі туралы күдіктің күштілігінен де пайда болады.

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы анықтағандай (БДҰ)—шын мәніндегі денсаулық – дене, психикалық және әлеуметтік үйлесімділік болып табылады. Адамның өмірінің барлық аспектілеріндегі әлеуметтік, дене, эмоциялық, рухани және ақыл-ой жетістіктерінің үйлесімі ғана өмірінің шын мәнісі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ананьев В.А. Введение в психологию здоровья СПб, 1998.
2. Никифоров Г.С. Психическое здоровье СПб, 1998.
3. Абрамова Ю.А. Психология в медицине М.1998.
4. Михайлов А.Н., Ротенберг В.С. Особенности психологической защиты в норме и при соматических заболеваниях // Вопросы психологии.-1990., №5.
5. Патохарактериологические исследования у подростков / Под.ред. АЕ.Личко, Н.Я.Иванова.-Л.,1981.
6. Еникеев М.И., Кочетков О.Л. Общая, социальная и юридическая психология. Краткий энциклопедический словарь. — М.: Юрид. лит., 1997
7. Майерс Д. Социальная психология Ускоренный курс М., 2007
8. «Немов Р.С. Психология: Словарь- справочник. М., 2003
9. Васильева О.С.,Филатов Ф.Р. Психология здоровья человека: эталоны, представления,установки: Учеб.пособие.-М.: «Академия»,2001.

СИСТЕМА УЧРЕЖДЕНИЙ И ОРГАНОВ, ИСПОЛНЯЮЩИХ НАКАЗАНИЕ

ЖАЗАНЫ ОРЫНДАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАР ЖҮЙЕСІ

THE SYSTEM OF INSTITUTIONS AND BODIES EXECUTING PUNISHMENT

Аннотация. В статье рассматривается деятельность суда, государственных органов, учреждений и органов, исполняющих наказания, ведущих борьбу с преступностью. Одной из важнейших задач является регулирование порядка и условий отбывания наказаний, определение средств исправления осужденных, охрана их прав, свобод и законных интересов, также оказание им помощи в социальной адаптации.

Ключевые слова. Учреждение, наказание, исправление осужденных, заключенный, режим.

Аңдатпа. Мақалада соттың, мемлекеттік органдардың, жазаларды орындайтын, қылмысқа қарсы күрес жүргізетін мекемелер мен органдардың қызметі қарастырылады. Маңызды міндеттердің бірі жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын айқындау, олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ оларға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету болып табылады.

Abstract. In this article, the author studied the history of the concept and formation of the tax system, considered and justified the current problems of crime related to tax evasion.

Keywords. Taxes, tax liability, tax offense, tax evasion, tax control, taxation, taxpayers.

Салық – бұл мемлекетке заңды түрде белгілі бір мөлшерде және белгілі бір мерзімде төленетін міндетті төлем болып табылады.

Салықтар мемлекет пайда болғаннан бері қоғамдағы экономикалық қатынастардың қажетті буыны болып табылады. Мемлекеттік құрылым нысандарының дамуы мен өзгеруі әрдайым және барлық жерде салық жүйесінің өзгеруімен бірге жүреді. Қазіргі өркениетті қоғамда салықтар мемлекет кірісінің негізгі көзі болып табылады. Осы таза қаржылық функциядан басқа, салық механизмі мемлекеттің әлеуметтік өндіріске, оның динамикасы мен құрылымына, ғылыми-техникалық прогрестің жағдайына экономикалық әсер ету үшін қолданылады.

Салықтың мәжбүрлі төленуі екі жағдайда байқалады. Біріншіден, салық мәжбүрлі түрде, яғни, міндетті төлем салық төлеушінің еркіне қарсы енгізіледі. Екіншіден, егер салық төлеуші міндеттемесін өз еркімен орындамаса, онда мемлекет одан ақшаны күшпен өндіріп алады. Жалпы, салықты өндіріп алу мемлекеттік қазынашылықтың шығындарын көбейтпес үшін салық халықтың қалтасына ауыртпалық тигізбейтіндей көлемде алыну керек. Едәуір жоғары салық мемлекеттегі өнеркәсіптің дамуын бәсеңдетеді, көпшілікті еңбектің түрлі салаларынан ажыратады. Осылайша, ауыр салық халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін табыстың кейбір көздерін азайтады, тіпті жойып жібереді. Ауыр салық салық төлеушінің салықтан жалтаруына әкеліп соқтырады. Ауыр салықты бекітетін заңның өзі салық

төлеушілерді салықтан жалтаруға итермелейді, ал одан кейін оған баруға мәжбүр болған салық төлеушілерді жазалайды.

Батыс ғалымдары осыған байланысты мынадай қорытындыға келді: «Мемлекет ауыр салық салудан гөрі, салық ауыртпалығын төмендетуден көбірек ұтады; үнемделген қаражат қосымша табыс табуға мүмкіндік береді, ал одан қазынаға салық түседі. Мұндай жағдайда салық төлеушілер салықты еш ауыртпалықсыз, өз еріктерімен төлейді, ол сәйкесінше мемлекетті жазалау немесе еріксіз өндіріп алу жолдарымен салық жинауға кететін қосымша шығындардан босатады». Салықты табыс көлемінен 40-50 пайыздан жоғары өндіріп алу кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігін төмендетеді және салық базасының төмендеуіне себепкер болады. Бұл өз кезегінде көпшіліктің салықтан жаппай жалтаруына әкеліп соғады [1, 168 б.].

Сонымен, салықтық қатынастар міндетті қарым-қатынас болып табылады. Әрбір салық төлеуші заңмен бекітілген салықты төлеуге міндетті.

Салық төлеушінің салық заңдарына сәйкес, мемлекет алдындағы міндеттемесі салық міндеттемесі деп танылады. Салық төлеуші:

- 1) салық міндеттемелерін дер кезінде және толық көлемінде орындауға;
- 2) салық қызметі органдары бекіткен салық заңдарын бұзушылықтарды жою туралы заңды талаптарын орындауға, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі заңды қызметіне кедергі жасамауға;
- 3) нұсқама негізінде салық қызметі органдары лауазымды адамдарының салық салу объектісі және салық салумен байланысты объект болып табылатын мүлікті тексеруіне жол беруге;
- 4) салық есептілігі мен құжаттарды заңда көзделген тәртіппен табыс етуге;
- 5) заңға сәйкес, қолма-қол ақшамен, төлемдік банк карточкаларымен, чектермен сауда операцияларын жасаған немесе қызметтер көрсеткен кезде тұтынушылармен ақшалай есеп-айырысуды фискалдық жадысы бар бақылау- касса машиналарын міндетті түрде пайдалана отырып және тұтынушының қолына бақылау чегін бере отырып жүргізуге міндетті.

Осы салық міндеттемелері ішіндегі ең негізгі мақсаты салықты толығымен және уақтылы төлеу болып саналады.

Мемлекет салық қызметі органы арқылы салық төлеушінің өз салық міндеттемелерін толық көлемінде орындауын талап етуге, ал олар орындалмаған жағдайда оларды қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді және Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқылы.

Салықтық міндеттемені орындамау – салық заңын бұзу деген сөз.

«Салықтық құқықбұзушылық мемлекетпен бекітілген салықтар, алымдар мен міндетті төлемдерді төлеуден салық төлеушінің бас тартуы болып табылады.

«Салық төлеуден жалтару – мемлекеттің кірісіне ақшалай қаражаттарды төлеу бойынша міндеттемесін ол соманы төлеуге мүмкіндігі бола тұрып, әдейілеп орындамау. Америка экономисі А.Лаффер бұл жайында былай деген: «Салық ставкаларының неғұрлым жоғары болуы, экономикаға соғұрлым кері әсер етеді. Ал бұл өз кезегінде салық төлеушілерге тиімсіз болады. Яғни, салық ауыртпалығы жоғары болған сайын, салық төлеушілер салықты төлеудің емес, салықтан қалай жалтарудың жолын іздестіреді. Бұның басты себебі – өте жоғары салық ставкасы кәсіпкерліктің дамуын тежейді, адамдардың жұмыс істеу ынтасын жойып жібереді.

Салықтан жалтару түсінігі – салық төлеуге байланысты салық төлеушінің заңсыз іс-әрекеті болып табылады. Салықтан жалтарудың салық декларациясын бермеу, салықтық тексерулерге кедергі жасау, тиісті құжаттарды бермеу сияқты көптеген нысандары бар. Жалпы, салықтан жалтару көбінесе мынадай жағдайларда көп туындайды. Салық төлеушінің салықтық сауаты аздығынан, салық заңын дұрыс білмегендіктен немесе өте жоғары салық ставкаларының болуынан, тиімді салық механизмдері жұмыс істемегендіктен және т.б. жағдайлардан туындайды.

Салықтарды төлеуден жалтарудың макроэкономикалық зардаптары мемлекетке едәуір зиян келтіреді. Бюджет тапшылығы – көптеген елдердің экономикалық қыншылықтарының негізінде жатыр және оны жою көптеген экономикалық тұрақтандыру бағдармалардың басты мақсаты болып табылады. Сондықтан, бұл жағдайларда салықтардың жиналуын жақсарту мәселесіне көп көңіл бөлінеді.

Салық салудан жалтару кез келген қоғамға едәуір қауіп төндіретіні туралы айтып кеткен жөн. Ол төмендегі жағдайларда бейнеленеді:

1) егер мемлекетке тиісті бюджеттік қаражаттар түспесе, онда мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру қысқарады;

2) салықтарды төлеушілер заңды орындайтын, тәртіпті төлеушілерге қарағанда ұтымды жағдайда болады, ал олардың іс-әрекеттері басқа субъектілерді қызықтырады;

3) салық қылмыстарының көбеюі, таралуы бюджеттің кіріс жағының тапшылығына әкеледі, ал үкімет қаражаттардың жетіспеушілігін жаңа салық түрін енгізу және салықтардың ставкасын жоғарлату арқылы толтыруға мәжбүр болады.

Сондықтан да, үкімет пен сәйкесінше министрліктер салықтардың толығыменен және уақтылы төленуіне бақылау жүргізуі керек. Салық әкімшілігін жүргізу – бұл салық қатынастарын мемлекеттік басқару жүйесі. Салық бақылауы салық әкімшілігін жүргізудің қажетті шарты болып табылады.

Салық бақылауы – салық қызметі органдарының салық заңдарының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын бақылау. Салық бақылауы тек салық заңдарының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын бақылау ғана емес, сонымен қатар, салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдердің дұрыс есептелуі мен уақтылы төленуін тексеріп, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылмауын қадағалайды. Салық бақылауының мақсаты мен міндеті әртүрлі. Басты міндеті – салықтан жалтаруға тосқауыл жасау, мемлекеттің табыс бөлігіне түсетін кірістерді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуын жою.

Салықтық бақылау [2, 212 б.]:

- салық төлеушілерді тіркеу есебі;
- салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алу;
- бюджетке түсімдерді есепке алу;
- қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу;
- салық тексерістері;
- камералық бақылау;
- салық төлеушілердің қаржы-шаруашылық қызметі мониторингі;
- фискалдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережелері;
- акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін таңбалау және акциздік постыларды белгілеу;
- мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және сату тәртібін сақтауды тексеру;
- уәкілетті органдарға бақылау жасау нысандарында жүзеге асырылады.

Салық бақылауының негізгі мақсаттарының бірі – салықтан жалтаруға жол бермеу. Бұл құбылыс бұрынғы уақыттан бері салық салумен бірге дамып келе жатыр және тұрақты заңдылық қалпына ие болды. Тәжірибеден дәлелденгендей, салық салудан жалтару қаржы нарығындағы операцияларды жүзеге асырғанда өте жиі кездеседі.

Салық теориясы мен тәжірибесінде салықтан жалтарудың төрт түрлі себептері көрсетіледі:

- моральді;
- саяси;
- экономикалық;
- техникалық.

1. Көптеген азаматтар қазынадан ұрлауды ұрлау деп санамайды. Кез келген мемлекетте жоғары билік органдарында жемқорлықтың бар екені және олардың мемлекеттік қаражаттарды жеке қажеттіліктеріне пайдаланатыны туралы бәрімізге белгілі. Сондықтан да, салық төлеушілер салықтан жалтаруға ешбір моралді жауапкершілікті сезбейді. Көптеген салық төлеушілер өздерін қазыналық алымдарына олардың тым ауыртпалығына қарай қарсы тұруына құқылы деп есептейді. Мемлекет өзінің қаржы ресурстарының көп бөлігін салықтар мен алымдарды жинау арқылы қамтамасыз етуі – салық төлеушілерді салықтан жалтаруға итермелейді.

2. Сонымен қатар, салық төлеушілерді салықтан жалтаруға итермелейтін саяси себептері де бар. Егер де мемлекет экономикалық саясатын жүргізу барысында жеке топ мүдделерін ешбір себепсіз басқа топтардың мүдделерінен жоғары етіп қарастырса, онда өздерін ұтылған деп санайтын салық төлеушілер салықтық төлемдерін төмендетудің әртүрлі жолдарын іздестіреді, тіпті салық салынатын табыстары мен объектілерін жасыруға дейін барады.

3. Салықтан жалтаруға өте жиі әсер ететін жағдайлар – салық төлеушінің экономикалық жағдайы және жалпы экономикалық конъюнктура. Салық ставкалары жоғары болған сайын, салықтан жалтаруды көбірек ынталандырады. Төлеушінің қаржылық жағдайы тұрақсыз болған сайын, салықтан қашу ойы күшейе береді. Экономикалық құлдырау кезінде үкіметтің нарықты реттеуі салықтан жалтарудың көбеюіне апарады. Осындай регламенттелген нарықтың пайда болуына әкеледі.

4. Капиталдардың халықаралық қозғалысының бақылаусыз, еркін болуы салықтан жалтаруға жағдай жасайды. Көптеген жағдайда салықтық бақылау ұлттық аумақ шеңберінде ғана шектеледі, ол әсіресе дағдарыстар және экономикалық бағамның өзгеруі кезінде байқалады. Ол трансұлттық компаниялардың, біріккен кәсіпорындардың алдында әлсіз болып қалады. Бұл салықтан техникалық жалтаруға жақсы жағдай жасайды. Салықтан жалтарудың тағы бір маңызды техникалық жағдайы ұлттық заңдардың қайшылығы мен күрделілігі болып табылады. Салық салудың техникалық күрделілігі салық төлеушіге салық төлемінен заңды бұзбай қашуға мүмкіндік береді. Бұл әрине салықтық бақылаудың тәжірибесін қиындатады.

Осыған байланысты салық бұзушылығының ұлғаюына жағдай жасайтын қазіргі кездегі ең маңызды мәселелердің бірі – салық заңының толығымен жетілмеуі, тұрақсыз болуы. Бұл жерде Т.Джефферсонның пікірін айтып кеткен жөн. Ол былай деген: «Заңдар қарапайым адамдарға арналып жазылады, сондықтан, олар салауатты мәндегі қарапайым ережелерге негізделуі қажет [3, 94 б.].»

Ал, біздің қазіргі салық заңымыз өзінің едәуір артық көлемімен және күрделілігімен ерекшеленеді. Жиі-жиі енгізіліп отыратын өзгертулер мен толықтырулар жаңа қиыншылықтар тудырып отыр. Қазақстанда бүгінгі күні салық заңының нормаларын сақтау 60% шамасында болып отыр. Түрлі бағалаулар бойынша, салық төлеуден жалтару нәтижесінде мемлекет жыл сайын төлеуге тиісті міндетті төлемдердің 30-дан 40% - на дейін толық ала алмайды. Статистика көрсеткендей, Францияда салық мемлекеттік бюджет кірістерінің 95% — ын, АҚШ — та — 90% - дан астамын, ГФР-да-80% - ға жуығын, Жапонияда-75% - ды құрайды. Қазақстанда бұл көрсеткіш 2008 жылы 56% - ға тең болды. Деректер көрсеткендей, жыл сайын салық қылмыстарының саны артып келеді. Ішкі істер органдарының салық қылмыстарын тергеу жөніндегі бөлімшелері 2003 жылы — 3546, 2004 жылы — 6 300, 2005 жылы тіркеген. — 8 891, 2006 жылы — 11 057, 2007 жылы-11 485, 2008 жылы - 12 364, 2009 жылы-13 567 қылмыс. Салық төлеуден жалтару фактілерінің сандық көрсеткіштерінің өсуіне қарамастан, осы түрдегі қылмыстарға қарсы күрестің тиімділігі төмен деңгейде. Сот органдары қозғалған қылмыстық істердің 10% - ы шегінде материалдарды қарайды, 90% - ға жуығы салық төлеушінің кінәсінің дәлелденбеуіне байланысты алдын ала тергеу сатысында тоқтатылады. Салықтық қылмысқа қарсы күрестің тиімділігіне теріс әсер ететін негізгі факторлар: салықтық қылмыстарды тергеудің қажетті қазіргі заманғы ғылыми негізделген әдістемелерінің әзірленбеуі; салықтық және қылмыстық

заңнаманың жетілдірілмеуі және соның салдарынан оның жекелеген ережелерін әрқелкі түсіндіру болып табылады. Осыған байланысты құқық қорғау органдарының алдында салық төлемеуге қарсы күресте жауапты міндеттер тұр. Яғни, дұрыс есептелінген, бюджетке толығымен және уақытында түсетін салық сомаларының 56 %-ы ғана қазынаға түсіп отыр. Алдыңғы қатардағы елдерде бұл көрсеткіш 90- 100 % мөлшерінде. Қазақстанның салық жинау бойынша қабілеттілігі «Үлкен Жетілік» елдерінің көрсеткіштерінен ғана емес, сонымен бірге, Африка, Оңтүстік-Шығыс Азия және Латын Америкасы елдерінің көрсеткіштерінен де едәуір төмен болып отыр.

Осыдан: «Неліктен Қазақстанда салық заңын сақтау деңгейі өте төмен болып отыр?» деген сұрақ туындайды. Оның ең басты себептері салық кодексінің мемлекеттің өнеркәсіптік саясатының талаптарына сай келмеуі, салық салу ставкаларының өте жоғары болуы және олардың елдегі өндірістің мүмкіндіктерін, өнеркәсіптің экономикалық- әлеуметтік жағдайын ескермеуі болып табылады.

Жалпы, салықтан жалтару заңды және заңсыз болуы мүмкін. Егер де тұтынушы оның тұтынатын тауарына акциз енгізгеннен кейін немесе акцизді көтергеннен кейін сол тауарды сатып алуды тоқтатса немесе оны аз мөлшерде сатып алатын болса, онда мұндай жағдайды заңды салықтан жалтаруға жатқызуға болады. Ал, егер де салық төлеуші салық салынуға тиісті объектісін жасыратын болса, мысалы, кеден бажын төлемеу мақсатында шекарадан жасырын түрде тауар өткізсе, аз табыс салығын төлеу мақсатында нақты табысын төмендетіп көрсететін болса, онда ол заңсыз салық төлеуден жалтаруға жатады. Заңды салықтан жалтарумен мемлекет тек қаржылық әдістерін пайдалана отырып күресу мүмкін, яғни, салық салынатын тауарды тұтыну қысқарған кезде акцизді төмендету, акциздік өндірістің техникасы ұлғайған кезде дайын өнімге салық салуды енгізу керек. Заңсыз жалтарумен тек қаржы аппаратын жетілдіру арқылы күресу керек, яғни, қаржы аппараты төлеушілердің салық бұзушылықтарын көбірек ашып, оларды тиісті жазалауға қабілетті болу керек.

Қазіргі кезде салықтан жалтарудың көптеген жолдары бар. Олар мына төмендегі нысандарда кездеседі [4, 72 б.]:

- заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің келіспеушілігі, салық заңы нормаларының қате түсіндірілуіне әкелетін нақты анықтамалардың жоқтығы, экономикалық және салықтық өзара қарым-қатынастар тәжірибесіне сүйене отырып жасалынатын заңдардың жоқтығы. Бұл жағдайда салық төлеуші уақытында салық декларацияларын тапсырып, салық органдарының талаптарын орындайды, бірақ та, нормативтік-құқықтық актілердегі кемшіліктерге байланысты табыстарын жасырады; – екіжақты бухгалтерияны жүргізу. Бұл жағдайда салық төлеуші салық органдарының барлық талаптарын дұрыс орындайды, бірақ та, салық органдарының қарсы тексерулерін аса қолданбайтындықтан, салық төлеушілердің ресми есеп берулерде сату көлемін және алған табыстарын төмендетіп көрсетуге мүмкіндік туады. Екіжақты жазуды ресми органдар үшін және өзінде жүргізеді. Біріншісінде – тек қызмет етуінің минимальді мүмкіндіктері, қызметінің минимальді нәтижелері көрсетіледі. Екіншісінде – шынайы, нақты, яғни бизнестің дамуына қажетті көрсеткіштер жазылады. – салық органдарында тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысу. Бұндай жағдайда кәсіпкерлер контрактілерде, келісімшарттарда, шот-фактураларда, банктік құжаттарында және т.б. құжаттарда ойдан шығарған кез келген СТН (салық төлеушінің тіркеу нөмірі) қояды да салық органдарында есеп бермейді және әдеттегідей олар ұзақ өмір сүрмейді; бюджетке төлейтін төлем қарыздары жинақталуы бойынша «салық органдарымен байланысын жоғалтқан төлеушілер категориясына өту. Салық төлеуші жұмыс істейді, салық бойынша есеп береді, бірақ бюджетке төлейтін төлемдерді төлемейді және олардың жинақталуы бойынша өз активтерін сатып, салық органдарымен байланысын жоғалтады. Әдетте, олар жалған адрестер мен жалған тұлға аттарын пайдаланады; – төлем көзінен ұсталынатын жеке табыс салығын төлемеу немесе толығымен төлемеу. Бұл жалтарудың түрі - шаруашылық субъектінің еңбекақыны натуралды түрде, яғни кәсіпорынның өзі шығаратын немесе бартер арқылы алынған өнімдермен төлеуімен байланысты болып отыр. Бұндай жағдайда натуралды түрде төленген еңбекақыны анықтау қиынға түседі.

– табыс жасыру мақсатында жалған тұлғаларға нарядтарды жазып беру арқылы еңбекақыны төлеуге кететін шығындарды көбейтіп көрсету; шегерістерді көбейту арқылы табыстарды жасыру

– өзіндік құнға кәсіпкерлік саласы басшыларының, жұмыскерлерінің тұтыну шығындарын енгізу жолымен жүзеге асырылады. Бұндай әдіс әлеуметтік және табыс салықтарын төлеуін үнемдеуге мүмкіндік береді. Фирманың есебінен «офисқа арналған үй-жайлар түрінде басшылардың пәтерлері ұсталынады, жиһаз, тұрмыстық техника сатып алынады, газеттер мен журналдарға жазылу жүзеге асырылады. «Фирмалық киім деген атпен өз игілігіне пайдаланылатын өте қымбат киімдерді сатып алуды жасыруға болады;

- жалған банкроттық. Бірнеше фирмаларды бірдей құрылтайшылар ашады да, біраз уақыттан кейін активтерді бір фирмадан екінші фирмаға аудара бастайды, ал содан кейін біріншісін банкрот деп жариялайды;

– жасалмаған операцияларға немесе бағасы жоғары етіп көрсетілген жөнелтпе құжаттар жазу. Бұл экономиканың кез келген саласына тән нәрсе және ол жалған бағаларды қолдану арқылы табысын төмендетіп көрсетуге жағдай жасайды. Бұл жерде қаржылық-шаруашылық қызметінен тапқан табысын төмендетуге мүмкіндік беретін, оларды бухгалтерлік кітаптарда бейнелеу үшін жөнелтпе құжаттары жазылады. Бұндай жалтарудың түрі ерекше қауіп келтіреді және оны кейбір жағдайларда анықтау қиынға соғады. Мысалы, егер де қызметтер шетелде көрсетілсе, әсіресе, белгілі бір мемлекеттерде (офшорлы), онда оны анықтау өте қиын болады;

– жалған тұлға аттарын пайдалану. Бұл жағдайда экономикалық қызмет ресми түрде бір тұлғаның атынан жасалынады да, іс жүзінде басқа біреумен жүзеге асырылады;

– жеке тұлғаларға қызмет көрсету мен тауарларды өткізу. Салықтан жалтарудың бұл нысаны едәуір кең таралған және оны алдын ала болдырмау өте қиын. Ол кішігірім коммерциялық кәсіпорындар арасында кездеседі. Жеке тұлғалармен тікелей байланыс – кәсіпорындарға жасалған мәміле үшін накладнойларды жазбай-ақ, тауарлар өткізуге, қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді. Бұндай жалтарудың халықаралық сипаты бар, өйткені көптеген тауарлар шетелден әкелінеді. Бұл жағдайда екіжақты салықтан жалтару көрінеді. Біреуі – импорт сатысында, екіншісі – сату сатысында. Кеден декларациясында көрсетілген іс жүзіндегі құны оның нақты құнынан біршама өзгеше болады.

Салық төлемдерін азайтуға бағытталған құқықбұзушылықтар өте кең таралған құбылыс. Дамыған капиталистік елдерде олар экономикалық құқықбұзушылықтар ішінде басты орын алады [5, 96 б.].

Салық төлеушілердің бұндай заңға қарсы іс-әрекеттері тек салықтардың жоғары болуынан емес, сондай-ақ, салық төлеушілердің жауапкершілігі сияқты факторларға байланысты туындайды.

Осы жағдайлардың барлығы «көлеңкелі экономиканы» тудырады. Шаруашылық субъектілерінің көбісі белгілі бір ережелерді бұзу арқылы ғана өмір сүріп отыр. Салық қызметкерлері әртүрлі себептерге байланысты бұл құбылыстарды толығымен бақылап отырған жоқ, ол себептерге: кадрлардың төмен деңгейдегі біліктілігін, жемқорлықтың болуын, салық қызметкерлері жалақысының төмен болуын және т.б.-ны жатқызуға болады. Сәйкесінше, салық салу ставкасы жоғарылаған сайын, кәсіпкерлердің заңды қызметі қаншалықты жылдам «көлеңкелі» салаға ауысып кететініне көзімізді жеткізуге болады.

«Көлеңкелі экономиканың» үлкен көлемі, ақша қаражаттарын басқа елдердің банк мекемелеріндегі шоттарына аударуы, кәсіпкерлік қызметтің нақты көлемін төмендету бойынша тырысуы, мүлік құнының жоғары болуы салықтық түсімдерді мемлекеттің бақылай алмауына әкеледі.

«Көлеңкелі бизнес» табыс әкелетін және мемлекеттік басқару органдарымен ресми түрде бақыланбайтын кез келген қызмет ретінде қарастырылады. Бұл қызмет салықтарды төлемеуге, қосымша табыстар табу мақсатында мемлекеттік мүлікті пайдалануға мүмкіндік береді. Осындай тіркелмеген шаруашылық қызмет – көлеңкелі экономика мемлекетке мүлдем кіріс әкелмейді. Қаражаттардың көлеңкелі жаққа өтіп кетуі, экономикаға, әсіресе

бюджеттің кіріс жағына едәуір залал келтіреді. Кейбір деректер бойынша, көлеңкелі жиынтық өнім Қазақстанның жалпы ЖІӨ-нің 40 %-ын құрайды.

Салықтық тәжірибе салықтық құқықбұзушылықтармен күресудің екі негізгі әдісін бөліп көрсетеді:

- 1) ескерту (превентивті шаралар);
- 2) жазалау (репрессивті шаралар).

Салық бұзушылықтар санын азайту үшін маңызды мәселе превентивті салық бақылауының саласын кеңейту болып табылады. Алдын ала ескерту шараларының кешені өзіне мыналарды қосады: салық төлеушілерге көрсететін әдістемелік кеңес беру көмегі, салық заңының өзгерістері туралы уақытында баспаларда шығарып тұру, едәуір жиі кездесетін және ауыр салықбұзушылықтар туралы жариялап отыру және т.б.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Порохов Е.В. Теория налоговых обязательств. - Алматы: Жеті жарғы, 2001.
- 2 Худяков А.И. Налоговое право Республики Казахстан. Общая часть: Учебник. - Алматы: ТОО»Издательство НОРМА-К», 2003.
- 3 Мельников В.Д., Ильясов К.К. Финансы. - Алматы, 2001.
- 4 Үмбетәлиев А.Д. Салық және салық салу: Оқулық. - Алматы, 2006.
- 5 Евстигнеев Е.Н. Основы налогообложения и налогового права: Учеб. пособие. - М.:ИНФРА-М, 2000.

ӘӨЖ 324

Ушбаева Гаухар Байбулатовна

«Мектепке дейінгі және бастауышқа дайындау»
кафедрасының студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі:

п.ғ.м., аға оқытушы **Сейдуалиева А.Н.**

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

ЗНАЧЕНИЕ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

THE IMPORTANCE OF ORGANIZING INDEPENDENT WORK OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы туралы айтылады. Автор, өзіндік жұмыстар арқылы өз бетімен дами алатын, қиындықтарға төзе білетін, белсенді, білімді, танымдық құзіреттіліктері қалыптасқан бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиеленеді деп қорытынды жасаған.

Тірек сөздер. Бастауыш сынып, оқушы, ата-ана, өзіндік жұмыс, оқыту үдерісі.

Аннотация. В статье раскрыта важность организации самостоятельной работы младших школьников. Автором сделан вывод, о том, что через самостоятельную работу воспитывается конкурентоспособная личность, способная самостоятельно развиваться, переносить трудности, активная, образованная, сформированы познавательные компетенции.

Ключевые слова. Начальный класс, ученик, родитель, самостоятельная работа, процесс обучения.

Abstract. The article reveals the importance of organizing the independent work of younger schoolchildren. The author concludes that through independent work, a competitive personality is brought up, able to develop independently, endure difficulties, active, educated, cognitive competencies are formed.

Keywords. Primary class, student, parent, independent work, learning process.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман: мұғалімге ХХІ ғасыр бәсекесіне сай, жан-жақты білімді, дарынды, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылатын жеке тұлғаны дайындауды міндеттейді. Мемлекеттің күшейіп гүлденуі жеке тұлғаға, яғни болашақ дарындыларға тәуелді екені сөзсіз.

Осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұлғада өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Олай болса, оқушының білім алу үдерісіндегі өзіндік пікірі мен ой-жүйесінің негізі бастауыш сатыда қаланатыны белгілі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының өзіндік білімін кеңейтуге деген алғашқы қадамы өз іс-әрекетіне басшылық жасай білуінен байқалады. Оған мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, оқушы ретінде өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруға жағдай жасау арқылы қол жеткізуге болады.

Өзіндік жұмыс дегеніміз - сабақ үстінде алған білімді мұғалімнің көмегімен және бақылауымен, бірақ оның қатысынсыз орындайтын жоспарлы жұмыс.

Қазақтың көптеген педагог –ғалымдары А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Көбеев оқушыларды өздігінен дамыту туралы құнды пікірлер айтты.

М.Жұмабаев оқыту үдерісінде қарапайымнан күрделіге көше отырып, өзбетінше білім алуға үйрету қажеттігін көрсетеді. Ол: бала заттарды, көріністерді ұқсаса сындары бойынша тап-тапқа бөліп үйренсін. Жеңілден ауырға көшіді естен шығармауға, керек көріністерді, ойлардың араларындағы байламды һәм олардың қайсысына себеп екенін тауып үйренсін. Бұл балаға мысалдардан ереже –заң шығарқызып үйрету сықылды істермен болады, -деп жазды. [1]

Профессор Т.С.Сабыров өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі жолдары мен шарттарын анықтай отырып былай деп көрсеткен: «Оқушылардың өздігінен білім алуға деген қажеттері мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды: мұндай қасиеттер мектепте мұғалім мен оқушылардың сабақ пен сабақтан тыс жұмыстарда бірлесе отырып, оқу-таным әрекетін ұйымдастыру үрдісінде қалыптасады». [2]

Оқушылардың әр түрлі деңгейдегі өзіндік жұмыстарды орындауы олардың өзіндік танымдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді: танып білу қабілеттерінің дамуына, өзіндік ойлауға талпынуға, жаңа жағдайда дұрыс бағыт-бағдар жасай алуға, өз ойын еркін, дәлелді жеткізуге, ақпаратты сыни бағалауға, жаңа дерек көздерін дәйектілікпен талдауға, танымдық құзіреттіліктерде басшылыққа ала білуін қамтамасыз етуге, өз Отанының саналы азаматы болып өсуіне көмектеседі. Оқушының өзіндік танымдық құзіреттілігі көбінесе оқушының жасына, шамасына, білімді қабылдай алу деңгейіне, дайындығына, ынтасына, қызығушылығына, түрлі деңгейдегі тапсырмаларға, мұғалім мен оқушы арасындағы дұрыс түсінушілікке, қарым-қатынасқа, мұғалімнің басшылығына байланысты. Мұндағы ең бастысы оқушы орындап отырған өзіндік жұмысының мазмұны мен сипаты онда танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыруға, тапсырмаларды орындауға деген талпынысты тудыру болып табылады.

Жүйелі түрде тиянақты тапсырмалар беру арқылы оқушы зейінін шоғырландырып, назарын нақтылы тақырыпқа аудару оларды ғылыми негізде ойлауға, өмірді танып-білуге, өзін-өзі дамытуға үйретеді. Мұғалім тарапынан берілген мазмұнды тапсырмаларды орындап, тиянақты білім алуға ұмтылады.

Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстармен қатар,

олардың өз еркімен жаңа амал – тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жаттығулары жатады.

Үйге берілетін өзіндік жұмыс оқушылардың өз бетімен білімді игеруіне және ата – ана мен мұғалімге оқушының жетістігін біліп отыруына, сондай – ақ баланың бос уақытын тиімді пайдалануына көмектеседі. Оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында сабақ барысында әр түрлі дидактикалық ойындар мен қызықты шығармашылық жаттығулар енгізіліп оқыту барысындағы тапсырма әдеттегіден өзгеше берілсе, оқушылар зор ынтамен орындап отырады.

Бастауыш сынып оқушылары екі түрлі қабілетпен әрекеттеніп дамып отырады. Атап айтсақ, біріншісі берілген оқу әрекеті арқылы дамып, білік, білім және дағдыны қабылдайды. Ал екіншісі - шығармашылық, бұл жағдайда оқушы тапсырмаларды орындау, мәселені шешу барысында өз бетімен әрекет жасайды. Сабақтар неғұрлым қызықты, тартымды болса, соғұрлым оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасы зор болып, оқу белсенділігі арта береді. Оқытудың маңызды әдістерінің бірі - өзіндік жұмыс түрлерін жасау.

Бастауыш сыныптарда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор. Себебі, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру нәтижесінде оқушылардың іс-әрекеттерінің дербестігі артып, танымдық қызығушылықтары қалыптаса түседі. Өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

- мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;
- жұмысты өз еркімен жасауы;

Өзіндік жұмыстардың маңызын түсіну үшін өзіндік жұмыстардың негізгі міндеттерін атауға болады:

- жеке тұлғаның дербестік қасиетін мейлінше арттыру;
- оқушылардың таным, ақыл-ой қабілетін дамыту;
- жеке тұлғаның дербестік қасиетін мейлінше арттыру; [3]

Өзіндік жұмыстар әртүрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы, жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу. Өзіндік жұмыстарды сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстар және отбасында орындалатын өзіндік жұмыстар деп қарастыруға болады. Сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстардың негізгі қызметін бақылау, тексеру болса, үйге берілетін өзіндік жұмыстар қызметі бекіту, жалпылай қорыту, нақтылап дәлелдеу болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар жеке тұлғаның еркін дамуын, ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар танымдық құзіреттіліктерін қалыптастырады, мінез-құлқындағы өзіндік менін қарастырады. [4]

Өздігінен істейтін жұмыстарда жеке тұлғаның іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдылығынан туатын толық дербестігі айқын көрінеді. Өздік жұмыстар оқушының дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Олай болса, қызықты сабақтар – мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, мақсат – мұраты және көтерілген белесі. Пәнді оқыту барысында тиімді әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқушылардың жаңа материалды оқып-үйренуге және оны игеруге деген қызығушылығын тудыру;
- оқушылардың оқу-танымдық қызметін (жоспарлау, жоспар бойынша әр түрлі іс-әрекеттер жасау, оның ішінде ойлау қызметін (талдау, зерттеу, жалпылау, модельдеу және т.б.), өзін-өзі бақылау және бағалауды жүргізу біліктігін қалыптастыру;
- оқуға деген ынтасын, пәнгедеген оң көзқарасы мен танымдық қызығушылығын, өздігінен жұмыс атқару дағдысын жетілдіру;
- оқушы өзін жеңімпаз ретінде сезіне алатындай тапсырмаларды әртүрлі күрделі дәрежеде орындату арқылы оқушылардың білімін саралауды ұйымдастыру;
- білімді дайын күйінде бермей, оқушының өзі ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды

орындауы арқылы жетуін ұйымдастыру;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытатын әр түрлі белсенді оқыту әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану;
- оқушылардың білім алу нәтижелерін талдап, бағалап, қорытындылау.

Оқыту үдерісінде осындай түрлі іс –әрекеттердің арқасында шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын ашық айта алатын, қоғамға, өндіріске белсене араласатын, жаңалыққа жаны құмар азамат қалыптасады.

Нәтижесінде, әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге тырысып, оқушының жеке қабілеттілігі айқындалады; іштей бір-бірінен қалмауға ұмтылады, әр бала шамасына қарай бағаланады да, кез келген қиыншылыққа төзуге, жеңуге икемденеді.

Қорыта айтсақ, жүйелі жүргізілген өзіндік жұмыстар арқылы өз бетімен дами алатын, қиындықтарға төзе білетін, белсенді, білімді, танымдық құзіреттіліктері қалыптасқан бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиеленеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев Педагогика Алматы, 1992 ж., 93б.
2. Т.Сабыров Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары Алматы, 1988ж., 105б.
3. Ахметова А. Бастауыш сыныптардағы өзіндік жұмыстардың маңызы // Бастауыш мектеп, 2008, №3, 4б.
4. Г.Сәдуақасқызы. Өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар.// Химия мектепте ғылыми педагогикалық журналы №3, 2019 жыл 13 б.

СОДЕРЖАНИЕ

Суюмагамбетов Данияр Каженова Асель Серикпаевна	Некоторые правовые аспекты института семьи и брака в Республике Казахстан	3
Zotke Angelina Vladimirovna Altynbekkyzy Arailym Zarkesheva A. E.	Overcoming of language barrier in translation activities	6
Сактаева Гулмира Абешовна	Қашықтықтан оқыту аясында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды тиімді қолдана отырып тілдік дағдыларын қалыптастырудың жолдары	10
Атымтаева Айгерим Мейрамханқызы Алдабергенова А.О.	Ашық білім беру контекстінде онлайн курс құруға арналған платформалардың мүмкіндіктері	14
Енбекова Мадина Еркебулановна АккуловРустем Турдалиевич	Сенімхат	19
Сарсенова Мадина Сериқовна Шаукерова З.М.	Бухгалтерлік және салық есебінің өзара байланысын тарихы	22
Сағынғали Тахмина Қуантайқызы АккуловРустем Турдалиевич	Заңды тұлғалар	27
Айтжан Арсен Жайляубекұлы АккуловРустем Турдалиевич	Өкілдік ұғымы мен маңызы	30
СенбиСандуғаш Султанбайқызы АккуловРустем Турдалиевич	Мәмілелер	33
ЖеңісбекАйзада Асқарқызы АккуловРустем	Міндеттемелік құқық	36

Турдалиевич

Қазыкен Толқын Хайруллақызы АккуловРустем Турдалиевич	Талап мерзімі	39
Маралбекқызы Алтынай Сұлейменова Жазира Азаматовна	Онлайн – тестирование – один из видов проверки знаний при дистанционном обучении	42
Темирбеков Асхат Серікұлы	Информационные технологии в цифровизации казахстана	47
МусиеваАқнұр Сауле Байдильдина Феллан	Семей қасіреті: құжаттар, визуалды контент және нарратив	52
Ахмедьярова Айгуль Нурслямовна Қ.Нағымжанова	Оқшылардың тұлғалық дамуындағы қарым-қатынас ерекшеліктері	57
Айтқожақ Ақмаржан Ермекқызы	Педагогикалық мониторинг және оның маңызы	60
Мустафина Бакытжан Султановна	Психологические особенности отношений в семейной системе без детей	63
Маралбекқызы Алтынай Алькеева Д.С.	Шекспирдің сонеттерін аудару кезіндегі қиындықтар	65
Маралбекқызы Алтынай Ыдырысова М.Ә.	Шет тілі сабағында аударма оқыту құралы ретінде	72
Абишева Камила Талгатқызы Ягмусова А.Ф	Коррупция: понятие, история появления и развития	77
Әбетова Гүлдана Ибрайханова А.Қ.	Айгүл Кемелбаева шығармаларының исламдық мотивпен сабақтастығы	81
Алматқызы Айым	Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы	84

Колумбаева З.Е.

Akshalova Zhanna Kayratovna KussainovaRaisa Esenovna	Formation of self-esteem in adolescence and the impact of the pace of family education	88
Қуанбекова Ақтоты Омарбекқызы	Балаларға арналған көркем шығармаларда синонимдер мен антонимдердің стильдік қызметі	93
Алиасқарова Жадыра Бекайдарқызы Абдикарим Н.	Қазақ және орыс халықтарының коммуникативтік мінез-құлықтарының ерекшеліктері	98
АлибекАскар Айкенова Р.А.	Влияние сленгов на речевую культуру современной молодежи	102
Алпамысова Айсулу Ернатовна Умирзакова Лязат Амантаевна	Киберпанк как рефлексия о будущем: в контексте японской анимации	105
Мекенова А.М. Умирзакова Лязат Амантаевна	Арт-терапия как метод преодоления эмоционального стресса	108
Дюсембаев А.К	Омонимді оқытудың методикалық негіздері	111
Ахметжанов С.Н. Искаков Б.М.	Основные факторы формирования информационной экономики	116
Ахметов Алишер Аскарлович Ягмусова А.Ф	Правовое государство и гражданское общество	119
Аштаев Алишер Ергалиевич Тулегенова Ж.У.	Компанияның жарнамалық қызметіндегі интернет-маркетинг құралдары	122
Бағыбаева М.С. Иргебаева Н.М.	Оқу орнындағы эмоционалдық күйдің әртүрлі деңгейдегі оқытушылардың копинг тәртiбiнiң ерекшелiктерiн зерделеу	126

БайкановаК. Шаяхметова К.О.	Финансовая кибербезопасность банков второго уровня казахстана: уязвимость и угрозы	131
Бақтыгереева Айдана Ришатқызы Махатова В.Е.	Шешім қабылдауды қолдаудың интеллектуалды ақпараттық жүйесі	133
Барлыбаева Гульден Жасулановна Яғмусова Акерке Файзуллақызы	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің психологиялық деформациясы	138
Бекішева Айкен Асқарова А.Ш.	Махамбеттің бейітін тапқан...	144
Буркутова Камила Маратқызы Яғмусова Акерке Файзуллақызы	Право на жизнь и смертная казнь: проблемы конституционно-правового регулирования	146
Камова Е.Д. Новиков Г.В. Мамонтова И.Ю.	Влияние пандемии covid-19 на развитие экономических процессов в России	149
Водоватова Полина Иванова Яғмусова Акерке Файзуллақызы	Реалии и проблемы гендерной политики РК	152
Yerdenov D.Ye. Kussainova R.E.	Using the concept of integrated marketing communications in tourism	155
Даулет Сая Асқарова А.Ш.	Латын әліпбиіне көшу	158
Даулетова Аружан Даулетовна Асқарова А.Ш.	Мағжанның жұмбақ өлімі	162
Джумабаева Канымжан Канатовна Абдикарим Н.	Үштілдік хабарландырулар мен ескертпелердің ерекшелігі	166
Еқсатова Әсемгүл	Д. Исабеков шығармаларындағы ауыл адамдарының бейнесі	169

Ерланқызы Асқарова А.Ш.		
Оразгелді Ернұр Амангелдіұлы Енсебаева А.Р.	Адамның жасы қылмыстың арнайы субъектісінің белгісі ретінде	173
Оразгелді Ернұр Амангелдіұлы Енсебаева А.Р.	Есі дұрыстық - қылмыс субъектісінің міндетті белгісі ретінде	178
Жаксылыкова Камила Абжаков Т.Д.	Деловые игры на занятиях по русскому языку	182
Жакиянова Г. Қ.	Қазіргі қазақ поэзиясының арнау өлеңдеріндегі ұлттық метафоралардың әдеби-тарихи көркемдік ерекшеліктері	187
Гаухар Жасыбаева Бақтыкенқызы Алдабергенова А.О.	Оқу мақсатындағы web-сайттарды жасауға қойылатын талаптар	190
Жекен Нұрбибі Нұрғалиқызы Сыдықназаров М.Қ	Ақпаратқа қол жеткізу – адам құқықтарын сақтаудың негізі ретінде	195
Илесова Жібек Айтбайқызы Колумбаева З.Е.	Алаш көсемі-Әлихан	198
Жолдыбекова Жанна Болатхановна Тулегенова Ж.У.	Цифрлық маркетинг - кәсіпорынның маркетингтік стратегиясын жақсарту мақсатында қолданылатын тиімді құрал	202
Жуматаева Назым Мейрамқызы Өмірзақова А.Р.	Медиа-саяси аударма (45-ші президент Дональд Трамптың twitter сайтындағы жарияланымдары мысалында)	206

Имангельдинова Адель	Юридические лица	209
Смоилов Самат Жумагалиевич		
Исабекова Аяулым Серікқызы Ақтиярова Раушан Мақсутқызы Абдикарим Н.	Әлеуметтік-құқықтық комментарийлардың ақпараттың шынайлығын анықтаудағы рөлі	211
Исагулов Мирас Нұрболатұлы Қарымсақов Р.Ш.	Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар: түсінігі, пайда болу шарттары	215
Исагулов Мирас Нұрболатұлы Қарымсақов Р.Ш.	Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар: криминалистік қарсы іс-қимыл шаралары	221
Қанатұлы Айдын Асанбаева Сауле Яғмусова Акерке Файзуллақызы	Қазақстан Республикасының прокуратура туралы заңнамасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бөлігіндегі жай-күйінің проблемалары	225
Бүркітбаева К. Е. Абикенов М. Т.	М.Әуезов шығармаларындағы тілдік құбылыстарды оқытудың негізгі сипат – белгілері	229
Имангазиева Айгерим	Ауызекі сөйлеу стиль мәселелері	233
Исатаева С.	Қазіргі қазақ тіл біліміндегі тұрақты сөз тіркестерінің ішкі мағыналық ерекшеліктері	237
Бүркітбаева К. Е. Абикенов М. Т.	М. Әуезов шығармаларындағы мақал-мәтелдерді оқыту жолдары	240
Имангазинова Әйгерім	Қазіргі қазақ әңгімелерінің виртуальдық және мистикалық сипаты	243

Колумбаев Қазыбек Колумбаева З.Е.	Алаш алыбы – Әлихан Бөкейхан туралы 15 томдық зерттеу еңбегі	247
Қалмырза Б. Н. Искаков Б.М.	Пути совершенствование развития персонала в РК	250
Қанатқызы Мәдина Ягмусова Акерке Файзуллаевна	Қазақстандағы цифрландырудағы ақпараттық технологиялардың өзекті мәселелері және оңтайландыру жолдары	255
Қанатұлы Айдын Асанбаева Сауле Ягмусова Акерке Файзуллаевна	Қазақстан Республикасының прокуратура туралы заңнамасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бөлігіндегі жай-күйінің проблемалары	259
Бектаров Тұрарбай Мұратұлы Абралиев Ж.Ж.	Қазақстан Республикасының қаржы құқығының жүйесі	265
Қанатова Жанар Қырықбайқызы	Қашықтықтан оқыту технологиялары қолдану арқылы студенттердің өздігінен білім алу дайындығын қалыптастыру	269
Мустафина Арайлым Амантаевна	Оқушылардың тұлғалық дамуындағы қарым-қатынас ерекшеліктері	273
Сәтінбек Зият Берікұлы	Жастардың құндылықтарын қалыптастырудағы ж.аймауытовтың педагогикалық-психологиялық идеяларының маңызы	277
Әбдіреева Гүлжанат Ерболатқызы	Бастауыш мектептегі сабақтарда сыни ойлауды дамыту технологиясы	280
Карқабаева Назгуль Мамановна	Балабақшаға балаларды бейімдеудің педагогикалық-психологиялық шарттары	283
Молдатаева Айгуль Бегалиевна	Отбасылық жанжалдың психологиялық факторлары	285

Оспанова Гульдана Бейсеновна	Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың танымдық психикалық процестердің диагностикасы	288
Боран Аружан Мамбеткеримкызы Нағымжанова Қ.М.	Психологиялық денсаулыққа әсер етуші факторларды әлеуметтік тұрғыдан зерттеу ерекшеліктері	292
Асангазы Айдана Ербулатқызы Иманбаев Серик Марденович	Система учреждений и органов, исполняющих наказание	296
Кабилжанова Шара Бауржанқызы Иманбаев Серик Марденович	Взаимодействия учреждений и органов, исполняющих наказания, с другими органами государства.	303
Мұрал Ардагер Болат А.	Электрондық оқулық жасау және пайдалану технологиясы	308
Камидолла Аружан Мұратова Алтын Наурызбайқызы	Тілдегі бейвербалды амалдардың қолданысы	310
Хасым Елдар Муратулы Қапсәлімов Қ.Ж.	Бөтеннің мүлкін ұрлауды тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері	314
Оспанова Гулдана Бейсенова Жиентаева Бегайым Жиентайқызы	Қазіргі мектептерде оқушыларының шығармашылық дарындылығын дамытудың ғылыми негіздері	317
Актаев Жандос Берикович Карипова А.И.	Пропорционалды-мажоритарлы сайлау жүйесін еңгізу барысында заңнаманы тиімді өзгерту мәселелері	321
Маратова Қарашаш Маратқызы Қапсәлімов Қ.Ж.	Салықты төлеуден жалтарудың алдын алу жолдары	323
Ушбаева Гаухар Байбулатовна Сейдуалиева А.Н.	Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы	329

МАТЕРИАЛЫ
ХІІІ Международной научно-практической конференции
докторантов, магистрантов и студентов
«МОЛОДЕЖЬ, НАУКА, ОБРАЗОВАНИЕ: АКТУАЛЬНЫЕ
ВОПРОСЫ, ДОСТИЖЕНИЯ И ИННОВАЦИИ»,
посвященной 150-летию со дня рождения
казахского просветителя и общественного деятеля Ахмета
Байтұрсынова
ТОМ I

Қазақ ағартушысы және қоғам қайраткері Ахмет
Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған
«ЖАСТАР, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР,
ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР»
атты докторанттар, магистранттар және студенттердің
ХІІІ Халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

ТОМ I

Редакционно-издательский отдел
университета «Туран-Астана»
Наш адрес: Казахстан, Акмолинская обл., г. Нур-Султан,
ул. Ы. Дукенұлы, 29, РИО университета «Туран-Астана»
www.turan-astana.kz
Подписано в печать 18.04.22г. Объем 2,25 п.л. Тираж 50 экз.
Заказ № 23
«Туран-Астана» университетінің баспаханасында басылған
Отпечатано в типографии университета «Туран-Астана»

